







ISSN 2072-0297

МОЛОДОЙ




СПЕЦВЫПУСК

УЧЁНЫЙ

ежемесячный научный журнал



Synthetic rubber



13.3

2015



ISSN 2072-0297

Молодой учёный

Научный журнал

Выходит два раза в месяц

№ 13.3 (93.3) / 2015

Спецвыпуск

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Главный редактор: Ахметова Галия Дуфаровна, *доктор филологических наук*

Члены редакционной коллегии:

Ахметова Мария Николаевна, *доктор педагогических наук*

Иванова Юлия Валентиновна, *доктор философских наук*

Каленский Александр Васильевич, *доктор физико-математических наук*

Куташов Вячеслав Анатольевич, *доктор медицинских наук*

Лактионов Константин Станиславович, *доктор биологических наук*

Сараева Надежда Михайловна, *доктор психологических наук*

Авдеюк Оксана Алексеевна, *кандидат технических наук*

Айдаров Оразхан Турсункожаевич, *кандидат географических наук*

Алиева Тарана Ибрагим кызы, *кандидат химических наук*

Ахметова Валерия Валерьевна, *кандидат медицинских наук*

Брезгин Вячеслав Сергеевич, *кандидат экономических наук*

Данилов Олег Евгеньевич, *кандидат педагогических наук*

Дёмин Александр Викторович, *кандидат биологических наук*

Дядюн Кристина Владимировна, *кандидат юридических наук*

Желнова Кристина Владимировна, *кандидат экономических наук*

Жуйкова Тамара Павловна, *кандидат педагогических наук*

Жураев Хусниддин Олтинбоевич, *кандидат педагогических наук*

Игнатова Мария Александровна, *кандидат искусствоведения*

Коварда Владимир Васильевич, *кандидат физико-математических наук*

Комогорцев Максим Геннадьевич, *кандидат технических наук*

Котляров Алексей Васильевич, *кандидат геолого-минералогических наук*

Кузьмина Виолетта Михайловна, *кандидат исторических наук, кандидат психологических наук*

Кучерявенко Светлана Алексеевна, *кандидат экономических наук*

Лескова Екатерина Викторовна, *кандидат физико-математических наук*

Макеева Ирина Александровна, *кандидат педагогических наук*

Матроскина Татьяна Викторовна, *кандидат экономических наук*

Матусевич Марина Степановна, *кандидат педагогических наук*

Мусаева Ума Алиевна, *кандидат технических наук*

Насимов Мурат Орленбаевич, *кандидат политических наук*

Прончев Геннадий Борисович, *кандидат физико-математических наук*

Семахин Андрей Михайлович, *кандидат технических наук*

Сенцов Аркадий Эдуардович, *кандидат политических наук*

Сенюшкин Николай Сергеевич, *кандидат технических наук*

Титова Елена Ивановна, *кандидат педагогических наук*

Ткаченко Ирина Георгиевна, *кандидат филологических наук*

Фозилов Садриддин Файзуллаевич, *кандидат химических наук*

Яхина Асия Сергеевна, *кандидат технических наук*

Ячинова Светлана Николаевна, *кандидат педагогических наук*

АДРЕС РЕДАКЦИИ:

420126, г. Казань, ул. Амирхана, 10а, а/я 231. E-mail: info@moluch.ru; <http://www.moluch.ru/>.

Учредитель и издатель: ООО «Издательство Молодой ученый»

Тираж 1000 экз.

Отпечатано в типографии издательства «Молодой ученый», 420029, г. Казань, ул. Академика Кирпичникова, 26

Журнал зарегистрирован Федеральной службой по надзору в сфере связи, информационных технологий и массовых коммуникаций.

Свидетельство о регистрации средства массовой информации ПИ № ФС77-38059 от 11 ноября 2009 г.

Журнал входит в систему РИНЦ (Российский индекс научного цитирования) на платформе elibrary.ru.

Журнал включен в международный каталог периодических изданий «Ulrich's Periodicals Directory».

Ответственные редакторы:

Кайнова Галина Анатольевна

Осянина Екатерина Игоревна

Международный редакционный совет:

Айрян Заруи Геворковна, кандидат филологических наук, доцент (Армения)

Арошидзе Паата Леонидович, доктор экономических наук, ассоциированный профессор (Грузия)

Атаев Загир Вагитович, кандидат географических наук, профессор (Россия)

Бидова Бэла Бертовна, доктор юридических наук, доцент (Россия)

Борисов Вячеслав Викторович, доктор педагогических наук, профессор (Украина)

Велковска Гена Цветкова, доктор экономических наук, доцент (Болгария)

Гайич Тамара, доктор экономических наук (Сербия)

Данатаров Агахан, кандидат технических наук (Туркменистан)

Данилов Александр Максимович, доктор технических наук, профессор (Россия)

Демидов Алексей Александрович, доктор медицинских наук, профессор (Россия)

Досманбетова Зейнегуль Рамазановна, доктор философии (PhD) по филологическим наукам (Казахстан)

Ешиев Абдыракман Молдоалиевич, доктор медицинских наук, доцент, зав. отделением (Кыргызстан)

Игисинов Нурбек Сагинбекович, доктор медицинских наук, профессор (Казахстан)

Кадыров Кутлуг-Бек Бекмурадович, кандидат педагогических наук, заместитель директора (Узбекистан)

Кайгородов Иван Борисович, кандидат физико-математических наук (Бразилия)

Каленский Александр Васильевич, доктор физико-математических наук, профессор (Россия)

Козырева Ольга Анатольевна, кандидат педагогических наук, доцент (Россия)

Колпак Евгений Петрович, доктор физико-математических наук, профессор (Россия)

Куташов Вячеслав Анатольевич, доктор медицинских наук, профессор (Россия)

Лю Цзюань, доктор филологических наук, профессор (Китай)

Малес Людмила Владимировна, доктор социологических наук, доцент (Украина)

Нагервадзе Марина Алиевна, доктор биологических наук, профессор (Грузия)

Нурмамедли Фазиль Алигусейн оглы, кандидат геолого-минералогических наук (Азербайджан)

Прокопьев Николай Яковлевич, доктор медицинских наук, профессор (Россия)

Прокофьева Марина Анатольевна, кандидат педагогических наук, доцент (Казахстан)

Рахматуллин Рафаэль Юсупович, доктор философских наук, профессор (Россия)

Ребезов Максим Борисович, доктор сельскохозяйственных наук, профессор (Россия)

Сорока Юлия Георгиевна, доктор социологических наук, доцент (Украина)

Узаков Гулом Норбоевич, кандидат технических наук, доцент (Узбекистан)

Хоналиев Назарали Хоналиевич, доктор экономических наук, старший научный сотрудник (Таджикистан)

Хоссейни Амир, доктор филологических наук (Иран)

Шарипов Аскар Калиевич, доктор экономических наук, доцент (Казахстан)

Художник: Шишков Евгений Анатольевич

Верстка: Голубцов Максим Владимирович

На обложке изображен Сергей Васильевич Лебедев (1874–1934) — русский учёный-химик, основоположник промышленного способа получения синтетического каучука.

Статьи, поступающие в редакцию, рецензируются. За достоверность сведений, изложенных в статьях, ответственность несут авторы. Мнение редакции может не совпадать с мнением авторов материалов. При перепечатке ссылка на журнал обязательна. Материалы публикуются в авторской редакции.

СОДЕРЖАНИЕ

Әбілқасов Ғ. М., Абылқасова Г. М., Сарсенбеков Н. Ж. Қазақ ақын-жырауларының даналық ой- толғамдары 1	Кожухова М. М., Шорманбаева Д. Г. Ұлтаралық қылмыскерлік ұғымы және қоғамдық қауіптілігі30
Әбілқасов Ғ. М., Әбілқасова Г. М. Даналық ойдың көсемі, ұлт кемеңгері-Әйтеке би4	Қусайнова М. А., Тусупова М. М. Ұлттық ойындар арқылы баланың тұлғалық қасиетерін дамыту жолдары33
Абсиметов В. Э., Калмагамбетова А. Ш., Аяпбергенова Б. Қималары ұзындығы бойынша өзгерілетін құрылыс конструкцияларындағы коррозиялық зақымдар әсерін есепке алу..... 6	Мұрат Х. Ә. Төле би — әйел теңдігінің жаршысы.....35
Байпелова Г. С. Бұқар жырау поэзиясының өнегесі 9	Мұсаева Ж. Т., Төлеуова М. Ө. Қылмыстылықпен күресуде қылмыстылықтың алдын алуды ұйымдастыру жүйесі38
Балгожин М. А., Темиржанова Ш. М. XVIII ғ. Қазақ қоғамының Үш орда (жүздік) құрылымы11	Нуржанова К. К., Тусупбекова Э. К., Оспанова Г. Е. Көптілді тұлғаны қалыптастыру — бүгінгі күннің талабы.....40
Беркінбекова А. М. Қазақ дүниетанымындағы сөз құдіреті14	Онайбаева З. К., Змазнева Е. А. Мінез-құлқында қиындығы бар оқушылардың жеке ерекшеліктері және оларға себепші болатын факторлар43
Джалилов К. Ш., Сарсенбеков Н. Ж. Қаз дауысты Қазыбек-қазақ даласындағы ұлы феномен ретінде.....16	Ошанов Н. З., Нұрман Б. Ғ., Макалаков Т. Ж. Евразия көшпенділерінің әскери — саяси өміріндегі аңшылықтың маңызы.....46
Жакишева Г. С., Мусабекова А. С. Білім беру саласындағы тәрбие процесінің қарама-қайшылықтары18	Садвакасова Р. М. Қазіргі қоғамдағы саяси партиялардың мәні мен міндеттері.....49
Қалыбекова Қ. С., Хамзина Қ. М., Ныгметова Н. Т., Сағатова Г. Қ. Аңызға айналған данышпан20	Сейітжан М. Б., Жұматаева Ж. М. Қазақ би-шешендерінің асыл мұрасы.....52
Касимова С. С., Ушакова К. В., Беркинбекова А. М. Сәкен Сейфуллиннің кеңестік реформаларға қарсы күресі.....24	Тусупбеков Ж. А., Мусаева Ж. Т. Шал ақынның шығармасындағы діни-этикалық мәселелер.....54
Касимова Л. Ж., Тулеутаева Ж. М., Махметова Г. Ш. Моноатомдық балқытпалардағы рет және ретсіздік27	Тусупбекова Э. К., Нуржанова К. К., Жетпісбай Ш. А., Кулейменова Л. М. Болашақ мамандардың кәсіптік мәдениетін қалыптастырудың негізі56

Қазақ ақын-жырауларының даналық ой-толғамдары

Әбілқасов Ғабиден Мәжитұлы. (Қазақстан) п.ғ.м., ҚарМТУ.

Абылқасова Гүлзада Мәжитқызы. (Қазақстан) № 81 орта мектебінің оқытушысы

Сарсенбеков Нурсултан Жумабекулы., з.ғ.м., ҚарМТУ.

Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің сонау көне заманнан бері жасап келе жатқан халықтық туындылары аз емес. Сан салалы өлең-жыр, философиялық терең негізгі ойға құрылған асыл сөз үлгілері — жыр-толғаулар, асқақ ән, сәнді де сазды төгілген күй — көркем өнер саласындағы халық мұрасының асыл куәсі. Дәуірлік мәні бар философиялық терең сырлы жыраулық поэзия туындылары, әдеби шығармалар — халқымыздың мәдени мол мұрасы, байлығы.

Әрбір халықтың рухани байлығы — ғасырлар бойы даму тарихында жасалған, ұрпақтан-ұрапаққа ауысып отыратын мирас. Басқа халықтар сияқты, қазақ халқының да өзіне тән тарихи басынан кешкен кезеңдері, өрлеу сатылары, әрбір дәуірге лайық мәдени мұрасы, асыл өнері бар [1,14]. Адамзат ақыл-ойы туғызған небір ғажайыптар ішіндегі уақыт сынына төтеп беріп, адамзатпен жасасып, келе жатқан ең көне, ең бір күдіретті өнер — ол сөз өнері. Дүниені билейтін — сөз, сөзді билейтін — атақты шешендер, би-көсемдер, ақын-жыраулар екені әлімсақтан белгілі жай [2].

Халқымыз қалдырған көркем сөз өнері баға жетпес мол қазына. Оның ішінде қамал бұзар қаһарлысы да, шебер қиылысқан қисындысы да, нөсердей құйылған төкпе туындысы да мол. Асылды жасықтан айыра білген халық шешендерінің аузынан шыққан философиялық түспалдар мен нақылдар өмір ережесіндей ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, адамгершілік үшін қызмет етіп келеді.

Өшпес, өлмес мұрамыздың мол бір саласы — мақал — мәтел, шешендік сөздер, саналы да салмақты жыраулар қалдырған философиялық терең ойлы толғаулар мен арнаулар, ерлік эпикалық жырлар, жыраулар дәстүрін жаңарта, жақсарта жалғастырған төкпе ақындардың философиялық өнегеге толы поэзиясы.

Қазақтың шын мәніндегі авторлы әдебиеті осы аталған жырау — шешендер мен төкпе ақындар творчествосының өркендеуіне байланысты. Халқымыздың даналығы мен саналылығының айқын көрінісі, оның бай ауыз әдебиеті десек, оның ең алғашқы туғызушысы да, жетілте жырлап, талай ғасырлардан аман алып шығып, кейінгі ұрпақтың қолына аман табыс етушісі де жезтаңдай жыраулар мен адуын ақпа ақындар.

Жыраулар — сөз өнерінің ілкі авторлары, ақындыққа жол ашқан асыл сөз шеберлері, халықтың шешендікпен ұштасқан ойлы — сырлы толғау, арнау, термелер мен эпостық жырлардың бастау бұлақтары [1,14].

Поэзия — өнердің көне түрі. Адам өмірінің қатқабат қыры мен сыны, қуанышы мен қайғысы, арманы

мен мұраты — баршасы поэзияда барлық бояумен, сан-қилы философиялық терең де сырлы ою-өрнегімен көрініс табады. Қазақ халқының бай ауыз әдебиеті мұрасының дені — поэзиялық шығармалар. Көне қазақ поэзиясы өлең, толғау, ғашықтық жырлар, айтыс, батырлар жыры, қисса, т.б. түрінде жеткен. Қазақ халқының ғасырлар бойы жасаған рухани мәдениетінің маңызды бір саласы ақын-жыраулардың жарыққа шығарған философиялық өнегеге толы өлең-жырлары болып саналады. Бұлар қазақ мәдениеті мен әдебиетінің аса маңызды мұралары.

Ақын-жырауларды қазақ халқы ақылгөй атадай ардақтап, олардың ақыл-нақыл тұжырымдарын ынталы ықыласпен тыңдап қадір тұтады. Өлең-жырларында Отанды, халықты сүю, елдің береке-бірлігін сақтау, әділетті жақтау, жамандық-пасықтыққа қарсы тұру сияқты адамгершілік дәріптеліп отырды. Ақын-жыраулар халықтың мұңын мұндап, жырын жырлады.

Ақын-жыраулар халық басына келген қайғыға да, ел басына ауыр күн туғанда шапқыншы жауларға қарсы жан аямай күресіп, елін қорғаған ерлерді дастан етіп жырлап отырды.

Біз алдымен жыраулар шығармашылығы мен поэзиясына кіріспестен бұрын жыр, жырау, толғау деген сөздердің мағынасын ашып алайық. Жыр (көне түркі тілінде-иыр) — 1) кең мағынада, поэзиялық шығармалардың жалпы атауы. Көне түркі тіліндегі «иыр» сөзі де қазіргі «поэзия» терминінің мағынасында қолданылған. Бұл атау дәл осы мағынада қазіргі қарақалпақ, қырғыз, ноғай, қарашай, балқар, башқұрт, татар, т.б. түркі тілдерінде әлі күнге дейін қолданылады; 2) тар мағынада-қазақ халық поэзиясындағы 7–8 буынды өлең өлшемі, поэзиялық шығарма жанры. Қазақ ауыз әдебиетіндегі батырлар жыры, тарихи жырлар, лиро эпостық жырлар, жоқтаулар, жыраулар поэзиясы, толғаулар, термелер, т.б. түгел дерлік поэзияның осы өлшемдегі үлгісіне құрылған [3, 238].

Жырау — өз жанынан жыр шығарып айтатын және эпикалық дастандар мен толғауларды орындайтын халық поэзиясының өкілі. Жырау атауы «жыр» сөзінен туындайды. Махмұт Қашқари жырау сөзін «йырағу» — деген өлең шығарушы, музыкант деп түсіндіреді. Дәстүрлі қазақ қоғамында жыраулар қазақ халқының рухани көсемі, қоғамдық пікір қалыптастыратын қайраткер рөлін атқарады. Жыраулар жаугершілік заманда жорықтарға қатысып, кейде, батыр, қолбасы бола жүріп, ел қорғау азаматтық тақырыптарға арналған өлең-жырлар туғызған.

Жыраулар қолданған көркемдік тәсілдер оның поэзиясының ішкі мазмұнына орайлас. Әйткенмен жырау бағзы замандардың өзінде, ең алдымен, сөз зергері ретінде танылды. Туындылары адам көңілін дөп басар әсерлігімен, мiрдiң оғындай өткiрлiгiмен, аз сөзге көп мағына сыйғызған нақтылығымен, қиыннан қиыстырған көркемдiгi және қуатты серпiндiлiгiмен ерекшеленедi. Жыраулық қызмет көшпелiлер арасында ежелгi арий (абыз — дар), сак, гүн дәуiрлерiнен бастап жоғары бағаланған. Түркi қағанатының тарихын тасқа қашап жазған Иолық тегiн, оғыздардың ұлы озаны Қорқыт ата көшпелiлер қоғамында үлкен рөл атқарған. Ал кейiнгi қазақ әдебиетi тарихында жыраулар шығармалардағы үлкен бiр кезеңдi камтиды.

Жыраулық поэзия — 15–18 ғасырлардағы қазақтың халық поэзиясы. Бiздiң дәуiрiмiзге, негiзiнен, ауызша жеттi. Жыраулық поэзияның алғашқы өкiлдерi, кезiнде бүкiл Дештi Қыпшаққа даңқы жеткен Қодан Тайшы, Сыпыра жырау, Асан қайғы, Қазтуған жыраулар жаңа әдебиеттiң iзашарлары ғана емес, көне мұраны жалғастырушылар деп те саналады [3, 238].

Жыраудың ең сүйiктi жанры-толғау. Толғау, осы сөздiң өзiнен де көрiнетiндей, толғану, толғаныс деген ұғымды бiлдiредi. Бұл сөздiң ойға да, сезiмге де қатысы бар. Сондықтан да толғаудың өзiн ойға құрылған толғау, сырға құрылған (лирикалық) толғау деп жiктеуге болар едi.

Ой толғауларда жырау-ең алдымен философ. Мұндай толғаулар нақыл, тақпақ, афоризм түрiнде келедi. Атақты жыраулардың толғауларында кездесетiн афористiк сөздердiң көбi мақал-мәтелге айналып кеткен. Сонымен бiрге жырау өзiнiң замана жайындағы түйгендерiн мораль, этика хақындағы ойларын баяндайды, қоғамдық мәселелердi көтередi.

Қазақ жыраулар поэзиясының көрнектi өкiлi Асанқайғы Сәбитұлы (XIV–XV) Едiл бойында дүниеге келген.

Асанқайғының “Жерұйық” iздеуiне қатысты айтылатын аңыздардан да халықтың бас құрап, iрге орнықтырып, ел болу қамын ойлауда оған шешушi мiндеттiң жүктелгенi байқалады.

Асан аты халық арасына ертеден қанықты болса да, оның өзi тұлғасы тым көмескiленiп, бұлдыр сағымға айналып кеткен болатын. Әрi мемлекет қайраткерi, әрi философ, ақын, халықтың қамын ойлап, қабырғасы қайысқан ер-азаматтың тұлғасы оның сөздерiнен жарқырап көрiнедi. Қазақ халқының тарихындағы аласапыран, алмағайып дәуiрдiң ақиқатын көркемдеп айта бiлген, елiне өшпес өнеге, кемел кеңес қалдырған. Асанды данышпан философ-ақын десек артық айтылғандық болмайды. «Таза мiнсiз асыл тас, су түбiнде жатады. Таза мiнсiз асыл сөз, ой түбiнде жатады. Су түбiнде жатқан тас, жел толқыса шығады. Ой түбiнде жатқан сөз, шер толқытса шығады».

Бұл жолдарды дүние жүзiнде аты мәшһүр дүлдүл ақындардың қайсысының да шығармасымен қатар қоюға болады.

Асан айтқан шешендiк, тапқыр сөздер, Асан айтқан философиялық негiзге толы толғау жырлар, әрине, өте

көп болған. Бiзге соның кейбiр нұсқалары ғана жетiп отыр. Асан сөздерiнiң денi:

«Құйрығы жоқ, жалы жоқ құлан қайтiп күн көрер, аяғы жоқ, қолы жоқ жылан қайтiп күн көрер. Жалаң аяқ байпаңдап қаздар қайтiп күн көрер, шыбын шықса, жаз болып таздар қайтiп күн көрер», — iспеттес нақыл, толғау түрiнде келсе керек. Бұл жолдардан адам тағдыры ғана емес, жан иесi мақұлықтардың бәрiнiң тiршiлiгi толғантқан, көне заманда өмiр сүрген көне философ-гуманисттердiң типiндегi ойшыл ретiнде танылады. Кейiн аңызға айналып, аты ұрпақ аузында құрметпен аталған адам теңiздеi терең ақылдың иесi болғандығы күмәнсiз [4, 29].

Қазақ әдебиетi төлбасыларының бiрi — Қазтуған жырау Сүйiнiшұлы.

Қазтуған — iрi эпик, ерлiк жырларын шығарушы жорық жырауы, әрi нәзiк лирик ақын болған. Қазтуған өз артына өмiр туралы, атамекен, туған ел жайлы және әскери тақырыптағы сан алуан мазмұнды туындылардан құралған мол философиялық әдеби мұра қалдырды. Бұлардың денi сақталған. Қазтуғанның бiздiң дәуiрiмiзге жеткен жырлары табиғат арасындағы көшпендiнiң болмыс, тiршiлiк, өзiн қоршаған орта туралы түсiнiгiн бейнелейдi. Жырау қиялының байлығы, суреттеу тәсiлдерiнiң кемелдiгi мен әсемдiгi көне дәуiрдегi қазақ поэзиясының биiк өресiн, өзiндiк сыйпатын танытады. Қазтуғанның ұлттық бояуы қанық, афоризмдерге, көркем тiркестерге бай, өр рухты толғаулары туған әдебиетiмiздiң таңдаулы үлгiлерi қатарына жатады. Қазтуған Сүйiнiшұлының тек қана ақындығын ғана бiз айтпай-ақ, ол өз заманының әрi батыры, әрi күйшi, әрi биi, әрi дiлмар шешенi болған. Мұның бәрi өзi туралы бiр толғам жырдан айқын көрiнiп тұр:

«Бұлт болған айды ашқан, мұнар болған күндi ашқан, мұсылман мен кәуiрдiң арасын бұзып өтiп дiндi ашқан — Сүйiнiшұлы Қазтуған!!!» [5, 28]. Бұл нағыз керемет терең ойлы да, «таза далалық поэзия!», — дейдi жазушы әрi зерттеушi Мұхтар Мағауин. Иә, бұл жолдар тек қазақ тiлiнде ғана сұлу, қазақ оқушысына ғана түсiнiктi.

Қазақ жыраулық поэзиясының атасы — Шалкиiз Тiленұлы 1465 жыл шамасында Жайықтың шығыс бетiнде дүниеге келедi. Шалкиiз жыраудың туындылары көңiл пернесiн дөп басар әсерлiгiмен, кезегенiн орып түсер өткiрлiгiмен, аз сөзге көп мағына сыйғызған нақтылығымен, сұлу сазды көркемдiгi, асау серпiндi қуатымен ерекшеленедi.

Зерттеушi М. Мағауин Шалкиiз өлеңдерiн ауызша да жазбаша да шығарған деген пiкiр айтады. Әбден мүмкiн нәрсе. Қазақ даласында жазып шығаратын шайырлық салт әркезде болғаны ақиқат. Сол дәстүрдi замананың бiлiктi, беделдi кiсiсi, билеушi әмiрлермен терезесi тең адамша жауаптаса алатын ойшыл, философ жырау Шалкиiздiң де ұстануы ықтимал. Ақын-жыраулар сауатсыз болған емес. Олардың көбi өз дәуiрiне лайық кiтап бiлiмiн де алып отырған. Шалкиiз өскен далада философ, ғұлама данышпан А. Иассауи де, Сарай де өмiр кешкенiн ұмытпалық [6, 136].

Ақтамберді Сарыұлы 1675 жылы Оңтүстік Қазақстанда, Қаратау бойында ауқатты семьяда дүниеге келеді. Болашақ жырау жамағайын туысы Бердіке деген батырдың қолында өседі.

Жоңғарлар басқыншылығына қарсы жорық дәуірінің қаһарманы Ақтамберді жырау жырлары да өзінен бұрынғы дәстүрді жалғайды. Жыраудың ең мықты мұраты-қазақ елінің кең далада еркін жайлап, азат күн кешуі. Дала өмірінің өзіне тән сәні мен салтанатын Ақтамберді зор сүйіспеншілікпен жырлайды. Ол сахара тіршілігінің ішкі қатпарларын емес, нұрлы күнге жағын ғана көреді. Ақтамбердінің «Күлдір-күлдір кісінетіп» деп басталатын толғау өлеңі дала гимні тәрізді. Оның өлеңдерінен төніп келе жатқан сырт жауға деген наразылық орын алуы да барынша табиғи.

Ұлы дала бастан кешкен ұзақ сонар қилы тарихтың қиын — қысталандарында орда бұзар батырларымыз бен қалың жауға ақ алмастай қайрап салар аруақты ақындарымыз қоян-қолтық жүріп қайрат көрсеткен-ді. Жоңғар басқыншыларына қарсы жүздеген жылдарға созылған Отан соғысында туған жыраулар поэзиясының жойқын дүбірі ішкі әлемінді әлі күнге дейін әлемет дүрліктіріп, дөлебенді қоздырмай қоймайды. Азуы алты қарыс Абылай ханның Ақ Ордасында алысты болжаған абыз әрі ақиқат ақберені Бұқар жырау ақылмандық қызмет атқарды.

Халық «өнер алды — қызыл тіл»десе, Бұқар — бұл мақалдың даналығын әбден ұғынған адам. Ол сөз өнерінің қиындығын да, құрметтілігін де білген. Сондықтан да жырау:

«Ел бастау қиын емес — қонатын жерден көл табылады. Қол бастау қиын емес — шабатын жерден ел табылады. Шаршы топта сөз бастаудан қиынды көргенім жоқ»-дейді. Бірде Абылай: «Қазына қайда?»-деп сұрағанда жырау: «Басы жеткен жігіттің екі езуі қазына: бір езуі алтын, бір езуі күміс, аузы қазына», — депті.

Бұқардың өзі осы қазынаны — сөз өнерін жеріне жете меңгерген еді. «Өз заманындағы жандар бұл кісіні көмекей әулие» деседі екен, — деп жазады Мәшһүр Жүсіп. — Қара сөз білмейді, тек сөйлесе көмекейі бүлікдеп жырлай бастайды екен».

Бұқар — халық поэзиясы үлгісін меңгерген нәсер тілді шебер, философ ақын. Оның шешендігі, әсіресе жыраудың толғауларынан анық байқалады. Ауыз әдебиетінде қалыптасқан жыр, толғау үлгілерін барлық жырауларға тән үлгі десек, Бұқар шығармалары соның куәсі боларлық.

Заманының озықтығы, қазақ әдебиетінің ескімен салыстырғанда біршама өскендігі және өзінің зор таланты мен ақындық интуициясының тереңдігі Бұқарды жеке-леген реттерде көне сұрлеуден шығарып жіберіп отырады. Бұқар кейін Абай қазақтық еткен Европалық поэзия үлгілеріне жақын барады.

«Әлемді түгел көрсе де,
Алтын үйге кірсе де,
Аспанда жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап мінсе де,
Қызыққа тоймас адамзат!
Ілімді түгел білсе де,
Қызығын қолмен бөлсе де,
Қызықты күні қырындап,
Қисынсыз күйге түссе де,
Өмірге тоймас адамзат!
Жақындап ажал тұрса да,
Жанына қылыш ұрса да,
Қалжырап, көңілі қарайып,
Қарауытып көзі тұрса да,
Үмітін қоймас адамзат!» [5, 98].

Бұқардың ақындық қуатын танытатын бұл жолдар Европалық лириканың озық үлгілерінің деңгейінде.

Бұл сыпаттас шығармалары Бұқарды шығыстың Рудаки сынды өлең алыптарымен бір қатарға шығарады.

Бұқар өлеңдері өзінің құрылысы жағынан толғау түріндегі көп жолды шумақтан тұрады. Ұйқас белгілі бір орындарды қайталанып, өлең ырғағын сақтап отырады. Бұқар өлеңдері — өзінің стилі жағынан ауыз әдебиетімен және өзінен бұрын жасаған Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз жыраулар толғауларымен сабақтас, ақыл, нақыл, ғибрат, өсиет ретіндегі дидактикалы толғаулар. Бұқар шығармашылығы өзіне дейінгі және кейінгі дәуір ақындарымен туыстасып, жалғасып жатыр. Ол қазақ поэзиясының желілі бір сарынын танытады.

Туған әдебиетіміздің түп негізі көне дәуірге — түркі тайпалары әлі жеке-жеке халық боп жіктелмеген, ортақ мәдениет, ортақ мұра жасап жүрген кезеңге барып тіреледі. Ал туыстас түрік руларының біртобы қазақ деген атпен бөлініп, өз мемлекетін құруымен байланысты, XV ғасырдың орта шенінен бастап дербес, қазақ атымен аталатын әдебиет аренаға шығады. Ертеде өткен ақын-жыраулар шығармашылығы бірімен-бірі сабақтас екендігі, алдыңғы ұрпақтан соңғы ұрпақ үлгі алып, олардың жақсы жақтарын өрге бастырып отырғандығы байқалады.

Әдебиет:

1. Сүйіншәлиев, Х. VIII—XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. Алматы «Мектеп» баспасы. — 1989-ж.
2. Досанов, С. Егемен Қазақстан. 27.10.2010 ж.
3. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. «Аруна» баспасы. Алматы-2005.
4. М. Мағауин. Қобыз сарыны. Монография. Ғасырлар бедері. Алматы. «Жазушы». 1991.
5. Бес ғасыр жырлайды. Алматы. «Жазушы» 1989.
6. Бердібаев, Р. Кәусәр бұлақ. Алматы. «Жазушы» 1989.

Даналық ойдың көсемі, ұлт кемеңгері-Әйтеке би

Әбілқасов Ғабиден Мәжитұлы, п.ғ.м., ҚарМТУ
Әбілқасова Гүлзада Мәжитқызы, № 81 орта мектебінің оқытушысы

Қазақ халқында ұлықтауға тұрарлық ұлы мәдениет те, ұшан теңіз ұлттық құндылықтар да молынан кездеседі. Оны тәуелсіздігімізді алып, еңсемізді тіктегеннен бері көріп, біліп, танып жатырмыз. Егемендігімізге ие болғаннан бері ұмыт болған ұлттық құндылықтарымызды, бай әдеби асыл мұраларымызды, дүниелерімізді жаңғыртып, дамытудамыз. Қымбат дүниелеріміздің бірі би-шешендеріміздің бай асыл мұралары, даналық асыл сөздері.

Әрбір тәрбиелік, танымдық қазақ тілі сабақтарында және қазақ тілі және мәдениеті кафедрасы жанынан құрылған «Ұлттық тәрбие тағылымы» мәдени-этнографиялық ғылыми-зерттеу үйірмесінің мүшелеріне ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, орыс топтарында оқитын студенттерге тіл үйретуде және ауызекі сөйлеу мәдениетін дамыту мақсатында Төле, Қазыбек, Әйтеке және т.б. билердің даналыққа, тәрбиелік тағылымға толы шешендік сөздерін молынан оқытып, қолданамыз.

Қазақ халқының — ұлттық қазынасы, ел игілігі, халықтың бай мұрасы — тіл. Қандай да бір халықтың болмысы, өркениеттілігі, саналығы, кең мағынасында сауаттылығы, оның тіл мәдениетімен, сол тілдің қолданыс ауқымдылығының кеңдігімен өлшенеді. Әр халықтың мәдениетінің бастау бұлағы туған тілінің пайда болуымен тұспа-тұс келеді. Демек, тіл — адами нақтылықты адамзаттың тіршілігі өтіп жатқан әлем ретінде жасайды. Ал адамзаттың тіршілігі — мәдениеттің әлемі екені белгілі. Адам қоғамының даму барысында пайда болып қалыптасқан өшпес дәулетінің бірі — оның тілі. «Біздің қазіргі басты міндетіміз студент жастардың тіл мәдениетін қалыптастырып, оларды шешендік өнерге қызықтыру болып табылады. Ұрпақ тәрбиесінде, ел басқару жүйесінде, елді сәулеттендіру жолында, әрине, халықтың сан ғасырлық тәжірибесінде қорытылып екшелген, жинақталып жүйеленген ақыл — нақыл, өсиет — насихатқа негізделген отты да нақышты, шебер де шешен айтылатын ауызша сөздің тағылымдық — танымдық әрі тәрбиелік мәні айрықша» — [1] деп атап көрсетеді ғалым С. Негимов «Шешендік өнер» атты кітабында.

Шешендік сөз дегеніміз — тауып айтылған тапқыр сөз, ақылға қозғау салып, ой түсіретін даналық сөз, қиялға әсер етіп, сезімді қозғайтын көрікті де, әсерлі сөз, бұра тартпас дәлелімен тамсандырып, таңдай қақтыратын білгір — білімді сөз, өтіп кеткен не өтіп жатқан оқиғаны жанды суреттей көз алдына алып келетін суретті сөз, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түсінігін жеткізетін терең мағыналы түйінді сөз деп ғалым С. Қосымова шешендік сөзге тамаша анықтама береді.

«Шешендік өнер» деген терминнің өзі әу баста латын тілінен алынып, «әдемі, сенімді сөйлей білу қабілеті» деген мағынада жұмсалады. Әдемі, сенімді сөйлей білу қа-

білеті шешеннің сөз таңдау, сөз тіркестерін әдемі, әуезді, әсерлі құру, бейнелегіш-суреттегіш құралдарды шебер қолдану дағдыларынан қалыптасады. Жоғарыдағы дағдылар тілді оқып-үйрену арқылы қалыптасады. Шешендік өнердің өзі байырғы және қазіргі шешендік өнер болып бөлінеді.

«Шешендік сөз» деген ұғымды кейбір тұстарда «сөйлеушінің тыңдаушыны сендіру өнері» деп те атайды. Қалай болғанда да, сөйлеудің мақсаты мен мазмұны, шарты — таным мен білім құралы болу, сондай-ақ, адамгершілік қасиеттерге үндеу, қоғамдағы келеңсіздіктерді сынау, т.б. адамның рухани дамуының негізгі көзі болып табылады.

Шешендік өнер тек құрғақ білімді жатқа білу емес, оның ерекшелігі де сол кез келген ортаның ыңғайына қарай сөйлеушінің өзін ұстай алуы, дұрыс айтар ойын жеткізе алуы десек, айтылған шарттар практиканы көп қажет етеді.

Шешендік өнер тарихы сонау ерте замандардан басталады. Адамзат баласы игерген алғашқы әрі желісі үзілмей келе жатқан өнерлердің бірі. Оның тарихын білу халық тарихын білумен бірге, сөйлеу мәдениетін, әдебін үйрену, сөйлейтін сөзді дұрыс таңдай алу ерекшеліктеріне жаттығу. Сол арқылы өскелең ұрпақтың шешен сөйлеуін, жастардың тіл мәдениетін дамытуға, қалыптастыруға көп пайдасы боларын атап өткеніміз де абзал болар.

Қоғам тарихына көз салсақ, қай халықтың болсын күрделі қоғамдық, мемлекеттік қайраткерлері, қол басылары, мәмлегерлері, ғалымдары ойға шебер, тілге шешен болғанын байқаймыз. Әр қоғамның өзіне лайықты қарым-қатынасы қалыптасатыны сияқты ойлау, сөйлеу мәдениеті, озық ойлы, шебер тілді адамдары да болғаны даусыз. Алайда шешендік өнер ғылым ретінде біздің жыл санауымыздан бес-алты ғасыр бұрын шығып қалыптасқан [2, 7].

Ежелгі дүние мәдениетінде шешендік өнер теориясының элементтері анықталды. Шешендік өнердің басты сипаты, сөзді, сөйлеуді түрлі, амал — тәсілдермен көркемдеп, ұтымды жеткізу мәні шешеннің таланты мен терең білім, ақылына қатысты екені танылды. Шешендік өнер сендіру құралы, күрес құралы, мақсатқа жету құралы болатынына көз жеткізді. Шешендік өнердің әлем тарихындағы жаңғыруы қайта өрлеу дәуіріне қатысты. Бұл кезеңде шешендік өнер саяси күрес құралы, билік үшін күрес құралы қызметінде неғұрлым ықпалды болды.

Шешендік тек тарихи құбылыс қана емес, қоғамдық құбылыс. Шешендік өнер тәуелсіздік жолындағы күресте өте белсенді қызмет атқарды.

Қазақ шешендік өнерінің негізін қалаған кешегі өткен бабалар Майқы би, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би және т.б. би — шешендерміздің даналық сөздері ұлттық тәрбиенің қайнар бұлағы деп білеміз.

Әйтеке (шын аты Айтық) Бәйбекұлы кіші жүзден шыққан қазақтың атақты шешен — биі. Қазақ шежіресінде Жанарыстың бір аталарынан Алшын, одан сарыбас, Пұсырман, Шіңгір, Төртқара шығады. Төртқарадан Қарашы, одан Сейітқұл. Сейітқұлдан сегіз бала болған. Соның бірі кезінде Самарқанды билеген Жалаңтөс батыр еді. Әйтеке сол жалаңтөстің немересі. Ақшаның үшінші баласы Бәйбектен туған. Ақша Жалаңтөс батырдың әкесі бір, шешесі бөлек туысы екен. Әйтекеге шешендік, тапқырлық өнер бала кезінен дарыса керек. Қозы бағып жүрген жас кезінде Әйтеке үш аттылы жолаушыға жолығады: — Ассалаумағалейкүм, ағалар? — Әликімүссалам. Кімнің баласысың? — Бәйбек баласымын. — Бәйбектің баласы болсаң, білетін шығарсың, Қосуақ бидің ауылы қайсы? — Айтайын, онда не шаруаларыңыз бар еді? — Ойнап жүрген баламызды осы елдің бір адамының аты теуіп өлтіріп, соған құн даулап Қосуақ биге жүгінгелі келеміз. — Қосуақ бидің үйі анау тұрған боз үй. Егер балаңызды ат босағада тепсе бүтін құн, жабықта тепсе жарты құн, түзде тепсе төрттің бірін аласыздар. Қосуақ би де осыны айтар, осылай демесе осып айтар, жолдарыңыз болсын, — депті әлгі бала. Үш жолаушы Қосуақ бидің үйіне түседі. Әңгіме, билік сөз басталады. Би айыпкерді алдырады. Бүтін құн алмақ болған баланың әкесі: — Баламды ат босағада тепті, — десе, екінші дауекс: — Жабықта тепті, — депті. Би айыпкерге «сөйле» дейді. Сонда айыпкер: — Атым босағада да, жабықта да тұрған жоқ. Анадай жердегі кермеде байлаулы тұр еді. Біз үйде шай ішіп отырсақ, апыл-тапыл басып жүрген жас бала, аттың артына барып, құйрығынан ұстай бергенде, ат теуіп өлтіріпті. Бұған мен кінәлі емеспін. Баланың шешесі кінәлі. Сонда Қосуақ би: — Баланы ат босағада да, жабықта да емес, түзде тепкені анықталды. Айыпкер құнның төрттен бірін төлесін, — деп билік айтыпты. Сонда өлген баланың әкесі: — Япырым-ай, осы билікті бізге жолда кездесіп, жөн сілтеген бір қойшы бала айтып еді. Түбінде сол бала елді аузына қаратқан би болар, — деген екен. Әйтеке би үш жүзге озық, алғыр және терең ақылымен, тапқыр да ділмәр шешендігімен, әділ және түзу бидігімен белгілі болған қоғам қайраткері. Қазақ халқының қайғысына қайғырған, қуанышына қуанған, соғыста қолына қару алып алғы шепте жүрген жауынгер ұйымдастырушы. Әйтеке Құлтөбедегі үш жүздің құрылтайына қатысқанда 25 жас шамасында екен деп шегелейді шежіреші қарттар. Шынында да үш бидің кішісі Әйтеке болған. Билер тарихында қазақтың Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билердің орны ерекше. Бұл үшеуін өз дәуірінде елін, жерін шапқыншы жаудан қорғап қалуда, елдің, халықтың бірлігін, ынтымағын сақтауда, адамгершілік, парасаттылық, ата-баба намысын, дәстүр-салтын сақтауға зор еңбек сіңірген хандарға ақыл-кеңес берген билердің биі, ұлыстың ұлы

биі, бас би, ата би, баба би, көсем би деп қадір тұтамыз. Қазақ халқының бұл үш биі ел басына күн туған қиыншылық кезде де, билер кеңесі кезінде де, ел жиналған айт, ас, той тұсында да, жер дауы, жесір дауы, құн дауы көтерілген жерде де, бірге бас қосып ел тағдырын бірге шешісіп келген. Кейде екі би бір шешімге келе алмай қалғанда, үшіншісі ортадан билік айтып дауды тындырып отырған. Ертеде ұлы жүздің бір жігітіне атастырып құда түсіп қойған орта жүздің бір қызы арғынның жігітімен қашып кетеді. Екі ел арасында жесір дауы басталады. Бірінің жылқысын бірі барымталап кетеді. Төбелес, жанжал шығады. Екі жақтың кісілері Төле би мен Қазыбекке жүгініседі. Қазыбек: — Аға болып алдымен туасың, Барымталап жылқымды қуасың — десе, Төле би оған: Артымнан ерген еркемсің Ағанның көзі тірісінде Жеңгенді неге ертесің? — деп өкпе артады. Екеуі ұзақ-ұзақ сөз жарыстырады, бір мәмілеге келе қоймайды. Сонда ортадан Әйтеке би тұрып: — Сабыр етіндер, ағалар! Ашу бар жерде ақыл тұрмайды. — Ашу деген ағын су, Алдын ашсаң арқырар. Ақыл деген дария, Алдын тоссаң тоқырар. Кісі бірге туыспау керек Туысқан соң сөз қуыспау керек. Сөз қуған бәлеге жолығады. Жол қуған олжаға жолығады. Төле, сен жылқысын қайыр! Қазыбек, сен жесірін қайыр! — деп, екеуін келістіріп, қол алыстырыпты. Ел Әйтекенің бұл билігіне риза болып, екі жағы бітімге келіп, тиышталыпты. Әйтеке билікті мақал-нақылмен мәнерлеп айтатын, дауды әділ шешіп кесек-кесек сөйлейтін өте әділетті, білгір би болған. Сондықтан да ол аға би атанып Кіші жүз елін ұзақ жылдар басқарған. Тәуке ханның Төле би, Қазыбек би сияқты кеңесші бас билерінің бірі, «Жеті жарғы» заңын жасасқан азамат. Әйтеке дана би ғана емес, ұлттық мақтанышымыз, қазақтың жүз жылда бір туар арысы, артына өшпес із қалдырған адал перзенті. Өз халқына, ел-жұртына адал еңбек еткен, оның іргелі ел болуын жатпай-тұрмай ойлаған мұндай тұлғалар арғы-бергі тарихымызда өте аз. Әйтеке сонысымен де ұлы адам. Оның есімі қазақ даласының көгінде желбіреп тұрған аспан түсті туымыздай, әр қазаққа қымбат, әр адамға қасиетті есім.

Біздің бүгінгі мақаламыздың бас тақырыбы ұлт кемеңгері Әйтеке бидің даналығы. Әйтеке би қара қылды қақ жарған, әділдікті бетке айт — қан, тапқыр би-шешендердің бірі. Әйтеке биге шешендік бала кезінен дарығаны жөнінде мына төмендегі әңгіме дәлел бола алады: «Ел арасында Әйтекенің ең алғаш рет билік, тапқырлығымен көзге түсуін жұрт былай аңыздайды: Әйтеке бала кезінде үш жолаушыға кездеседі. Сонда ол:

— Ассалаумағалейкүм, ағалар! — деп, үлкендерге ізетпен сәлем береді. Жолаушының жасы үлкені:

— Сәлемет бол балам, мынау қай ауыл? — Төртқара, Сейітқұл ауылы.

— Өзін кімнің баласысың? — Бәйбектің баласымын.

— Атың кім? — Әйтеке.

— Қосуақ бидің ауылы қайсы? — Анау қырдың астында, онда не шаруаларыңыз бар еді? — деп, сұрайды бала.

— Даулы болып келеміз, — дейді әлгі қарт жолаушы. — Ойнап жүрген баламызды сол ауылдың бір жолаушысының аты теуіп өлтірді. Соның құнын даулап келеміз. Әйтеке болса, сәл ойланып тұрып:

— Балаңызды ат босағада тепсе — бүтін күн, жабықта тепсе — жарты күн, түзде тепсе — төрттің бірін аласыздар. Қосуақ би де осыны айтар, осыны айтпаса қосып айтар. Жолдарыңыз болсын — дейді.

Үш жолаушы қырдан асып, Қосуақ бидің үйіне барады. Биге өздерінің дауларын баян етеді. Қосуақ би, далада ойнап жүрген Әйтеке баланың кесімін айтып, балаңызды ат түзде тепсе — төрттің бірін аласыздар — деп, әлгі күн даулап барғандарды риза етіпті. Сонда өлген баланың әкесі: — Япырмай, осы билікті бізге ең әуелі далада ойнап жүрген Әйтеке деген бала айтып еді, түбі сол бала әділ би болар — деген екен [3, 153–154].

Әйтеке бидің шешендік сөздерін қастерлей жинап, ол жөнінде зерттеу мақала жазған білгір ғалым Б. Адамбаев Әйтеке би жөнінде былай сөз өрбітеді:

«Қазақ руларының басын біріктіріп, бір орталыққа бағындырған және туысқан қазақ, қарақалпақ, қырғыз халықтарын одақтастырып, жоңғар — қалмақ шапқыншылығына қарсы бірыңғай халық майданын құрған Тәуке ханның кеңесші, көмекшілерінің бірі Әйтеке

болған. Сайып келгенде, Әйтеке — шешендігімен бірге кезінде ел басқарған, заң жасасқан, феодалдық қазақ мемлекетін құрысып, нығайтуға үлес қосқан қоғам қайраткері» [4, 48].

Әйтеке бидің шешендік асыл мұраларына зер салып үңілсек, шешендік, даналық ойларынан ел қамын, өзінің туған халқының зар-мұңын жеп айтқан ой-пікірін аңғарамыз:

— Бай болсаң, халқыңа пайдаң тисін,
Батыр болсаң, жауға найзаң тисін.
Бай болып, елге пайдаң тимесе,
Батыр болып жауға найзаң тимесе,
Елден бөтен үйің күйсін!

Әйтеке бидің жоғарыда айтылған осы бес жол даналық сөзінен елге, жерге деген бидің патриотизмдік ойларын аңғарамыз. Осы сөздерді оқи отырып, елін — жерін сүйетін әрбір қазақстандықтың елге пайдасын тигізер өмірлік ұстанымдарына айналуы тиіс.

Біздің алдымызда ел құндылықтарын, тарихы мен салт — дәстүрлерін қастерлейтін, қазақтың би-шешендерінің асыл сөзін қадірлейтін, мемлекеттік тілді меңгерген, ой өрісі кең, шығармашыл, өз бетінше дұрыс шешім қабылдай алатын, көпшілік алдында шешен сөйлей алатын тұлға тәрбиелеу міндеті тұрғаны ақиқат.

Әдебиет:

1. Негимов, С. «Шешендік өнер» — Алматы — «Ана тілі»-1997.
2. Адамбаев, Б. Қазақ шешендері. — Алматы. — «Білім»-2008.
3. Төрәқұл, Н. Даланың дара ділмарлары. — Алматы — «Қазақстан»-2006.
4. Адамбаев, Б. Ел аузынан. — Алматы — «Жазушы»-1989.

Қималары ұзындығы бойынша өзгерілетін құрылыс конструкцияларындағы коррозиялық зақымдар әсерін есепке алу

Абсиметов Владимир Эскендрович, т.ғ.д., профессор,
Калмагамбетова Айзада Шамшитовна, т.ғ.к., доцент,
Аяпбергенова Баян Еркебаевна., ҚжТҚШ кафедрасының аға оқытушысы

«Казантикор» ҒӨБ жасалған «Казантикор I» композициямен сырланған тоттанылған үлгілер коррозиялық шаршауға сыналды. Осы үлгілер беттері механикалық тәсілменен тазартылған және эмаль ПФ-115 сырланған үлгілермен салыстырылды (1-ші сурет). Коррозиялық шаршау сипаттамалары бойынша тоттының үстімен тікелей сырланған «Казантикор I» жабу жақсырақ болып шықты. Шаршау ресурстары бойынша үлгілер материалдың қасиеттері коррозия әсерісіз үлгілердің шаршау ресурстарына ұқсас болып шықты. Осы нәтиженің негізінде жаңадан шығарылған құраманың жоғары коррозиялық тұрақтылығы бар екенің дәлелдеуге болады.

Коррозиялық шаршауға өткізілген сынаулар нәтижелерінде агрессивті ортаның әсерін ескере отырып дәне-

керленген кранастындағы арқалықтардың шаршау ресурстарын есептеу әддісі ұсынылады.

Нормативтік талаптарына сәйкес дәнекерленген кранастындағы арқалықтардың ұзақ мерзімділігі белдік жігіне таяу қабырғаның жоғарғы аумағының шаршау ресурс бойынша келесі формула арқылы бағалайды:

$$N_r = N_0 10^{\frac{\sigma_r - \sigma_{жк}}{m}}$$

бұл жерде N_r — дәнекерленген кранастындағы арқалықтың есептік қиманы жүктеуге рұқсат етілген саны (есептік ресурс);

$N_0 = 9,5 \cdot 10^6$ — Велер қисықтың сыну нүктесіне сәйкес жүктеу саны;

$\sigma_r = 45,0$ МПа — арқалықтың шексіз ұзақ мерзімділігін сипаттайтын дәнекерленген кранастындағы арқалықтың шектік кернеуі;

$m = 76,1$ — дәнекерленген кранастындағы арқалықтың шаршаудан бұзылу қисықтың параметры;

$\overline{\sigma_{\text{экс}}}$ — пайдаланудағы кран жүктемесінен арқалықтың жоғарғы аумағында ортаңғы статистикалық кернеу.

Ескерту керек, N_f мен $\sigma_{\text{экс}}$ тәуелділігі $\sigma_{\text{экс}}$ әртүрлі мәнінде көрнекілікті болып табылады. Бірақ, теориялық мәліметтер бойынша, кернеулер $\sigma_{\text{экс}} < 45,0$ МПа болғанда, жүктеу циклдардың саны N_f өлшеусіз болуға мүмкін. Сондықтан Қазақстан Республикасының есептеу ережелеріне бұл формуланы қолдануға $\sigma_{\text{экс}} \geq 45,0$ МПа шарты еңгізілген.

Зиянды ортада пайдаланылатын дәнекерленген кран астындағы арқалықтардың ұзақ мерзімділігін бағалау

үшін осы әдіс бойынша шаршау ресурсты есептеуге болмайды, өйткені кәдімгі шаршау механизмдері коррозиялық шаршау механизмдерден ерекшеленеді.


Ст 3пс үлгілерді сынау барысында дәнекерленген кран астындағы арқалықтардың шаршау ресурстарын есептеу әдісі зиянды ортаның әсерін, яғни коррозиялық шаршаудың ресурсын, ескере отырып дәлелделген.

Эксперимент арқылы анықталған коррозиялық-шаршаудан қирау тәулділіктер (3 сурет) келесі түрдегі тік сызықтарымен суреттеледі:

$$\lg N_f = \lg N_0 - \overline{\sigma_{\text{экс}}} / m,$$


бұл жердегі N_f — зиянды ортаның әсер еткендегі рұқсат етілген жүктеу саны;

$m = 76,1$ — коррозиялық-шаршаудан қирау қисықтың параметрі;



а) таза металл үстінен «Казантикор-1» жабумен сырлау; б) таза металл үстінен эталонды жабумен сырлау: 1 — циклды жүктемесіз ($\overline{\sigma} = 0$); 2–8 — циклды жүктеме $\overline{\sigma} = 5, 20, 40, 60, 80, 100, 120$ МПа болғанда

1-сурет. Циклдың әртүрлі ортаңғы статистикалық кернеулерде $\overline{\sigma}$ жабулардың электр кедергісі R мен жүктеу циклдардың санымен тәуелділік



а) тот басқан бетті «Казантикор-1» жабумен сырланған үлгі; б) тот басқан бетті эталонды жабумен сырланған үлгі;

1 — циклды жүктемесіз ($\bar{\sigma} = 0$); 2–8 — циклды жүктеме $\bar{\sigma} = 5, 20, 40, 60, 80, 100, 120$ МПа болғанда

2-сурет. Циклдың әртүрлі ортаңғы статистикалық кернеулерде $\bar{\sigma}$ жабулардың электр кедергісі R мен жүктеу циклдардың санымен тәуелділік

$\bar{\sigma}_{\text{экс}}$ — арқалықтың жоғары аумағында пайдалану кезіндегі статистикалық ортанша кернеулер, МПа, ҚР ҚНЖЕ 5.04.23–02 — Болат конструкциялары. Жобалау нормалары бойынша есептелген.

$\lg N_0$ — $\bar{\sigma} = 0$ аумағында интерполяция арқылы анықталған тік сызықтардың абсцисс осімен қиылыс нүктелері, және зияндылықтары орташа орталарда $\lg N_0 = 7,30$ тен, ал зияндылықтары жоғары орталарда $\lg N_0 = 6,95$ тен болғанда.

Рұқсат етілетін жүктеу санын ептеу үшін келесі формулалар пайдалынады:

зияндылықтары орташа орталарда

$$N_f = 7,30 \cdot 10^{\frac{\sigma_{\text{экс}}}{m}};$$

зияндылықтары жоғары орталарда


$$N_f = 6,95 \cdot 10^{\frac{\sigma_{\text{экс}}}{m}};$$

Кран астындағы арқалықтардың жарамдылығы пайдалану барысындағы жүктеу санымен $N_{\text{экс}}$ және есептік респурспен N_f салыстыру жолымен анықталады:

$$N_{\text{экс}} < N_f.$$

Пайдалану барысындағы жүктеу саны $N_{\text{экс}}$ қолданудағы нормативтік құжаттар арқылы анықталады.

Қолданылатын нормалар бойынша пайдаланылатын болат конструкциялардың жүк көтеру қабілеті бір неше әдістерімен анықталады. Дәлелдеп айтатын болсақ, қима тұтастығы k_{SA} коэффициенті қолданылады. Бірақ, біздің пікіріміз бойынша, коррозиялық ортананың әсерін толықша сипаттамай, өйткені қима аудандары конструкцияның ұзындығы бойынша бір келкі емес. Осыған байланысты, біздің пікіріміз бойынша, жаңа коэффициентті есептерге еңгізу қажеті бар.



1 — Нормалар бойынша шаршау ресурстың есебіне сәйкес шаршаудан қирау графигі; 2,3 — зияндылықтары орташа және жоғары орталар үшін эксперимент арқылы табылған коррозиялық шаршаудан қирау графигі.

3-сурет. Шаршаудан және коррозиялық шаршаудан қирау диаграммасы

Бұл коэффициентті конструкцияның жалпы беттер аумағының өлшемі (A) оның көлемі өлшемі (V) қатынасы арқылы анықтауға болады:

$$k_{sv} = A/V.$$

Әдебиет:

1. Войтович, В. А. Средства для окрашивания прокорродированной поверхности. М., ВНИИОЭНГ, 1984, 53 с;
2. Абсиметов, В. Э., Калмагамбетова А. Ш. Антиккоррозионные и огнезащитные материалы, технологии, производство. Труды 1-го Цент. — Азиат. Геотехнического симпозиума. Т 1. — Астана, 2000, — с. 342–347.
3. Розенфельд, И. Л., Рубинштейн Ф. И. Антиккоррозионные грунтовки и ингибированные лакокрасочные покрытия. — М.: Химия, 1980, — 199 с.
4. Фрейман, Л. И., Макаров В. А., Брыскин И. Е. Потенциостатические методы в коррозионных исследованиях и электрохимической защите. — Л.: Химия, 1972, — с. 72–74.

Бұл коэффициент конструкцияның бір тұтастылығын сипаттайды. Осы коэффициентті коррозия ақауларының әсерін есепке алу барысында k_{sa} коэффициенттің орынына қолдануға қажет.

Бұқар жырау поэзиясының өнегесі

Байпелова Гүлмира Сағынтайқызы, ҚарМТУ-дің аға оқытушысы

Қазақ поэзиясының тарихындағы ең соқталы тұлғалардың бірі Бұхар жырау Қалқаманұлы, шамамен 1668 жылдары туады. Ғалым, зерттеуші Н. Төреқұл «Даланың дара ділмарлары» атты еңбегінде: Бұхар жырау Жиделібайсын жерінде, қазіргі Өзбекстанның Бұхар шаһары маңындағы Елібай ауылында дүниеге келген — деген деректі келтіреді. Автор бұл деректі Қайым Мұхаметханұлының «Қазақ әдебиеті» газетінде (9 көкек 1993 ж.) жарияланған мақаласынан алғанын жазады [1, 161]. Жыраудың әкесі Қалқаман батыр, сірә, ел билеуші шонжар емес, жеке басының ерлігімен ғана аты шыққан адам болса керек. Мәшһүр Жүсіптің айтуына қарағанда және өз шығармаларынан да көрінетіндей, Бұхардың, тіпті сауып ішер малы, мініп-түсер аты да болмайды. Жырау алпыстан асқанша осы жарлы, кембағал халде күн кешеді. Алайда, өмірінің соңғы кезеңінде Бұхар жай ғана арқалы жырау, ақылшы аға емес, мем-

лекет істеріне елеулі ықпал етіп отырған қабырғалы биге, өз заманының ұраншысына айналады. Жырау бір ғасырдан астам жасап, 1781 жыл шамасында қайтыс болады. Сүйегі Баянауылда, Далба тауының етегінде [2, 81].

Бұхар жыраудың қайда оқып білім алғаны жайында, орта жасқа келгенше қандай өмір мектебінен өткендігі хақында нақты деректер аздау болғанымен ұрпақтан-ұрпаққа жеткен жыраудың шежіредей сөздерінен байқайтынмыз Бұхар тілге шешендігімен, ел арасындағы дау жанжалға әділ қазылығы арқасында өз ортасынан тым ерте суырылып шығып, көбірек көзге түскендігі.

Тағы да бір ел аузындағы әңгімелер бойынша Бұхардың, Өзбекстанның Бұхар шаһарында дүниеге келгенін және Көкілташ медресесінде оқыған деген деректер де кездеседі. Оған дәлел ел аузында жүрген Әнет бабаның Бұхарға берген батасы.

Қазақта жасы үлкен адамнан бата алу салты болған. Сөзге епті, еті тірі Жолымбет немересі Бұхар дүниеге келгенде, жаңа туған нәрестеге Әнет бабадан бата сұрайды. Сонда Әнет баба Бұхарға:

«Есімің Бұхар болсын,
Мінгенің тұлпар болсын.
Дауысың сұңқар болсын,

Ісіңе халқың іңкәр болсын» — деп бата берген екен [1,161].

Азан шақырып қойған аты, бүгінде беймәлім болып кеткен жырау, тарихқа Бұхар деген атпен солай енген. Бұхар бабаның 12 жасқа дейін тілі шықпай жүреді. Жұрт оны «мылқау» бала деп атаған. Өзі аңқау, томаға тұйық, сөзге сараң, сылбыр да, жуас болыпты. Он екі жасқа келгенде көп жылдар үндемей келгеннің есесін алайын дегендей өлеңдетіп, жырлап сөйлеп кетіпті. Тіпті үйлесімді ұйқасқан өлең жырымен жұртты таң-тамаша қалдырады. Енді Бұхар қолдан-қолға тимей, той думанның көркі болады. Қалқаман баласының той-томалаққа әуес болып, сері-сал өнерін қуып бара жатқанын көріп, оқытуға бермек ниетпен маңайдан көрнекті оқу орнын іздейді. Осы кезеңде Қалқаманға ақыл қосқан тобықты Әнет баба-орта жүз баласының ақылгөйі, Бұхардағы он екі баб ғылымнан хабар беретін Көкілташ медресесін аяқтаған өте ғұлама ғалым еді.

Осының өзі баба жырау тек қана «көмекей» немесе ақын «көмекей әулие» ғана емес, кең қоғамдық шеңбердегі парасатты ойдың иесі болғандығын көрсетеді. Кейбір деректерде Бұхар жырау Бұхар әмірінің биі ретінде орта жасқа дейін билік құрғанын айтады. Бұл деректер тарихи болған оқиғалармен салыстырса шындыққа жанасады. Себебі нақтылы деректе Арғын тайпасына жататын Сүйіндік руының бір бұтағы Қаржас елі бір уақытта Арқадан сыпырыла көшіп, Ходжент (Ленинабад) мекеніне қоныс аударғаны белгілі. Осы арадан Шоқан Уәлихановтың нағашысы Мұса Шормановтың үшінші атасы Сәтидің бастауымен 1729 жылы өзінің ата мекені Баянауыл өңіріне көшіп келгені тарихқа аян [3,20].

Бұхар жыраудың бас тақырыбы: дүние көркі-адам, адам көркі-оның жасар игілігі, белді қасиеттері; дүние — бай мен жарлы-жақыбайға ортақ, алма-кезек, мұнда мәңгі байлық та, жарлық та, көптік те, жалғыздық та жоқ. Адамның табиғатынан белсенді тұлға екендігіне жырау айырықша мән береді. «Адамзаттың баласы, атадан алтау тумас па? Атадан алтау туғанмен, ішінде оның бірі арыстан болмас па? Арыстанның барында жорғасы болса мінісіп, торқасы болса киісіп, толғамалы қамшы алып, толғайда толғай дәурен сүрмес пе!? — деген толғауы осы ойдың айғағындай».

Заманның ағымына қарай халықтың ойынан ауытқу байқалса жырау хан болса да, қара болса да қайырып әкеп жолға салып, жөн сілтеп беріктік, белділік көрсетіп отырған:

Абылай ханның қасында
Бұхарекең жырлайды,
Жырлағанда не дейді
Соғыспа дер жырлайды
Өлетұғын тай үшін
Қалатұғын сай үшін

Қылмандар жанжал ерегес,

Бұл қылықты қоймасан

Құдайдың бергеніне тоймасан

Көресің сонан теперіш-дейді [2, 92–93]

Жыраудың толғау жырларының қайсысы болмасын қоғам өмірінің айнасы, халықтың басынан кешкен тіршілігінің бірден-бір тарихи көзі болып есептеледі. Біз бүгінгі күнде сол өткен зұлмат заманның әрбір кезеңін, әрбір тарихи қайраткерін, олардың жеке дара мінездерін, қабілетін мұқиятты түрде сипаттап жырмен жеткізгенін байқаймыз. Егер сол әулие жыраудың, жырларын сүйген халқы жадына сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізбеген күнде тарихтың сол уақыттағы белестері көмескі күйде қала да беруі толық ықтимал. Бұхар жыры салмақты сөз, саналы пікір, сабырлы кең арналы ойдың кіндігі. Сондықтан да бүгінде бізге өшпес қазына, өлмес мұра болып біздің заманымызға жетіп отыр. Жырау ғасырлар бойы халықтың өзі жасап сары алтындай сақтап келген ауыз әдебиетінің мол қазынасын бойына сіңіріп, өз заманына сай жыр-толғау жасай білген жеке классик, әдебиеттің атасы дерлік тұлға [3, 20].

Абылай ханға арнаған: «Жұлдызың туды-ау оңыңнан, жан біткен еріп соңыңнан. Он сан Алаш баласын, аузыңа құдай қаратып...» — деген толғауында ханның мәртебесі, біріншіден, халықтың өзара бірлігін сақтай білуінде, екіншіден, халыққа өз саясатын қолдатқыза алатын ептілігінде екенін алға тартады. Осыдан: адамды адам ететін — оның ортасы, нақты тәлім-тәрбиесі деген ұстанымды бекем ұстайды.

Ұлы бабамыздың кесек тұлғасы қазақ халқының шешуші тарихи өткелінен өтер кезде сомдана және биіктей түскен.

Жырау Абылай саясатына, ел ішіндегі Абылай беделіне тамашалай қарайды. Абылай үкіметінің салтанат құрғанына масаттанады.

Ұлы жырау ел басына күн туған қасырет заманда Абылайдың бойынан кереметтей ел басқарушылық қасиеттерін таныса, Абылай да Бұхардың бойынан болашақты болжағыш қасиеттерін таниды. Қазақ халқының тарихындағы осы екі ұлы тұлға өмірлерінің ақырына дейін жұбын жазбаған, араларын суытпаған. Абылай хан өзінің керемет болмысына қарамастан, сол кездегі оқиғаларды салыстыра зер салсақ, сол жыр-нұсқауларды жүзеге асырушы болғанын байқар едік [3, 21].

Сол бір кезеңде атақты жырау бабамыз бір жағынан Жоңғар хандығы мен Маньчжур — қытай империясына қарсы үш ұдай болған дүйім халқын, бір жеңнен қол шығарғандай біртұтас мемлекетке шақырған ақылгөй ұйымдастырушы болса, екінші жағынан, осындай бірлікті бұзбай өз халқының алдыңғы өмірлік мүдделерін алыстан болжай көздеп, екі бүйірден қысым көрген Абылай ханға ақыл-кеңес бере білген санаткер ұлы тұлға. Сол зобалаң заманның бір тұсында қиянаттан қарапайым сабырлы хан қазақ сахарасына орыстарды жуытпаймын, келгендерін қырып тастаймын деп кіжінген. Сонда Абылай хан мен Бөгенбай баһадүрға:

Тарылма Абылай қонысқа,
Орыспенен соғыспа.
Кейінгі ұрпақ паналар,
Осы ұлы орысқа.

Деп басу айтып ескерткені бүгінде қандай көрегендік тұжырым болғандығына таң қаласың. Мұның өзі ауыр қыспақта отырған қазақ халқының тағдырына шешуші роль атқарғаны анық. Бұхар жырау Абылай ханның сенімді ақылшысы санатында мемлекет басқару ісіне белсене араласып, оның ішкі және сыртқы саясатына зор ықпал жасап отырған қоғам қайраткері болғаны әмбеге аян. Бұхар сол уақытта елді басқаратын терең ақылды, саясаткер білімді адам керек екенін ұққан. Халықты бүтіндікке, бірлікке шақырып, сыртқы дұшпанға қайрат көрсете отырып түрлі тәсіл-саясатпен халықтың бостандығының қамын көздеген.

Бұхар жырау көбіне — ақ Абылай саясатының жақтаушысы. Жырау реті келген жерде ханды мадақтай, дәріптей отырады.

Алтын тақтың үстінде

Үш жүздің басын құрадың,

Жетім менен жесірге

Ешбір жаман қылмадың.

Әділетпен жүрдіңіз,

Әдепті іске кірдіңіз [2, 112].

Бұхар түсінігіндегі Абылай — осындай әмірші.

Сондықтан да Абылай ажал жастығына бас қойғанда:

Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан ханым-ай,

Қайырусыз жылқы баққан ханым-ай,

Қалыңсыз қатын құштырған ханым — ай,

Үш жүзден үш кісі құрбан қылсам,

Сонда қалар ма екен қайран жаның-ай [2, 112].

Деп зар айтқан Бұхар әміршісі дүниеден көшкен соң оның басында отырып жас төгеді, шын көңілмен жоқтайды.

Ш. Уәлиханов шығармаларында басылып жүрген Бұхар жыраудың «Абылай өлгенде айтқаны» деген өлеңін профессор Ә. Марғұлан Шоқан шығармаларының бірінші томына еңгізіп, сол томның түсіндірмесінде ғылыми пікір түйеді. Бұл өлең ерте жазылып алынғандықтан өзінің ескі сипатын сақтаңқырағанға ұқсайды. Осыдан болса керек,

Әдебиет:

1. Төреқұл, Н. Даланың дара ділмарлары. — Алматы «Қазақстан», — 2006—592б.
2. Бес ғасыр жырлайды, — 1 том «Жазушы» 1989.
3. Бердібаев, Р. «Кәусар бұлақ». Алматы «Жазушы» 1989.

XVIII ғ. Қазақ қоғамының Үш орда (жүздік) құрылымы

Балгожин Маргулан Алтынмуратович, аға оқытушы

Темиржанова Шолпан Мейрамовна, оқытушы.

Қазақстан Республикасы, Қарағанды

Әрбір ұрпақтың өткен тарихты оқып үйренуі, одан тағлым алуға деген талпынысы барлық ұлттармен халықтар үшін заңды құбылыс. Қазақ халқы қазіргі ме-

жыраудың белгілі өлеңдерінен бұл өзгешелеу. Өлең мәтінінен мынадай үзінді келтіруге болады:

Күпшек санды күренді

Тәбияға жаратқан,

Қырық сан қара қалмақты

Жарлығына қаратқан.

Айбалтасын алтынменен булатқан,

Алафасын арттырып,

Арпалап атты қунатқан.

Лабашы деген бір еліне

Антыменен улантқан,

Еренші мен Серенді

Тозғындатып құлатқан.

Перістесін жұрт үстінен дулатқан [2, 105].

Жырау осы ретпен Абылайдың тіршілігінде істеген даңқты істерін мадақтай еске алады. Марқұмның ерлігін, салтанатын, байлығын сөз етеді. Бұхардан қалған мұраның ішіндегі ең көркем туындылардың бірі болып есептелуге тиіс осы жоқтау жыр:

Ғаділдігін Наушаруан Ғаділге жеткерген,

Жомарттығын Хатымтай Жомарттан өткерген.

Күнде мехман күзетіп,

Кесекілеп ет берген,

Имандының бетіне қарап бет берген,

Бір құдайдың дидарын

Сен көрмесең кім көрер:

Табандасқан дұшпанға

Күнінде қылыш шауып өткерген, —

деген сөздермен аяқталады [2, 113].

Бұхар Абылай саясатын жақтайды. Абылайдың сыртқы саясатына араласып, ақыл береді. Сондықтан да ол әміршісінің күшті болуын тілейді. Абылай хандығының нығаюы, хан үкіметінің берік болуы үшін күреседі. Бұл жолда ол тіпті ханның тұрақты армия жайын ойлауын, әскери аристократия өкілдері — ықпалды феодалдар мен батырларды үнемі өзіне жақын, ұрыс — соғыстарға сай ұстауын қалайды.

кеніне басқа жақтан ауып немесе басқыншылық жолмен келген жоқ. Олар ғасырлар бойы осы аймақта мекендеген тайпалармен халықтардан қалыптасты және қазақ

халқының қалыптасу тарихы мейлінше терең және күрделі. Оның тарихы белгілі бір ғасырлармен шектелмейді. Қазақ халқының арғы ата тектері тарихта әр түрлі этнонимде белгілі. Мысалы, «Қазақ» «Үш жүз» тағы басқа этнонимдерінің пайда болу мен шығу тегі туралы мәселеде ғалымдар арасында бірыңғай пікір жоқ. Яғни болжамдар, пікірлер көп, ал нақты ғылыми түпкілікті жауап жоқ. Осындай пікір-таластар ғылыми тұжырымдар Отан тарихының барлық саласында орын алады.

Қазақтардың бүкіл әлеуметтік және құқықтық негізі, өздерін жеке ұлттық бірлік ретінде тануы — рулық бастауында жатыр. Ол қоғамдық өмірдің ежелден қалыптасқан негізгі рулық туыстықты мойындауы болып табылады, рулық туыстықты мойындау, сонымен бірге, өмір сүрудің, экономика мен әлеуметтік өзін-өзі қорғаудың негізгі кепілі болды. Әрбір халықтың тарихында бұрындары болып өткен және қазіргі кезеңде болып жатқан көптеген тарихи оқиғалар өздерінің ауқымына, әсер етуші факторларға қарай, сондай-ақ өзінен кейінгі тарихи дамуға тигізген әсеріне, ықпалына қарай сол халықтың тарихында белгілі бір маңызға ие болады. Кейбір тарихи оқиғалардың маңыздылығы белгілі бір кезеңнің ішіндегі даму процесіне әсер етумен шектеліп қойса, ал кейбіреулері бүкіл бір тарихи дәуірдің барысына ықпал жасайды, сол дәуірдің негізгі мәндерін қалыптастыруда роль атқарады. Мұндай тарихи оқиғалар тарихи дамудың барлық жақтарына да өзінің ықпалдарын тигізеді. Қазақстан тарихында, оның ішінде ортағасырлық дәуірде зор маңызға ие болған тарихи оқиғалар жеткілікті. Солардың қатарында ерекше орын алатын, ірі оқиғаға — Қазақ қоғамының Үш орда (жүздік) құрылымы жатады.

Қазақ мемлекетінің құрылысында «үш жүз» сөзінің шығу тәркісіне тоқталып кеткеніміз жөн болар деп есептейміз. Қазақ жүздерінің генетикалық-этникалық мағынасы жоқ, тек қана географиялық-әкімшілік аумақтық топтасудан туған термин. Өйткені бізге жеткен тарих деректеріне жүгінсек, елді үшке бөліп басқару дәстүрінің тым ертеден, біздің жыл санауымыздан бұрынғы үшінші ғасырдан — хуннулар (хұндар) заманынан бері бар екенін және оның үзілмей жалғасып келе жатқанын көреміз.

Мысалы, хуннулардың Ұлы тәңір құты Мөдә өзі жаулап алған ұлан-ғайыр жерді үшке бөліп, елдің шығыс жағын өзінің баласына, батыс жағын бауырларына басқартады, ал осы екеуінің ортасындағы өлкені өзі иеленеді. Түрік қағанатынан кейін тарих сахнасына шыққан қазіргі Қазақстан жеріндегі мемлекеттер: Түргештер де, Қарлықтар да, Қарахандықтар да дәстүрлі үшке бөліп басқаруды қабылдаған. Түрік мемлекетінің орнына билік құрған Шыңғыс хан да, өзіне бағынған түрік елін үшке бөлді. Мұндай ел басқару тәсілін Тәуке ханның да қабылдағаны белгілі. Бірақ негізгі билік тізгіні үлкен орданың өз қолында қалып отырды.

Қазақ жерінің үш жүзге (үш ордаға): Ұлы, Орта және Кіші жүзге бөлінуінің негізгі себебі сыртқы және ішкі жағдайға байланысты болды.

Ал үш жүз атауы Орда терминінің мағынасы ретінде қағаз бетіне түскен ең алғашқы жазба дерек орыс патшасының қазақ даласына жіберген елшісі Мәмет (Құтлымбет) Тевкелевтің Сыртқы істер алқасына 1732 жылы 5 қаңтарда жазған хабарламасында айтылды, онда: «Қазақ Ордасы ежелден үшке, нақтырақ айтсақ, Үлкен, Орта және Кіші жүз деп бөлінеді», — дейді [1, б. 60]. Қазақ халқының бөлінбейтін біртұтас халық екендігін Патшалық Ресейдің белгілі ғалымдары да мойындады. Қазақстанды басқару туралы ережелерде: «Жергілікті жағдайдың қажеттері мен халықтың тұрмысын зерттеуге қарағанда қазақтар, өзінің шығу тегі, діні, тілі және тұрмыс салты жөнінен бір халық болып табылады» [2, б. 61–64], — деген. Олай болса, үш жүздің қазақтары бір қазақ ұлтын құрайды.

Қасым ханның тұсында маңғыттардың немесе ноғайлардың есебінен саны миллионға жеткен. Хан болып сайланғаннан кейін Тахир ноғай мырзаларымен тіл табыса алмай, нәтижесінде екі арадағы достық қатынас бұзылып, соғыс қаупі төңген. Соғысуға әскер күшінің жетіспейтінін түсінген Тахир хан шығыстағы Моғолстанға көшпекші болғанда, ноғайлар оған ермей, Жайық бойында қалып қойған. Тахир хан Моғолстанға Қазақ хандығының негізін қалаған 200 мың «қазақ» аталғандармен бірге қайтып оралған [3, б. 385].

Егерде Қасым хан, Алаша аталған Ахмет хан 1503 жылы өлгеннен кейін өзінің қазақтарымен Жетісуға көшіп келсе, оған қазақтың болашақ Ұлы жүзінің рулары қосылып, хандықтың халқы көбейген, ал егер Қасым хан батыстағы Жайық бойына қоныс аударса, онда оған Ұлы жүз рулары ермей, ата қоныстарында қалып, қазақтардың саны енді ноғайлардың есебінен миллионға жетіп көбейген. Қазақтардың осы саны, тіпті Тахир хан болған 1524 жылдан 57 жыл өткеннен кейін 1582 жылы жазылған түрік Сейфи Челебидің «Тауарих» атты еңбегінде де, 200 мың деп көрсетілген [4, б. 97]. Осындай тарихи фактілерге сүйене отырып, біз, 1600–1603 жылдары Ормамбет би өлгеннен кейін Үлкен Ноғайлы ұлысының бір бөлігі Жайық бойынан Арал теңізінің солтүстік-шығысы мен Сырдың төменгі ағысына қоныс аударып келуіне және қалмақтардың 1603–1604 жылдардың қысында Жетісудағы болашақ Ұлы жүз руларын Қазақстанның орталығы мен оңтүстігіне ығыстыра Хорезмге шабуыл жасауына дейін, яғни қазақ жүздері пайда болғанға дейін «қазақ» атауымен тек қана қазақтың болашақ Орта жүзінің тайпалары ғана аталған дейтін пікір білдіре аламыз.

Жоңғар қалмақтары Қазақстанның солтүстік-шығысында, солтүстігінде, батысында көшіп қонып жүрді ал, 1603–1604 жылдың қысында олардың бір бөлігі Жетісудағы болашақ Ұлы жүз тайпаларын Сарысу өзенінің арғы бетіне ығыстыра отырып, Қазақстанның оңтүстігі арқылы Сырдариядан өтіп, Хорезмге шабуыл жасап, оны тонап, Каспий мен Арал теңіздерінің аралығымен жылжып, Жем өзені бойына келіп тұрақтады. Сыр бойындағы қалалар мен Сайрам, Ташкентке оңтүстіктен Аштархани әулетінің хандары қауіп төндірді. Осылайша

қалмақтардың жан-жақтан ығыстыруынан XVII ғасырдың алғашқы онжылдығында «қазақ» аталғандарға Жетісудан Ұлы жүз тайпаларының, батыстан Ормамбет би өлгеннен кейін және қалмақтардың Жем бойына келуінен ығысқан ноғайлардың бір бөлігінің қосылуынан, батыспен шығыстағы екі бөліктің немесе бет — жүздердің қосылуынан үш жүзден тұратын біртұтас қазақ халқы мен Қазақ мемлекеті пайда болды.

Қазақ жүздерінің пайда болуы — Жошы әулетінің үш ұлысы немесе мемлекеті және Шағатай ұлысы немесе мемлекеті құрамында үш жарым ғасыр бойы қалыптасқан. Аталмыш ұлыстар құрамында тек қазақ жүздері ғана емес, сондай — ақ қазіргі қазақ тілінің солтүстік — шығыс, батыс және оңтүстік диалектілері де қалыптасқан.

Қазақ хандарының тарихы, қазақ ордаларының (жүз) үшке бөлініп аталуы ежелгі заманнан бар дәстүр: әскерді, мемлекетті әкімшілік тұрғыдан басқару жүйесінен болған. Тек қана жерге, аймақтық топтасу мен басқарудан туған термин.

Қазақ шежіресінен Хақ Назар кезіндегі Қазақ хандығымен Шайбанилер арасындағы саяси жағдайдың тартыстары бола бергенін аңғарамыз. Оған дәлел Ақназар қайратты батыр атанып, өзбек басқаншыларды ығыстырғаны деп жазады Мәшһүр Жүсіп.

Шәкәрім шежіресі бойынша қазақтың үш жүзін Ахметханның үшке бөліп билеуімен байланыстырады. Онда Ахмет хан қазақты үшке бөліп ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз деп қалмақты шаба берген соң, қалмақтар Ахмет ханды Алашы қойыпты. Ол қазақ ханы болған емес. Шәкәрімнің Ахмет ханды қазақтың ханы деп тануға, Абайдың атап көрсетуіне байланысты. «Бірі сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген еңбегінде Абай «Ахмет-Алаш қазақты биледі» деп көрсеткен болатын. Қазақ хандығы Моғолстан жерінде хандық көтерді демесеңіз, екеуі де бөлек хандықтар. Бұған дәлел қазақ хандығының хронологиясында да Сұлтан Ахметтің атының кездеспеуі.

«Жүз» деген ұғыммен бірге «Алаш», «қазақ» этнонимдерінің аталуы қазақ аңыздарында орын алған халық арасында айтылатын аңыздардың мазмұны ұқсас келеді. Мұның бір тарабы. Мәшһүр Жүсіптің жазбаларында былай түсіндіріледі: «Бұрынғы заманда қазақтың Жүз деген де аталарының аты болса керек, «Жүз деген атты руға, «Алаш» деген ұранға қойып жауға шапқанда «Алаш», «алаш» деп шабындар, «Алаш, алаш» дегенді ұрып жық деп бата қылысыпты.

Жүз ұғымының оның ішінде үш жүздік құрылымға байланысты ең алдымен айтылатыны жоғарыда көрсетілгендей территориялық — шаруашылық аймақ ерекшелігі. Енді осы сөз этимологиялық тұлғасына тоқталып, мағынасын ашуды талап етеді.

Жүз мәнісіне Қ. Халид былай анықтама берген: «үш жүздің жазылған хикаялардан байқағанда үш ұлдың аты екендігі, болмаса оларды үшке бөлгенде әкімдеріне берілген мансаптың аталуы екендігі тарихи шындық Ресейде аға сұлтан, қытайда уаң, күн сияқты, арабша жүз дегені — бөлшек, тон мағынасында айтылуы ақылға

сияды». — дей келе, осы себептен кейде арабша «жүз», кейде «бөлшек» болып жазылатынын, тіпті ноғайда кездесетіні жазады. Зерттеуші М. Тынышпаев берген ғылыми анықтамасында да осы пікірді нақтылай түседі. «Жүз» сөзі «жүздік», «жақ», «бөлік» болып аударылғанымен мағынасы ашылмайтынын айтады. Ғалым бұл сөздердің көне түркі тілінде «камал», «Орда» дегенді білдіретінің келтіреді және осы сөздің мағынасымен байланыстырғанды жөн көреді.

Қазақтардың үш жүзге бөлінетінін, жүздерді орыстар Орда деп айтатынын Ш. Уәлиханов «Қырғыз, шежіресінде» жазады. Көшіп-қонудың маусымдық сипатын ескермейінше, көшпелі шаруашылық ерекшеліктерін түсіну қиын.

Қазақтар жаппай көшкен кезде мынадай тәртіпті ұсынады: кездейсоқ басқа рулар оп-оңай қонып алуы мүмкін, жайылымға қолайлы жерден айрылып қалмау үшін барлық рулар бір бағытта көшеді. Сол арқылы мейлінше қатаң тәртіп сақтайды. Қыстығүні көшіп-қону үшін бөлімнің қандайында болса да, белгілі бір жер болады, ал жазғы жайлау да сондай, оларды әркім меншікті жері ретінде иеленеді, сондықтан оны өз иесінен басқа ешбір бөгде адамдар пайдалана алмады. Олай болмаған жағдайда барымта қозады [5, б. 156].

Кіші және Орта орданың иелік еткен жерлерін хатқа толық түсірген патша шенеунігі П. И. Рычков еді [6, б. 72]. XVIII ғасырдың ақырындағы қазақ тайпаларының жер меншігі туралы аса құнды материалдар бар. Өзінің «Ұлы, Орта және Кіші Орда болып бөлінетін қазақтар туралы» мәлімдемелерінде Орынбор генерал-губернаторы Г. Волконский Үш Жүздегі қазақ тайпаларының көші-қоныстық жерлері жайлы мағлұматтар береді. Г. Волконский бұл деректерін өздеріне қарасты ұлыстарды жақсы білетін ру басшылары арасынан жинаған.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің тарихнамалық мұрасы жазбаша қазақ шежіресіндегі дәстүрлі бағыт болып табылады. Ауызша тарихи мәліметтер бірден-бір деректеме етілген. Ол былай деп жазады: «Біздің қазақта тасқа таңба басқандай анық шежіре жоқ. Оқу мен жазудың жоқтығынан жазылған шежіре болмаған. Естігенін ұмытпайтын құлағының тесігі бар, кеудесінің есігі бар, ұқпа құлақ жандар болған. Сондай жандардың айтуымен кеудесі хат, естігені, көргені жар болған қариялар кейінгіге ауыздан ауыз алып айтумен үлгі-өсиет қалдырған» [1, б. 73]

Қазақстан тарихы жөніндегі қорытушы еңбектерде империяның шығыстағы саясатының әскери-стратегиялық мәні қазақ хандықтарының Ресеймен экономикалық және саяси байланыстарын нығайтуға бағытталған әрекет деп түсіндірілді [2, б. 68].

Мақаламызды қорытындылай келе біз Үш орда мәселесінің қалыптасу процесі аса күрделі екеніне, Қазақстанның отарлық кезеңінің тарихына, әсіресе оның түйінді мәселелеріне отандық тарих негізінен еліміз тәуелсіздік алғаннан соң назар аударыла бастағаны анық. Аталған мәселелердің барлығын кешенді түрде қарасты-

рған жағдайда, болашақта қазақ халқының шығу тегінен бастап, бұралаңа көп тарихи кезеңдерін, халық болып қалыптасуының аяқталуына дейінгі қатпары мол тарихын зерттеуге жол ашары сөзсіз.

Әдебиет:

1. Аманжолов, К. Түркі халықтарының тарихы. 3 кітап. Алматы, 1999.
2. Аманжолов, С. Вопросы диалектологий и историй казахского языка. Алматы. Санат. 1997.
3. Қазақстан тарихы. II том. Алматы. Атамұра. 1998. 376 бет.
4. Бартольд. Сочинения. Том II. ч. I. изд. Вост. лит. Москва. 1963.
5. Аманжолов, Қ., Рахметов Қ. Түркі халықтарының тарихы. «Білім», Алматы, 1997
6. Қазақ ССР тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін), бес томдық. Т 3. Алматы, «Ғылым», 1982.

Қазақ дүниетанымындағы сөз құдіреті

Беркінбекова Ажар Мухамеджановна, аға оқытушы. ҚарМТУ

Өлең сөзінің байыбына терең мән беріп, сөз өнерінің құдіретін, әдемілігін, нақышын келтіріп, сөз кеңістігін байытқан ақынның көркемдік әлемі мен талғамы биік болары сөзсіз. Ұлы ғұлама, дана аталарымыз өлең өнерінің мазмұн-мәніне жоғары талаптар қоя білген. Сөздің өлең сөзіндегі орнын жақсы түсінген. Сөз құдіретті. Сөз — бір әлем. Сөз — адам өмірін айшықтайтын, адам танымын танытатын, кеңітетін құрал. Қазақта «Жақсы сөз — жарым ырыс» деген аталы сөз бар. Яғни, берекеттің бір ұшы, құт-берекенің қадір-қасиеті де осы «Сөз» деген ұлылықтан шығып отыр. Неше ғасырлық тарихқа, шежіреге бай халқымызда қара қылды қақ жаратын әділдігімен бір руды, одан қалса, бір ауылды басқарып, жол сілтеп отыратын, ақсақал қариялар, одан билер мектебі қалыптасқан кезде де «Сөз» құдіреті өз мәнін жоймаған. Ақты ақ деп, қараны қара деп әділдікпен тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін кесіп айтқанда, жүгірген баласынан еңкейген қартына дейін тағы да «Сөз» құдіретіне бас иген. Халқымызда «Аталы сөзге арсыз ғана тоқтамайды» деген даналы сөз осыдан қалса керек.

Сөздің адам баласының жан дүниесіне әсер ететін дара қасиеті де баршылық. Сондықтан сөзді басқа атаумен энергия, құбылыс, толқын, күш-қуат, нұр, яғни әсер ретінде танығанымыз дұрыс. Бұл сөзімізге өзіміздің ойшыл, кеменгер аталарымыздың сөздері мысал бола алады. Даналықтың иісін сезіп, дәмін татқан ұлы Абай, Шәкәрім аталарымыздың жүрекке ерекше әсер беріп, бойды шымырлата, ойды қозғалта айтқан өнегелі өсиеттері мен қазыналы сырға толы сөздері адам баласының жанын жадыратары сөзсіз.

Ұлы Абай атамыз сөздің орны мен мәнін, талабын былай өрнектеген:

Ақылмен ойлап білген сөз,
Бойыңа жұқпас сырғанар.
Ынталы жүрек сезген сөз,
Бар тамырды қуалар.

Ақынның сөзге қойған талабы «жүректен сезіну», «жүректен қабылдау». Сөздің мәнісін тек ойлап қою емес ақылмен ойлап шешкеннің өзі аздық етеді. Сөзді жүрекке сездіртсе, яғни жүрек сүзгісінен өткізсе ғана айтпақ ой дәл болып, мақсатқа жетеді. Ал жүрек таразысынан өткен сөз жұдырықтай жүректі іске қоспай, әсер етпей қоймайтыны сөзсіз. Себебі жүрек — бүкіл дененің басқарып тұрған «патшасы». Ұлы ғұламаларымыздың бұл ойлары қасиетті Құран аяттарында, пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадистерінде: «Қиямет күні менің алдымда сендерге мал-мүлік, перзент, бақ-дәулеттеріңнен ешқандай пайда жоқ. Тек ол адам маған кіршіксіз таза жүрегімен келсе ғана пайда бар» (Шұғара сүресі, 87 аят), «Шын мұсылман сол, егер он екі мүшесін жүрегіне, жүрегін Құдайға тапсырса» делінсе, тағы бір хадисте: «Ақиқатында Алла Тағала сіздердің түрлеріңізге, байлықтарыңызға назар салмайды, бірақ та жүректеріңізге, жасаған көркем амалдарыңызға қарайды» дейді. Олай болса, жүрек — Ұлықтың Ұлығы назар салып қарайтын орны [1].

Бұл турасында даналықтың дариясын кешкен Шәкәрім атамыз:

Осы сөзді дұрыс деп,
Жүрек соқты құптады.
Түзу істі бұрыс деп,
Ол жасырып тықпады, —

дейді. Яғни, тізгінді тағы сол жүрекке беріп тұр. Ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін айырып, бүкіл сұрақтарына тек жүрек дұрыс жауап бере алады.

Енді осы жүректі іске қосып, оған ойлануға, ақылмен шешіп, әрекет етуге көмектесетін бірден-бір жәрдемші, ықпал етуші — шын жүректен шыққан сөз. Жүректен шыққан сөз жүрекке барып жетеді демекші бұл ойды Шәкәрім атамыз:

Сыртқы сөзің шын болса,
Ішің толған жын болса,
Жүрегіңде мін болса,
Айтқан сөзің ем емес! —

десе, Абай атамыз:

Ет жүрексіз ерінің айтпа сөзін,

Тіл үйренген нәпсінің қу мінезін,

Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма?

Шымылдық боп көрсетпес шыңның жүзін.

Бұл сырлы шумақта айтар сөзің жүректен шықпаса, құр тілмен сөз айтуға хақың жоқ дейді. Себебі, келер зиянның тең жартысы — жүректен шықпаған құр ауызбен, құр тілмен айтылған беталды сөз. Бүкіл жамандық атаулы осы тілден табылады. Егер біз тілімізге абай болмасақ, адамдар арасындағы барлық дұшпандық пен жауыздық әр уақыт тілдің кесірінен басталады. Сондықтан да дана халқымыз «Тау мен тасты жел бұзады, адамзатты сөз бұзады» немесе «Басқа пәле тілден» дейді [2].

Бір хикаяда патша бір дана адамды сынау үшін екі түрлі тағам пісіріп беруін, бірі өте дәмді, ләззатты, екіншісі өте дәмсіз, мазасыз болуын өтінеді. Ол адам екі тағамды да тілден пісіріп, патшаның алдына алып келеді. Патша: «Бір нәрседен пісірілген екі тағамның бірі «жақсы» және бірін «жаман» деп ұйғаруыңның себебі неде?», — деп сұрайды. Сонда әлгі дана: «Ей, патшам, адам ұрпағын жақсылыққа, жоғары дәрежеге жеткізетін де — осы тіл, керісінше жамандыққа ұрындырып, басына пәле болып, құртатын да — осы тіл. «Қызыл тіл — көгерген басты жоқ қылады» деген нақыл сөз осыдан шықса керекті», — деп жауап береді. Осы турасында әулиелердің сыр сөздерінде де: «Өз тілің өзіңе қорған және өз тілің өзіңе бәле» деп келеді. Тіл — адам баласының аса маңызды қарым-қатынас құралы. Иманды не имансыз екеніне куәгер болатын және жүректегі құпия сырларды түгел көрсетіп тұратын айна.

Шәкәрім атамыз:

Сөнген ойды жандыруға,

Жан берерлік сөз керек, —

дейді. Өлген жүрегімізді тірілтіп, сөнген ойымызға жан беретін сөз құдіретін айтады. Шынында да, қарапайым өмірде біреуге үлкен махаббатпен, жылумен сөз айтсаң немесе өзіңе, мейлі ол әке-шеше, туыс-бауыр болсын, досың болсын, тіпті, танымайтын бейтаныс жан болсын маңдайыңнан сипап, жылы сөз айтса, жаның жадырап, ерекше бір сезімге бөленесің. Рухың асқақтап, айналадағы адамдарға, өзіңді қоршаған жаратылысқа махаббат көзімен қарап, бүкіл әлемді құшағыңа қысып, сол жүрегіңдегі қуанышпен бөліскің келеді. Осындай күйді кешкізетін тағы да — «сөз» құдіреті. Абай атамыз:

Буынсыз тілің,

Буулы сөзің

Әсерлі адам ұлына, —

дейді. Ал Қасиетті Құран-Кәрімде: «Көркем сөз тамыры мықты, бұтағы көктегі бір көркем ағаш тәрізді. Ол Алланың бұйрығынша әр уақыт жемісін береді. Ал жаман сөз, жердің бетінен қопарылған орнықсыз ағаш сияқты» (Ібраһим сүресі, 26-аят) делінген.

Сөздің тек адам баласына ғана емес, сондай-ақ қоршаған табиғатқа, жан-жануарларға, өсімдіктерге, заттарға әсер ететіні туралы ғалымдар зерттеу жүргізіп, жаңалықтар ашқан. Ресей ғалымдары жүргізген тәжірибе

бойынша үш бірдей ыдысқа бір күнде ішіне тең мөлшерде күріш салып, су құяды. Су құйған бойда бірінші ыдысқа «Сен жақсысың» «сен әдемісің» деп тек мақтап, жақсы сөздер айтады. Екінші ыдысқа «сен жамансың» «сен әдемі емессің» деп жаман сөздерді айтады. Ал үшінші ыдысқа ештеңе айтпай көңіл бөлмей қоя салады. Бірнеше күндік тәжірибеден кейін қарағанда, алғашқы мақтау сөздер айтылған ыдыста күріш өніп, шыға бастаған. Екінші ыдыстағы күріштің түбі қарайып, түсі күңгірт тартып, ешқандай өнім байқалмаған. Үшінші ыдыста, тіпті, тіршілік нышаны көрінбеген. Ғалымдар үлкен жаңалыққа тап болып, сөздің қарапайым суға әсерін осылай дәлелдеген. Бұл тәжірибеден үлкен қорытынды жасауға болады. Жай көзбен қарағанда күнделікті тіршілікте пайдаланып, жете мән бермейтін суға ондағы өнімге сөздің әсері осындай болса, ақыл-есі, санасы, жаны, жүрегі бар адам баласына сөз еш әсер етпейді деу қателескендік болады. Ғалымдар сөздің қасиеті туралы мынадай жаңалыққа тап болады. Сөз ақпарат ретінде сақталып жоғалмайды. Яғни, сөз айтылып жатқанда айналадағы заттарға нәзік материя ретінде сақталып қалады.

Қазақта «тіл тиді», «тіл көз тиді» деген сөз бар. Адамның тілі, көзі өткенде соның әсерінен ауруға шалдығып, тұра алмай қалатын жағдайлар көп болады. Сондықтан келер пәленің алдын ала білген халқымыз «тіл көзден сақтасын» деген ниетпен тұмар, көз моншақ тағып қоятын болған. Тұмарда қасиетті Құран сөзінің аяттары жазылады. Ал Құран сөзінің әрбір әріпін жетпіс мың періште қорғап тұрады делінген. Тіл-көз тиген адамның емін ешбір емхана, дәрігер емдеп бере алмайды. Сондықтан мұндай дертке шалдыққан адамды аузы дуалы, көпті көрген ақсақалға, ұстазға немесе молдаға апарып Құран аяттарымен дұғаларын оқып үшкірткен. Құран сөздерінің шарафатынан ауру жан дертінен құлан таза айығып кететін болған. Бұдан шығатын қорытынды 144 мың сүре, 6666 аятпен әлемнің сырын жасырған қасиетті Құран сөздері адам баласының басын ажалдан арашалап қалатын қасиетін көрсек, адамдар арасындағы мейірбандылықпен, махаббатпен айтылатын «жай сөздердің» қадіріне жете алмай жүргендігімізге көз жеткіземіз. Абай атамыз:

Біліміден шыққан сөз

Талаптыға болсын кез

Нұрын сырын көруге

Көкірегінде болсын көз, —

дей келе, тағы да:

Қарны тоқ, қас надан ұқпас сөзді,

Сөз ұғар, көкірегі болса көзді

Қадірін жақсы сөздің білер жанға

Таппай айтпа оған да айтар сөзді, —

десе Шәкәрім атамыз:

Жүкпайды екен айтқан сөз

Ғылымы жоқ наданға

Кеудесінде болса көз

Жұғар мұндай адамға, —

дейді. Сөздің нұрын, сырын көру үшін, байыбын, мәнісін терең түсіну үшін аталарымыз «көкірегінде көзі»

болса деген үлкен талап қояды. «Көкірек көзі» дегенді қалай түсінеміз? Бұл мәселе жөнінде Құран — Кәрімде: «Бұлардың бас көздері соқыр емес, бірақ көкіректеріндегі жүрек көздері соқыр» (Хаж сүресі, 46 аят) Осыған орай Пайғамбарымыз с.ғ.с. бір хадисінде: «Зор қуаныш — сол адамға, жүрегінің көзі ашылған болса!» — делінген. Яғни қояр талап «жүрек көзінің» ашылуы.

Енді Абай атамыздың «Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы» деген өлеңінен осы алғашқы жолды ашықтап көрсек. Атамыздың айтпақ ойы не еді? Сөздің патшасы, сөздің сарасы «өлең» дегені ме? Өлең дегеніміздің өзі айтпақ ой айқын болып, ұйқасқа құрылып жазылады. Екінші бірі ұйқас құрып, өлең шығара алады. Сонда сол өлеңнің барлығына «сөздің патшасы», «сөздің сарасы» деп баға бере аламыз ба? Осы өлең жолының мәніне терең бойлап, байыбына барсақ, атамыздың айтар ойын дәл түсінетініміз анық. Бұл өлең жолында тыныс белгісінен кеткен қателіктер болу керек. «Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы» емес, «өлең сөздің патшасы — сөз сарасы» десек, бұл жерде «өлең» деген сөз емес, «өлең сөз» деген сөздің маңызды екенін көреміз. «Сөз сарасы» деп тұрғанымыз — «өлең сөздің патшасы». Әр нәрсенің қадіріне жету үшін сол нәрсенің түбінен жасырынып жатқан құпия

сырды іздеп тауып, дәмін тату керек. Абай, Шәкәрім сынды кемеңгерлеріміздің мұраларына үңілудің өзі — үлкен бір әлем, бір сыр.

Сөз мәнісін білсеңіз,

Ақыл-мизан өлшеу қыл, —

дейді Шәкәрім атамыз. Әр сөзінің түбіне шын көңілмен, жақсы мен жаманды ажыратушы ақыл таразысына салып, өлшеп кессең, өзіңе сырлы әлемнің есігін айқара ашасың. Сондықтан аталарымыздың шығармаларына жәй «өлең сөз» емес, «сыр сөз» деп айдар тағып атасақ, нұр үстіне нұр болар еді. Себебі, аталарымыз Құран-Кәрімнің, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадистерінің маңыздарынан алып, өз тілімізде өте түсінікті қылып, ұрпақтарына үлгі-өнеге етіп қалдырып кеткен. Сондықтан аталарымыздың «сыр сөзі» — Құранның «аят сөзі» деген қорытындыға келеміз.

Сөздің даралық, әсерлік қасиеттерін ашықтай келе осындай үлкен жаңалықтарға тап болуға болады. Келтірілген мысалдардан, Құран аяттарынан, Пайғамбарымыздың с.ғ.с хадистерінен, аталарымыздың сыр сөздерінен сөздің рухани қару екендігіне көз жеткіземіз. Сондықтан бір-бірімізге, айналадағы қоршаған заттарға махаббат көзімен қарап, жылы сөз арнауға міндеттіміз. Сонда ғана өміріміз мәнге, мағынаға толы болмақ.

Әдебиет:

1. Шәкәрім. Иманым. А., 2000.
2. Абай. Шығармалары. А., «Жазушы» 2004.

Қаз дауысты Қазыбек-қазақ даласындағы ұлы феномен ретінде

Джалилов Курбан Шамильевич, ф.ғ.к. доцент
Сарсенбеков Нурсултан Жумабекулы, ӘГП кафедрасының аға оқытушысы

Қаз дауысты Қазыбек би — қазақ халқының ұлы үш биінің бірі, көрнекті қоғам қайраткері. Бидің жастық шағы мен бүкіл саналы өмірі қазақ елінің өз ішінде рулық-тайпалық алауыздықтар мен хандық билікке таластың неғұрлым өршіген, көрші мемлекеттердің көз тігуі жиілеп, Жоңғар шапқыншылығы үдей түскен кезеңге тап келді.

Жас Қазыбек ел тағдыры сынға түскен қысылтаяң шақта, қиыннан қиыстырып, жүйесін тауып, зор шығармашылық шешендікпен сурылып алға шығып, түйдек-түйдек ой тастап, Жоңғар Қоңтәжісін өзімен санасуға мәжбүр етеді — өз шешендігіе, шешендік өнерді халықаралық саяатта сәтті жүзеге асырады.

Шешендік сөздердің аса мол қолданылған, қазақ қоғамындағы даулы мәселелерді шешуге араласатын маңызды жанры — шешендік дау сөздері. Шешендік дауларды шартты түрде мазмұнына қарай жер дауы, жесір дауы, құн дауы, мал және ар дауы деп бес түрге бөлуге болады. Шешендік даулар құрылымы жағынан келгенде кіріспе, кеңес, билік, немесе кесім сияқты бөлімдерден тұрады.

Сонымен қатар, әр даудың мазмұнына сәйкес, өзіндік ерекшеліктері бар [1].

Ол 1667 жылы Сырдария жағалауындағы ауылда дүниеге келіп, жастық шағын Қаратау, Ұлытау атырабында өткізген. Семіз-бұғы тауының етегіндегі Теректі қыстағында 97 жасында дүниеден өткен. Шежіре деректер бойынша Қазыбек Арғынның Қаракесек руынан. Сол Қаракесектің Болатқожа атасынан Бұлбұл, Шаншар туады. Бұлар да және өз әкесі Келдібек те оқыған, тоқығаны көп, ел ішінде аттары сыйлы, әділ билер болған.

Қаз дауысты Қазыбек бидің оқыған жері, алған білімі қазақтың кең даласы. Ел аузындағы әңгіме, аңыздар мен шешендік сөздер оның өз заманында білімді де жетелі, халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүр, рәміздерін, ата жолы заңдарын мейлінше мол меңгерген, озық ойлы, әділ де көреген, батыл да батыр адам болғандығын айқын аңғартады.

Өз Тәуке хан құрған «Билер кеңесінің» мүшесі, атақты шешен, Орта жүздің төбе биі, «Жеті жарғы» аталатын

зандар кодексін шығарушылардың бірі. Шыққан тегі Орта жүздің Арғын тайпасының Қаракесек руынан.

Қазыбектің анасы Тоқмейіл ұтымды да тапқыр сөздерді көп білетін зерек кісі болыпты. Анасы айтқан есті сөздерді кішкентай күнінен жаттап өскен ол ер жете келе өзі де солай сөйлеуге машықтана бастайды. Осы өнерінің арқасында бала биден дана биге айналып, «қара қылды қақ жарған Қаз дауысты Қазыбек би», «алты алаштың ардағы» деген атаққа ие болады. Содан болар Тәуке хан мемлекет тұтастығына жарықшақ түсірмей, халықты бірлікте ұстау үшін үш жүзді өзінен шыққан үш биге билету арқылы басқарғанда, Орта жүзге осы Қазыбек биді тағайындайды. Ол ел басқару ісіне араласып, Қазақ хандығының ішкі сыртқы саясатына елеулі ықпал жасап отырады.

Жоңғар басқыншылығына қарсы халық күресін ұйымдастырушылардың бірі болған Қазыбек би елдің азаттық алуы жолында аянбай тер төгеді. Абылай сұлтан жоңғарлардың қолына тұтқын болып түсіп қалғанда, оны босатып алуға белсене араласады. Сондай ақ ол Ресей, Бұхара, Хиуа мемлекеттері арасындағы еларалық мәселелерге де араласып, бейбітшілік пен достықты дәріптеуші мәмілегер болған, аразды татуластырып, алысты жақындастырып отырған [2].

«Елдестірмек елшіден», — демекші, ол елшілік қызметті де мінсіз атқарған тұңғыш дипломат. Оның тұңғыш рет он сегіз жасында елшілікке атшы болып барып, басшы болып қайтқаны ел аузында әлі күнге аңыз болып айтылады.

XVIII ғасырдың алпысыншы жылдарында Чиң империясы Қазыбекті өз жақтарына тарту мақсатымен оған елші жіберіп, мол сыйлықтар тартады. Бірақ ол Қытайдың қол астына қарауға қарсы болады. Сөйте тұрып, Абылайды Чиң империясымен тығыз қарым қатынас жасауға шақырады.

Үш жүздің ішіндегі шешуі қиын, ең күрделі мәселелердің басы қасында жүріп, хандардың сенімді ақылшысы, халықтың ханға бергісіз биі болған Қазыбек әр кез батыр жинап, ел шаппай, қылыш шауып, оқ атпай ақ ақылымен жол тауып, ел бірлігінің емшісі бола білген.

Қазақтың атақты биі. Қазақ жүздерін басқаруды реттеу ниетімен Тәуке хан Ұлы жүздің биі етіп Төле биді, Кіші жүзге Әйтеке биді, Орта жүзге Қазыбек биді тағайындайды. Халық ауыз әдебиетінде сақталып қалған аңыздар мен кейбір мәліметтер бойынша, Қазыбек би Келдібекұлы «Тәуке хан заңдарының жинағын» өндеуге қатысқан. Тәуке, Сәмеке, Әбілмәмбет және Абылай хандар тұсында мемлекет басқару ісіне белсене араласып жүрген Қазыбек би ішкі және сыртқы саясат мәселелерінде ықпал ете алатын. Ол — жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық күресті ұйымдастырушылардың бірі. XVIII ғасырдың 40-жылдары Абылай хан жоңғарлар қолына түсіп қалған шақта, оны тұтқыннан босатып алуға белсене атсалысты.

Қазыбек би-қазақтың үш жүзін бір хандыққа қаратып, оның орта жүзінің тізгінін берік ұстаған беделді биі, әділ қазы, асқан талант иесі. Тәуке ханның беделін бекітіп, халқының бірлігін нығайту, қаптаған қалың жоңғарға қарсы ерлік күрес ашып, ер жүрек қазақ ұлдарын ел мүддесін, ұлтының ар-намысын қорғауға үндеп өткен дана басшы, салиқалы сөз, салмақты

мінез танытып, жастайынан ақыл-парасатымен жоғарыдан көрінген, өзіндік жол-жосық бастаулары бар ұшқыр ойлы, жаны таза кемеңгер. Шешімсіз дау қалдырмай, қиын түйіннің жігін тауып, бойындағы сөз маржанын жеріне жеткізе, сезіндіре серігілте сөйлеп, күмәнсіз сендіре білген қызыл тілдің шебері, айтыс-тартыста озып шыққан жүйелі сөздің жүйрігі, тайынбай, тайсалмай, шындықты, әділетті жақтаған абзал азамат.

Қазақ халқының ұлттық санасының қайнар басында халқымыздың үш кемеңгер билер Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би тұрғаны хақ.

Билер қаншама дана болса да өздеріне сын көзбен қарап, кемшіліктерін де көре білген. Оны біз Қаз дауысты Қазыбектің мына бір айтқандарынан байқаймыз:

Асқар тау, сенде бір мін бар — асу бермейсің,

Тасқын су, сенде бір мін бар — өткел бермейсің,

Билер, сендерде бір мін бар — басқаға сөз бермейсің.

Қаз дауысты Қазыбек Келдібекұлы жас кезінен бастап қазақ елі басынан кешірген тағдыр тауқыметінің, алмағайып замана оқиғаларының куәгері, орта жүздің төбе биі, шешендік өнердің маңдай алды өкілі ретінде еліміздің тарихында мәңгілік орын алған аса ірі тұлға. Ол қазақ халқының біртұтас, дербес мемлекетін құруға және оны нығайтуға қатынасқан ірі мемлекет қайраткері. Сонымен қатар Қазыбек би өз тұсындағы хандарының ақылшысы, мемлекет аралық шиеленістерді бейбіт жолмен реттуді жақтаған парасатты елші — мәмілегер, дипломат та бола білген. Халқымыздың басына қайғылы күн туып, берекесі кеткен ауыр заманында ел жұртын сақтап қалу үшін өмірін сарп еткен ардагер асқан ақыл иесі. Қара түнек қаптаған қазақ аспанына өмір сәулесін шашқан жарық жұлдызы [3].

Бүгінгі күні Қазақстан әлемдік саясатта, экономика мен өмірдің өзге де салаларында өзіндік орны мен күші бар мемлекетке айналды. БҰҰ, ЕЫҚҰ, ШЫҰ, ИҚҰ сияқты көтеген халықаралық ұйымдардың мүшесі, құрылтайшысы ретінде еліміздің аты жиі аталатын болды. Осының барлығы да тәуелсіздіктің арқасында қол жеткізген жетістіктеріміз. Қазыбек би сияқты ұлы тұлғалардың арқасында осындай жетістікке жетіп отырмыз. Біз ешқашан осы жалған әділ істерді ұмытпаймыз!!!

Басында айтып кеткендей Қазыбектің ойының тереңдігі мен сөзінің өткірлігінің айқын бейнесі осы аңыз. Бұл аңыз Қазыбектің шешендігімен қоса оның батырлығын, жас болса да елінің қамы үшін ішкі күйзелісін, халқының дәстүрлерін аса құрметтегенін жеткізеді, санамызды оятап, халқымыз үшін өмір сүріп, еңбек етуге тәрбиелейді.

Қазыбектің шешен алғырлық, әділдік қасиеті жеті жасынан-ақ көзге көріне бастапты деседі бір аңызда. Ертеде ас беріліп, бәйге жарыс болып жатқанда бір құла қасқа жүздеген аттан озып келеді. Тойханада жүрген бір жігіт:

— Мынау менің тай күнінде жоғалтқан бөсірем, — деп, оның шылауына орала кетеді. Бәйгеге қосып тұрған адам:

— Өзімнің құла биеннен туған атым, — деп оған жеңістік бермейді. Осы арада дау-жанжал туады.

Көпшілік ол екеуін:

— Келдібек биге жүріддер, — деп ертіп барады. Келдібек екі жағын сұрастыра келіп, не істерін білмей отырып

қалады. Сонда әкесінің жанында отырған жеті жасар Қазыбек екі даугерге қарап:

— Қандай дәлелдерің бар, айтып көріңдерші? — дейді. Құла қасқаны бәйгеге қосқан кісі:

— Енесін бір көрсем, одан туған төлді дәл айта аламын.

«Тай күнінде жоғалтқан бөсірем» деген жігіт:

— Мал бағып өскен қазақпыз ғой. Енесін көріп төлін, төлін көріп енесін айнытпай табамын.

— Олай болса, — дейді Қазыбек бала, — анау көгендеулі тұрған қозы, лақтан, екеуің екі қозы ағытып әкеліңдер?! Екі жігіт жарайды деп, көгеннен екі қозы жетектеп келеді.

— Енді, — дейді Қазыбек, — екеуің өріске барып, осы екі қозының енесін танып әкеліңдер?

Екеуі өріске барып, екі саулықты әкеледі.

— Қозыны енесіне салыңдар, — дейді бала. Ат қосқан жігіт қозысын енесіне салса, әлгі әкелген саулығы алмайды, қозы да жеріп қашады. Ал, «тайында жоғалтқан бөсірем» деген жігіт қозысын саулыққа салса, иіскелеп, қозыны емізіп тұра қалады. Сонда Қазыбек атқа иелік етіп жүрген кісіге:

— Ал, ағайын, мына жігіттің мал тапқыштық қасиетіне күманыңыз бар ма? — деп, сұрайды. Ол төмен қарап үндемей қалады. Қазыбек көпшілікке қарап:

— Қане жұртшылық, бұған сіздер қалай қарайсыздар? — дегенде айнала төңіректен тұрғандар:

— Бала дәл шешім айтты, атасына рахмет, бәйге құла тай күнінде жоғалтқан жігіттікі десіп, тарапты [4].

Қазақ қоғамында соғыс болсын, ортақ келісімге уағдаласу, мәмілеге келу болсын, сыртқы һәм ішкі саясатта болсын, жер қорғауда болсын — ең қажет қару — шешеннің тілі. Әлбетте, дарынды шешенде білгірлік-біліктілік, алғырлық-тапқырлық, қаһармандық-қайраткерлік, зиялылық-саясаткерлік сияқты ұшан-теңіз табиғи рухани қасиет-қабілеттер мол болса, онда мемлекет жеңіске

жетіп, қиындықтан, құлдықтан құтылады. Мерей-мәртебесі, даму дәрежесі жоғары болады. Бұл ретте Қаз дауысты Қазыбек бидің Қазақстанның саяси-құқықтық тарихында айрықша тұлға екендігін айтуға болады [5].

Қазыбек би — шешендік сөздерді тақырыптық тұрғыдан байытып, мазмұндық жағынан тереңдетіп қана қоймай, оның көркемдігіне, үйлесімділігіне де ерекше мән берген, жанрлық тұрғыдан шешендік толғау, шешендік дау, шешендік арнау түрлерін өз шығармашылығында барынша дамытқан. Сондықтан да баба мұрасы — ұрпаққа ұлағат, кейінгіге аманат, келер күнмен бірге жасайтын рухани асыл қазына [6].

Қазіргі ұрпақтың алдында тұрған ең маңызды тапсырма осы тәуелсіздікті одан ары бекіту, нығайту және болашақ ұрпақтарға баянды етіп тапсыру болса керек. Саяси тәуелсіздігімізді баянды ету үшін экономикалық тәуелсіздікке, сонымен қатар тәуелсіздіктің барлық түрлеріне қарай үмтылуымыз, қажымай еңбек етуіміз шарт. Сыртқы күштердің идеологияларына тәуелділік ауруына шалдықпағанымыз жөн. Ол үшін өзіміздің құндылықтарымызды жете дәріптеп, ұлттық тіліміз бен ділімізді жаңғыртып, дін, мәдениет және өркениет салаларында да ешбір сырт күшке тәуелді болмауымыз қажет. Өз-өзін өнім-бұйымдармен қамсыздардыра алатын, азаматтары сауатты да білікті, инновациялық һәм интеллектуалдық потенциалы зор, ішкі бірлігі мен берекесі мығым елге айналсақ, отанымыздың топырағын аялап, табиғатын қорғасақ, халқымыздың санын көбейтіп, сапасын жақсартсақ тәуелсіздігімізді баянды болатынына еш күмән болмасы анық. Осы аманат тәуелсіздікті көрген біздерге, бүгінгі ұрпақтарға артылған. Алда алатын асулар мен белестер әлі көп, біз әлі ұлы көштің басында тұрмыз. Сондықтан бөлінуге, ыдырауға, әлсіреуге, маужырауға, тақталасқа еш жол жоқ. Қазіргі кезеңде тек бірлікпен болашаққа сенімді қадамдармен жүгіруіміз керек. Мың жаса тәуелсіз Қазақ Елі!!!

Әдебиет:

1. Билер сөзі. — Алматы: Қазақ университеті, 1992.
2. Досмұхамедұлы, Х. Аламан. — Алматы: Ана тілі, 1991.
3. Әуезов, М. Әдебиет тарихы. — Алматы: Ана тілі, 1991.
4. Ғабдуллин, М. Халық ауыз әдебиеті. — Алматы: Мектеп, 1979.
5. Негимов, С. Шешендік өнер. — Алматы: Ана тілі, 1998.
6. Адамбаев, Б. Халық даналығы. — Алматы: Мектеп, 1976.

Білім беру саласындғы тәрбие процесінің қарама-қайшылықтары

Жакишева Гульбахрам Сериковна
Мусабекова Асел Сериковна
ҚММУ, Қарағанды

Қазақстан Республикасының бірқатар білім беру ұйымдарында нақты әлеуметтік-педагогикалық жағдай-

ларды ескеретін педагогтар мен ата-аналардың, оқушылардың сұрыныстарына бағытталған тәрбие беру жүйесі

құрылды және ол табысты қызмет көрсетіп келеді. Соның нәтижесінде жеке тұлғаға тәрбиелік ықпал жасаудың ди-апозоны кеңейді.

Тәуелсіз Қазақстанның білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын реттейтін бірінші тұжырымдамалық құжат 1995 жылы қабылданған «Мектеп жасына дей-інгі және мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу тұжы-рымдамасы» болды. Онда тәрбие жұмыстарының мақ-саты, ұстанымы, мазмұны мен тәсілдері қарастырылып, отбасының тәрбиелік потен-циалы мен мектептің тәрбие жүйесіне аса мәнді көңіл бөлінді. Бұл құжат бүгінгі күні өзінің миссиясын орындады деп айта аламыз. Жоғарыда айтқанымызға орай үздіксіз білім беру жүйесінде тәрбие мәселесінің бүгінгі жағдайына сай келетін білім алушы-ларды тәрбиелеудің жаңа тұжырымдамасын жасау қажет-тілігі туып отыр [1].

Адамның қандай да болмасын іс — әрекетінің заттық саласы қалайда білімдер жүйесінде көрінеді. Сондықтан синтетикалық сипатының біртұтастық объектілері жасал-майынша субъектінің іс — әрекетінің сәтті болуы мүмкін емес. Сананың тұтастық объектілері белгілі бір шындық саласындағы білімдерді меңгерудің нәтижесінде пайда болған объектілері, субъектінің іс — әрекетінің сыртқы талаптарды орындау тәсілдері мен адамның субъекті — тұлғалық құндылықтарына бағыт табу болып табылады.

Педагогикалық іс — әрекетте еңбек субъектісі мұғалім болады» Мұғалімнің еңбек құралдарының өзіндік сипаттары — ол оның білімі, білігі, тұлғалық қасиет-тері. Осыған байланысты, білім «сананың біртұтастық объектісі» болып есептелуі керек. (Н.И. Непомнящая), мұғалімнің іс — әрекеті, оның білімі және тәжірибесі кәсіби шеберліктің деңгейіне тікелей қатысты екендігі анық. Қажетті тәжірибені жинақтауға әкелетін іс — әрекет мұғалім тұлғасын қалыптастырудың шарты болады, ал ол «оқу-әдістемелік» құралдарының өзінде орныққан. Бірақ бұл іс — әрекет тиімді болуы мүмкін емес, егер еңбек объектісі толық айқын болмаса, еңбек субъектісінің зейіні теріс түсініп объектіге аударылса. Бұндай жағдайда еңбек субъектісінің әрекеті объективті өмір сүретін кәсіби іс — әрекеттің объектісіне сәйкес болмайды [1].

Педагогика ғылымында қарама — қайшылықтардың ролін XX ғасырдың барлық кезеңдерінде ашып көр-сетуге тырысты. Әрине, оқытудың қарама — қай-шылығы басқалардан бұрын зерттеген (М.А. Данилов, М.Н. Алексеев, М.Н. Скаткин, Ю.К. Бабанский, В.И. Загвязинский) Кейбір жұмыстарда ұжымының қарама-қайшылығы (Л.И. Новикова) тәрбие про-цесінің (И.С. Марьенко, Г.И. Щукина, В.С. Ильин, Б.Т. Лихачев), білім берудің мазмұнындағы қа-рама — қайшылықтар (Г.И. Батурина) зерттелді. М.А. Даншюв алғашқылардың бірі болып оқыту про-цесінің қозғаушы күштерін зерттеуге көңіл бөлді, бірақ нәтижесінде объективті әлеуметтік шек жекемен қо-сылып кететін біртұтас педагогикалық процестің диалек-тикасын зерттеу керектігіне тек қана осы бағытта ол пе-дагогиканың ғылым ретіндегі жобалау қызметінің күшейе

түсуіне ықпал ететін білімді анықтай білу мүмкіндік бола-тындығын және практик ұстаздарды сол бір ғылыми сай-мандар мен күрделі тұлғаны қалыптастыру саласындағы құбылыстар мен процестерді басқаруға күш беретінін көре білді. Ю.К. Бабанский қарама — қайшылық көп жағдайда кездейсоқ бір ізділікте қарастырылатындығын анықтады. Ол жоспарлау процедурасына сәйкес келмейді, оқыту процесін ұйымдастыру мен реттеуде мұғалімдер мен әдіскерлер нақтылы жағдайда процесті жасау ескеріл-мейді.

Зерттеу нәтижесінде мыналар анықталады: қарама — қайшылықтарды қалай болса солай тұжырымдау дұрыс емес, нақтылы педагогикалық процесті жүйе ретінде олар зерттелетін объектінің мәнін, ашуы тиіс: қарама — қай-шылықты ұстаздар мен оқушылар іс — әрекетін — педа-гогикалық процесті басты құрамын көрсеткіш ретінде си-паттау керек; қарама — қайшылықтар жүйесін ғана емес, сонымен бірге оларды шешу әдістемесін негіздеу керек. Педагогикалық процестің мақсаты оқушылар тұлғасын қалыптастыру болады. Демек, бірінші және негізгі қа-рама — қайшылықтар тобы — бұл даму үстіндегі тұлғаның қарама — қайшылықтары. Бұл педагогикалық процестің қарама қайшылықтар тобын психологтар жеткілікті дәре-жеде жақсы зерттеген. Олардың санына Г.К. Костюк ке-лесі қарама — қайшылықтарды жатқызады:

- жаңа қажеттілік, мүдделер, ұмтылушылық пен тұлғамүмкіншілігінің жеткен даму деңгейі арасындағы;
- жаңа танымдылық міндеттерімен бұрын қалыпта-сқанд ойлау және іс — әрекет тәсілдері арасындағы;
- тұлға дамуындағы жеткен деңгейімен оның өмір сүру қалпы, қоғамдық қатынастар жүйесінде алатын, оның орны, атқаратын қызметі арасындағы;
- жақсы жетістіктерге ұмтылушылық пен қиын-шылықты жеңе алмайтындық қорқынышы арасындағы;
- дербестікке, тәуелсіздікке ұмтылушылық пен жеке тәжірибенің жетіспеуі арасындағы;
- мақсаттылық, стереотиптік (еліктеушілік), тұрақ-ғылық пен ширақтылық, өзгергіштікке ұмтылушылық арасындағы;
- тұлғаның ерікті әрекет пен қоғамдық қажетті іс — әрекет арасындағы. Өз күшіне деген сенімділікті оқушы педагогикалық процеске басқа да қатысушылар мен бірлескен іс — әрекет барысында жеткен жетістік-тері арқылы алады. Бұл оқушы тұлғасының қалыптасуы ол жүйе болатын ұжымның дамуымен тығыз байланы-стылығы мен анықталады. М.Ю. Красовицкийдің зертте-улерінде көрсетілгендей оқушы коллективінің тәрбиелік ролі қоғамдық пікір арқылы жүзеге асады, онда құндылық бағыттың жүйесі белгіленеді. Бірақ керекті тәрбиелік деңгейдегі қоғамдық пікір ұстаздардың аса қадағалаумен қамқорлықтарын талап етеді. Оны қалыптастыру бары-сында мұғалім балалар ұжымының қалай дамығандығы екендігін, оған дамудың қандай қайшылықтары тән екен-дігін ескерілмейінше болмайды.

Тұлға дамуындағы қайшылықтарды білу жеткілікті дәрежеде педагогикалық әрекеттің жұмыс жемісін жасауға

мүмкіндік береді, ол оқушыларға дербес тәуелсіздікке, өз орнын табуға ұмтылушылыққағы оның формалары мен әдістерін табуға көмектеседі. (Г.К. Костюк). Дұрыс педагогикалық басшылық жасай алынбаса қайшылық шешілмейді, түйыққа кіргізеді, әкеледі, ол бұл әдетте қатты дау жанжалға әкеледі, дамуда тоқырауларға әкелетін кейбір үзілістер пайда болады. Бір құбылыстың ішінде пайда болған қайшылық оның өз ішінде шешілмейді, басқа жоғары деңгейдегі құбылыстармен байланыстары арқылы, яғни жаңа, өте күрделі даму формасы құрылуы арқылы жүзеге асады (Э.В. Ильенков). Қайшылық дегеніміз қарама — қарсылықтардың бірлігі. Егер субъектінің іс — әрекеті арқылы қарама — қарсылықтардың бірі басқаға сәйкес келсе онда қайшылық шешіледі деген сөз. Бұл деректі анықтау қозғаушы күштерге ықпал ету әдістемесіне оқытумен тікелей байланысты [2].

Жеке индивидке қатысты жоғары деңгейлі жүйе ретінде қарастырылатын оқушы ұжымында, оқушының тікелей жұмысы қажетті. Мұғалім жеке оқушының педагогикалық процестің басқа да кіші жүйелерімен байланыстырушы орта буыны болып табылады. Сонымен, мұғалім мақсатты педагогикалық процестің дамуына ықпал еткісі келсе «ұстаздар — оқушылар» жүйесіне тән бірнеше қайшылықтар топтары және олардың өзара байланысты болатындығын, ал оларды шешу педагогикалық процесс субъектілерінің іс — әрекеттерін қайта құру арқылы болатындығын ескеруі керек. Сонымен бірге, мұғалім өзінің әрбір нақтылы практи-

калық іс — әрекеттерінің қас қағым уақытында оқушы тұлғасының нақтылы даму қайшылықтарына бір ғана емес бірнеше оқу, көркем өнер, спорт және т.б. ұжымдар жүйесі болатын (А.Т. Куракин), онда жетекші іс — әрекет әртүрлі қайшылықтарды шиеленістіре түсуі мүмкін. Нақтылы педагогикалық процестегі қайшылықтар оның сыртқы бетінде жатпайды. Мұғалім процесс барысында ауытқудан пайда болып келе жатқан қайшылықтарды білуді, олардың ерекшеліктерін анықтау үшін және осыған байланысты өз әрекетінің ұзақ мерзімдік жоспарын ал қажет болса тез шешім қабылдау үшін керекті оған сай теориялық және әдістемелік дайындық керек. Егер мұғалім, сол нақтылы қайшылықтың басқа топтар жүйесіндегі орнын көре білсе, онда оның қабылдаған шешімі педагогикалық процестің негізгі интегративтік қасиетін оқушы тұлғасына өзара қилыстағы қосымша жүйелердің үздіксіз ықпалын көрсетеді. Ұстаздың басшылығымен жұмыс істейтін адамдардың әрекеттерінде қалай, болса да педагогикалық процестің — белсенділікпен қатынастың бірлігі, қосымша жүйенің қызметтік мамандануы, көп жақғы қатынастардың процесс субъектілерінің өзара әрекетінің нәтижесі сияқты қасиеттері көрінеді [3].

Қайшылықтардың бағыттылықпен шешілуі педагогикалық процестің табиғатына сай дұрыс қызмет істеуіне әкеледі. Мұғалімнің алатын негізгі нәтижесі оқушылардың оқу және оқудан тыс кеңістікте белсенді түрде іс — әрекет тәсілдерін меңгере түсуімен байланысты, мұнсыз олардың әрекетінің дамуы мүмкін емес.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011—2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы
2. Қазақстан Республикасының Білім туралы 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319 Заңы.
3. Развитие системы общего среднего образования в современном мире. Учебное пособие. — Алматы: Ғылым, 2003. — 112 с. (в соавторстве: Абылкасымова А. Е., Ушуоров Е. А.).

Аңызға айналған данышпан

Қ. С. Қалыбекова, ф.ғ.к., доцент (ҚарМТУ)
 Қ. М. Хамзина, ф.ғ.к., доцент (ҚарМТУ)
 Н. Т. Ныгметова, ф.ғ.к., аға оқытушы (ҚарМТУ)
 Г. Қ. Сағатова, п.ғ.м., аға оқытушы (ҚарМТУ)

Бұл мақалада Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» романындағы тартыс пен характерді ашу үшін, ең алдымен, Абай өмір сүрген заманы жайында қарастырылды.

В этой статье для раскрытия характера в романе «Абайдың жұмбағы» Рамазана Тоқтарова рассматривается эпоха жизнедеятельности Абая.

In the novel of The article considers epoch of Abai's life to disclose character of the novel of Ramazan Tokhtarov «Abaidyn zhumbagy».

XX ғасырдың 60 жылдары — ұлттық әдебиетіміздегі жаңа бір кезеңнің бастауы болды. Бұл кезеңде әдеби жанрлар барынша дамыды. Проза жанрындағы елеулі іздені-

стер өз жемісін бергеніне осы кезеңде жазылған әртүрлі тақырыптағы романдар мысал. Жиырмамыншы ғасырды ұлттық жазба әдебиетіміздің алтын ғасыры деп түрлі

мазмұндағы, көркемдік сапасы жоғары шығармалардың дүниеге келуімен бағалап жүргендігіміз белгілі. Бұл кезеңдегі проза ұлт өмірінің әр қилы қырларын бейнелей отырып, көркем бейненің бай галереясын жасады. Проза жанры бүгінгі күн тақырыбы мен тарихи дәуір шындықтарын игере отырып, ұлт өмірінің шежірелі болмысын бейнелеп берді. Бұл салада 60-жылдары әдебиет әлеміне келген Ә. Кекілбаев, О. Бөкей, М. Мағауин, Т. Әбдіков, Қ. Жұмаділов, Д. Досжанов, Р. Тоқтаров есімдерін ерекше атауға болады.

Аталған кезеңдегі прозаның ең басты табысы — оның көркемдігінде. Дәуірдің қоғамдық-әлеуметтік келбетін суреттей отырып, жазушыларымыз оны көркем бейнелердің мінезі, қарым-қатынасы, әрекеті, ой-аңсары, мақсаты, ішкі жан-дүниесі арқылы бейнелеп берді. Жазушылар қаламына көп іліккен тарихи тақырып әр қырымен көрініп, ұлт тарихындағы ұлы оқиғалар мен ұлы тұлғаларды бейнелеп-сомдауда әдебиетіміздің тамаша табыстарға қол жеткізгені белгілі.

Филология ғылымының докторы, әдебиет сыншысы Бақытжан Майтановтың айтуынша жазушы Рамазан Тоқтаровтың шығармалары жаңашылдық сипатымен ерекшеленеді.

Ендеше, Рамазан Тоқтаров жоғарыда айтылып кеткен шығармаларды таным тұрғысынан жаза отырып, Абайдың жұмбағын жазуға үлкен дайындықпен келген. Тоқтаров жазушы Мұхтар Әуезовтен шыққан «Абай жолы» романын негізге ала отырып, бес кітапты біріктіріп, жаңалығымен «Абайдың жұмбағы» атты роман-хамсасын қалың оқырманға ұсынды. Бұл шығарманы жазуда үлкен мән бар. Өйткені, туындыны оқи отырып, «Абай жолында» жазылмай қалған кейбір тұстарын байқаймыз, және Абайдың өміріндегі айтылмай қалған маңызды оқиғаларды анық аңғарамыз.

Абайдың әдеби мұрасын өз деңгейінде тереңірек танып ұғынуымыз үшін, алдымен Абай өмір сүрген, ұлы ақынды қоғам қайраткері етіп қалыптастырған отбасы тәрбиесі мен сол заманның саяси-әлеуметтік болмысын, қоғамдық ортасын жете танып-білудің мәні айрықша болмақ. Ол үшін Абайдың өзі ғұмыр кешкен заманы мен оның атасы Өскенбай мен әкесі Құнанбайдың заманын салыстыра қарап, сын көзімен қарасақ, көптеген саяси-әлеуметтік мәселелердің астарлы сыры ашыла түсетінін аңғарамыз [1;1].

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі уақыт ішінде әдебиетімізге алдымен келіп қосылған ірі туындылардың бірі — Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» атты шығармасы. Автордың өзі роман — хамса деп айдарлаған бұл еңбегі жазушы қаламының әбден төселген кезінде жазылған [2;20].

Роман — хамса автордың пайымдауынша, ақынның әдеби бейнесін толымдырақ етіп жеткізу үшін әлі де қамтылмай келе жатқан жәйттер баршылық. «Бір Абайдан сан кісінің саралы өмірі тұр. Абайдың не бергені — біздің қолымызда. Өзінің өмірден не алғаны, қалай алғаны — жұмбақ. Ол жұрт көрмегенді көрді, жұрт сезін-

бегенді сезінді. Қалай көрді, қалай сезінді, түсінік — түйсігі қай дәрежеде қалыптасты? Не нәрселерге көбірек әсерленді? Абайдың достығы, мейірбанды жүрегі, махаббатығы, сүйініш — күйініші — бәрі өзгеше».

Сегіз айдан аса бергенде ол бесіктен шығып, құйрығынан отырған кезде өз аяғынан тұратын болыпты. Бірақ ілгері қарай еңкейіп еңбектемеңгі. Бір халықтың болашақ данышпанын тағдыр жер бауырлап жорғалатқысы келмеген болар, ол бесігіне сүйеніп тік түрегелген бойда қаз басып ілгері қарай аттап кеткен дейді. Тілі жаңағыдай аяқтағаннан едәуір кешеуілдеп шыққан сияқты. Сондағы тағы бір оқшау мінезі — ол үйге келген адамның бет — жүзіне көз тоқтата қадалып, ұзақ уақыт қарайды екен [2;23].

Осыдан секем алған анасы Ұлжан бір күні оны Зере енесіне сыр қылып айтады ғой. Сонда өмірден түйгені көп ақылды қария бұл құбылысты өзінше түсіндіреді. Немесінің ақыл — есі кермей тұрғанда кісіге әуелі екі көзін тоқтатып алып қарайтын әдетін ол да байқап жүреді екен. «Мыйға қонатын ақыл ішке сәулемен, көз арқылы енеді. Сәуле — ақылдың азығы. Баланың есі кіре бастағаннан жыламайтыны, кісі жатырқамайтыны да содан, күнім!».

Соңғы кездері бала мінезінің бәрінен де күштірек таңырқатып жүрген тағы бір қылығы бар. Ол — кешкісін ауыл шетінен қып — қызыл боп туатын дөңгелек ай. Күндіз жоқ еді, жер шегінде кетпей қонақтап тұрып алған бұл не қылған жұмбақ шар. Өзі мұны «кеп — кеп» деп өзіне шақырғандай бола ма, қалай?

Толған айды бар ғажайып сәнімен тұңғыш көріп тұрған әсершіл сәби кішкентай саусақтарын көкжиекке созып:

« — Апа... әпе... әпе... » — дыбыс білдіреді. Соны әркім әрсаққа жүгіртіп, өздерінше жорамалдап жатқанда, анасы былай деп тоқтау айтады:

«Толған ай — баланың көңіліне орнаған тұңғыш жұмбағы. Аманат жаны аман болса, оны да түбі өзі шешеді» [2;24].

Абайдың тілі әбден шыққаннан кейінгі кейбір қылықтары таң — тамаша. Ес білгелі кісіден жатырқаймайтын үйірсек жас, сырттан келген адамдардың бет — ажарына көз кідіртіп қадала қарайтын мінезі өз алдына болғанда, сол кісілердің аузынан шыққан сөздерді қалт жібермей, есінде сақтап қалады екен. Сон соң кісі кеткеннен кейін бір сөзін қалдырмастан, түп — түгел қайталап бере алады екен [2;25].

Абайдың атасы Өскенбай Ырғызбайұлы (1773–1850) тобықты руының атақты биі болған. Өскенбай заманы тәуелсіз қазақ хандығы мен Ресей империясының отаршылдық заманында өмір сүрген. Құнанбай әкесі Өскенбайға 1851 жылы ас бергенде 6 жасар Абай әжесімен бірге сол асқа барған еді. Бала Абай жастайынан атасы Өскенбай заманын, онда болып өткен түрлі оқиғалар мен ру таласын, саяси — әлеуметтік мәселелерді сезініп өссе, олар жайлы тарихи әңгімелерді ел аузынан естіп, көкірегіне түйіп өсті. Өйткені, ол заман әлі де болса қазақтың көшпелі өмірі мен әдет — ғұрпын, ұлттық салт — санасы, дүниетанымы сол қаз — қалпында сақталып, өзгеріссіз тұрған кезең еді [1;1].

Осындай ерекше зерек зейін — зердесі арқасында ол бес жасында ауыл молдасының алдынан дәріс алып, тез арада хадим әліппесін игереді. Көп ұзамай Құранға түседі. Оның сыртында «Бозжігіт», «Құламерген мен Жоямерген» сияқты ертегі — хиссаларды да зуылдатып оқи беретін болады.

Бұл жас өспірім баланың сегізден тоғызға қараған шағы еді. Бір күні оған пейілі түсіп отырған әкесі қасына шақырып алып:

— Балам, сені алдағы жаз оқуға апарам, — дейді. Содан кейін сәл кідіріңкіреп, толғанып отырып сөзін жалғастырады: — Ендігі жерде білекті емес, білімді алатын заман келе жатыр. Сен Семей шаһарындағы үлкен мешіт қасынан ашылған Ахмет — Риза хазіреттің медресінен оқып білім аласың.

Әке сөзі екі болмайды. Келесі жылдың жазында Құнекең Абайды Семей қаласындағы медресеге алып барып, оның хазіретіне өз қолынан тапсырған. Кетіп бара жатқанда әке өсиеті мынадай еді:

— Балам он қой жарысса біреуі озып келеді, ол емес жүйріктік. Қатарыңнан жарысып озба, бойыңнан өнер шығарып оз. Өнбейтін нәрселерге ұмтыламын деп, отынды өшіріп алып жүрме [2;25–26].

Бір күні хазірет Абайды қасына шақырып алып, өз үйіне ертіп барады. «Келешекте ғалым болатын балаңыз осы ғой, молда? Өз үйің бұл», — деп жайдары жүзбен қарсы алған абызтай апасынан қысылыңқырап, сыпайылық сақтап тұрған жігіттің көңілін бөлейін дегендей, хазірет әуелі шәкіртінің әкесі туралы сөз бастайды.

« — Құнанжан екеуіміз бір жылдың төліміз. Қара қазақта өзінің тұрғыласынан сенің әкеңнің алдына шығар тірі пенде жоқ. Тек Құдай бойына қуат, жанына саушылық берсін. Алда тұрған көп ықылым замандарға кетеді оның ғибраты істері», — деп алады да, хазірет өзінің негізгі айтпақ ойына көшеді.

« — Тауарихтан айтсақ та, дала тіршілігін таратып сөз етсек те, әуелі ғылымға, даналардың ғаделет заһиріне көбірек үңілеміз... Бай бол, бағылан бол, — бір ғылымнан басқаның бәрі кесеп, асылық етеді. Бір күнде қапысын тауып, алдан тосады. Сонда да һаммаға харекет беретін бір Алла тағаламның хикметі ғой.

Сөзің ерте піскен зерек ойыңнан кәметет — ғазаматтық таныдым мен, Ибраһим. Пайғамбардың хадис-шарифінде айтылған ол, «зеректік — ерте есеюдің белгісі» деп... » [2;27–28].

Медреседе бес жыл болған Абай сол жылдардың соңғы кезінде бір жағынан Семейдегі орыс мектебіне түсіп оқиды. Медресенің діни қаталдығы оны қаймықтыра алмайды. Бұл Россия патшалығына бағынған қазақ халқы орыс мәдениетінің дәмін толық тата бастаған, орыс тілін білу үлкен өнер саналған кез еді. Абай өз заманының жаңа оянған тілегіне орай, ерен талпынушылардың бірі болды. Бірақ Абай сол орыс мектебінде үш-ақ ай оқиды. Оны ел билеу ісіне араластырмақ боп, әкесі ауылға алып кетеді.

Құнанбай ол кезде қаншама дәуірлеп тұрса да, Қарсылыққа көп ұшырап, бар күнін тартыспен өткізген еді.

Қарапайым халықтың ішінен бас көтере бастаған адамдар болып еді. Соны сезген, содан қаймыққан Құнанбай ең алдымен балаларына арқа тіремек болады. Әрқайсысына әр тайпаны, әр руды басқартып, күллі өлкені шеңгелінде ұстай беруге күш салады. Сол балаларының ішінде Абайдың өрен алғыр, тапқыш, шалымды екенін кәміл аңғарған Құнанбай оған ерекше зер салады, өзінің төл мұрагері еткісі келеді [3;9–10].

Құнанбайдың ертеден басталатын және аға сұлтан болып сайланған дәуірден басталатын қызметтері жайлы да архив қорынан бірнеше документтер табылды. Құнанбай мен Бөжей екеуі бірігіп 1840 жылы шекара начальнигі Михаил Васильевич Ладыженскийге жазған арызынан олардың 1831 жылдан бастан-ақ ел басқару ісіне араласып, Россия өкіметімен қарым-қатынаста болғандығын аңғартады.

«1831 жылы Қарқаралы округі құрамына ендік. Келесі жылдан бастап-ақ, елдің таңдаулы адамдарын ұйымдастыра отырып, қара бұқараға ықпал жүргізіп, алым-салық жинап өткізу ісін жүзеге асырдық. Әр уақытта оларды жоғары ұлықтарға бағынуға, оларды тындауға үйретіп отырдық. Өткен үш жыл ішінде бүлікшіл сұлтан Кенесары Қасымовтың және оның сыбайластарының әрекеті кезінде біздің ел қазақтары оларға ешқандай көмек көрсетпеді және оларға қатыспады. Біз бұған россия еліне беріле қызмет ету нәтижесінде жеттік. Россия өкіметінің ішкі қарсылас жауларына сақтықпен қарап отырдық» — деп айта келіп, осы еңбегімізді бағалап, наградаға ұсынсаңыздар деп өтініш жасайды (18декабрь 1839 жылы) [4;103–104].

Құнанбай — ауыл басқарған старшина, болысты басқарған управитель, округті басқарған аға сұлтан. Жер дауы, барымта, жесір дауы, ел билігі, сауда ісі, егін шаруасы, оқу ісі сияқты шешуі қиын түйінді мәселелердің бәрінің қиындығы мен азабын басынан кешірген феодалдық қоғамның өкілі. Әкімшілік басқару ісінде патша өкіметінің чиновниктеріне үнемі арқа тіреп, солардың жәрдем-қолдауымен жүріп отырған. Ел басқару оңайлыққа түскен жоқ. Оның аталас қарсылас жаулары үнемі оған қарсы шығып, арыз үстіне арыздар жазып, талай рет тергетіпті де. Құнанбай тартып алған жерлерін, айдап алған малдарын төлетіп қайтарып алған кездер аз болмаған. Құнанбайды інісі Майбасар, баласы Құдайберді мен басқа да аға-іні туыстарын сабап жарақат түсірген қарсыластары әр уақытта табылып отырған. Бүкіл тобықты елінің болыстары мен билері әскері-губернаторға арыз жазып, Құнанбай мен Майбасарды қызметінен түсіріп, түрмеге қаматып тексерген істері әлденеше том болған. Ол бірде жеңіп, бірде жеңіліп өмірін арпалыста өткізген. Құнанбай қызметіндегі бір көрініс беретін ісі — оның оқу — ағарту жұмысына мән бере қарауы.

Құнанбай дінді мықтап ұстанып өткен адам. Діни оқуды, сонымен қоса орыс оқуын да үйрету ісіне өз тарапынан кейбір жұмыстар жасағаны байқалады. 1845 жылғы январь айындағы арызында Құнанбай шекара басқармасынан қазақ балаларына және өз балаларына азиатша, орысша тіл үйретіп, білім беру үшін аулымнан училище

ашамын. Балаларды оқыту үшін қазақша — орысша сөйлей алатын, жаза білетін бір орыс мұғалімін жіберуді сұраймын деп жазады [4;106—107].

Академик Мұхтар Әуезов: «Шынайы күрделі, қиын қақтығыстар тұсында ғана адам сезімінің, талайының, талабының, мінездерінің, тағдырдың, барының түгел ашылып, тартыс қатал айқасқа айналады. Осындай ғана қақтығыстар барлық повесть, роман, драма атаулының ең сенімді қаңқасын, арқа сүйер тұлғасын тұрғызады» деп жазды.

Ендеш, ең үздік, шебер жасалған адам образын алдымен қою тартысқа құрылған қалың оқиғадан іздеуіміз абзал. Осыдан келіп, сюжет пен характердің өзара байланысы туады.

«Абай жолы» эпопеясы кейіпкердің, яғни шәкірт Абайдың мүшел жасқа толар-толмас, небәрі он үштегі кезінен басталады. Елге асығып, оны сағынған жас жеткіншек Қодар — Қамқа трагедиясына тап болып, әке қатыгездігінен қатты түршігеді. Міне, осы тұстан Абай әке озбырлығы мен өктемдігін көріп, жамандықтан жиренеді, жақсылықты мұрат тұтып, өмірге көзқарасы қалыптаса бастайды [5;40].

Ел билеу жолындағы әкесінің тапсырмаларын орындай жүріп, елдің әдет-ғұрып, салт-санасы мен әңгімешіл қарттарымен сырласа жүріп, халқының рухани қазынасына қаныға түсті. Аты шыққан замандас ақындары Дулат, Шортанбай, Шөже, Балта, Тәттімбет, Қазақбай, Жанақ, Түбек, Біржан, т.б. ақындардың алдын көріп, Сарыбай ақынмен сыр шертіп сырласуы Абайдың әдеби ортасының алғашқы бастау көздеріне жатпақ. Осы ортада жүріп, өзінің тұңғыш ақындық талпынысы Абайдағы бойына біткен ақындық өнердің бұр жара бастаған кезеңін оның бозбала шағындағы экспроматты өлеңдері мен құрбыларымен сөз қағыстыру өнеріне төселе түскен қалпын танымыз.

Медреседе оқыған жылдары мен әкесінің ел билеу жұмыстарымен айналысқан бозбала Абай жігіттік шағында Шығыстық классик ақындарын оқып, ақындық рухани қазынасы да күн асқан сайын нәрленіп қорлана береді. Ауыл кәриелерінен, ел ақсақалдарынан да әңгіме үстінде шешен, тапқыр сөйлеудің сырын танып, сөз өнерінің тыңдаушыға әсер ету қуатынан сабақ алып, көркем сөздің қоғамдық ойдағы алар орнына мән бере бастайды.

Бұлардың бәрі де Абай мұрасының рухани көздері немесе өзгеден алған рухани нәрлеріне жатады.

Әдебиет:

1. Мекемтас Мырзаахметұлы. Абай. 02.11.2010ж.
2. Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті. Алматы: «Арда», 2009. 392 бет.
3. Әлімқұлов Тәкен. Жұмбақ жан. Зерттеулер мен мақалалар. Қайта басылымы. Алматы, «Жазушы», 1978. 368 бет.
4. Бейсенбаев Мұздыбай. Абай және оның заманы (Абай ізімен): Әдеби-сын мақалалар мен жаңа деректер. Алматы: Жазушы, 1988. 136 бет.
5. Хамзин Мәуен. Қазіргі қазақ романы: оқулық. Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2001, 205 б.
6. Досжан, Д. Абай айнасы. Алматы: Қазақстан, 1994.368 бет.
7. Айқын.Республикалық қоғамдық-саяси газет. 21 шілде, 2012 ж., сенбі. «Мінбер».

Роман-хамсада Шоқанның Абайға айтқан ақылы, білімге жол сілтеуі, бағыт беруі екеуінің әңгімелерінен айқын аңғарылады. Соның мысалы ретінде мына бір жәйтті келтіруге болады:

Арада біраз жыл өткеннен кейін Абай Шоқанмен үшінші рет кездеседі. Шоқан Қашғар сапарына барып қайтқаннан кейін, тарихи-ғылыми тұрғыдан үлкен жаңалық ашып, атақ-даңқы дүрілдеп тұрған шағы. Енді елге қызмет етпек болып, билік үшін шарға түсіп жатқанда, Құнанбай Абайды Атбасарға ерте барған. Бұл оның жігіт жасына келіп, үйленген, әке болған кезі болатын.

Екеуі ескі достардай шұқырасып көрісті. Он жас үлкендігі бар, оқығаны, көрген-білгені көп Шоқан ағасы болашағынан зор үміт күттірер інісіне кездескен бойда өзіне керек сұрақты бірден көлденең тартқан.

— Арманың, мақсұтың не алдыңа қойған?

— Көргенімді, сезгенімді ішіме тығып, жинап келемін. Солардан босанғым келеді, — дейді Абай.

— Алға қойған өмір жоспарың қандай? Кім болғың келеді? — деп тағыда тосынан қойылған сұраққа нақты жауап тауып үлгермеген інісі:

— Халқыма қадари-қал қызмет етсем деймін, — деп сәл мүдіріңкіреп тұрып: — Ептеп өлең жазамын, Шоқан аға, — дегенде, ақ тілеулі ағасы жан дүниесімен елең етіп: — Бәлі, әкел қолыңды, інішегім! Бірден осыдан бастауың керек еді ғой! — дейді. Бұл талабын қатты қолдай келіп, өлеңді жазып шығарған дұрыс екенін алдымен ескертеді. Абайдың арғы ойынан дөп түскендей, орыстың ұлы ақындары Пушкин мен Лермонтовты үлгі қылып ұсынады. «Ақ қағазға түскен сөз маржаны ғана адамды мәңгілікпен тілдестіреді» деген бір шындықты санасына ұғындырып айтады [р;30].

Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағындағы» Абай өмірі — ғажап өмір. Бесікте әнмен әлдиленген ол көшпелі елде, әртүрлі рулардың салтында әсершіл боп өседі. «Бахаббат пен ғадауатқа» ерте қанығады. Тіршіліктің шұғылалы жағымен көлеңке жағын түгел таниды. Бармағынан бал тамған өнерпаздарға қызықса, қарапайым жандардың ішкі сұлулығына сүйсінсе, үй ішіндік, рулық, таптық шәркездіктерге жауап іздеуге тиісті болады.

Міне, осынау аса ауқымды міндеттерді шешу үшін Абайдың дүниені тануына аса мән бердік. Себебі, Абайдың өмірге деген көзқарасы оның дүниені тануы арқылы қалыптасады.

Сәкен Сейфуллиннің кеңестік реформаларға қарсы күресі

Касимова Сауле Суюндыковна, т.ғ.к.
Ушакова Клавдия Вениаминовна, аға оқытушы;
Беркинбекова Ажар Мұхамеджановна, аға оқытушы
Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Қарағанды қаласы

Тоталитарлық жүйенің қазақ халқының жанына салған жазылмас жара, ұмытылмас қасіретінің бірі 1930–32 жылдардағы аштық зұлматы екені мәлім. Кеңестік күштеп ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың нәтижесінде қазақ халқы басқа ешбір халықтың тарихында болмаған орны толмас сұмдық пен қасіретті басынан кешірді.

Қазақстанда осы жылдарда 2 млн. адам немесе қазақ халқының 49%-ы аштықтан қырылды. 1 млн. 30 мыңнан аса қазақ республикадан тыс жерлерге көшіп кетті. Оның 616 мыңы қайтып оралмаса, кейіннен 414 мың адам Қазақстанға қайтып оралды. 1926–39 жылдардағы санақ бойынша басқа республикаға көшіп барушы босқындар есебінен қазақтар саны: РКФСР-де 2,3 есе, Өзбекстанда — 1,7 есе, Түркіменстанда — 6 есе, Тәжікстанда — 6 есе, Қырғызстанда 10 есеге көбейген [1, 28–30].

Ғалымдардың зерттеуінше егер 1928 жылы Қазақстанда барлық шаруа қожалықтарының 2%-ы колхоздарға біріксе, 1930 жылы 1 көкекте олардың 50,2%-ы, ал 1931 жылы 1 қазанға дейін 65%-ға жуығы колхоз қатарына күшпен тартылған [1, 5].

Мемлекеттің жүргізіп отырған зорлығына, жүгенсіздік саясатына қарсылық 1929 жылдың күзінен бастап республиканың түгелге дерлік аймақтарын шарпыған шаруалар көтерілістері болды. Осылардың ішінде көлемі мен қайшылығы жағынан Қарақұм көтерілісі ерекше орын алады. Көтеріліске Қызылорда облысының Қазалы, Қармақшы, Тереңөзек, Арал және көршілес Ырғыз, Қарсақпай аудандарының шаруалары қатысты.

Кеңестік тарихнамада Қарақұм көтерілісі «бандалар тобының» әрекеті деп теріс бағаланып келгені мәлім. Бүгінде жабық мұрағат құжаттары ашылған соң, көтерілісшілердің ешқандай қарулы банды емес бейбіт халық екендігін, оларға күш қолданбай мәселені бейбіт жолмен шешуге болатынын көтерілісті басуға жіберілген әскер басшыларының өздері де мойындағаны белгілі болып отыр [1, 25–26]. Яғни, осы дивизияның командирі Евсеев шиеленіскен жағдайды жұмсарту үшін шаруаларға жүргізіліп отырған асыра сілтеушілікті тоқтату керектігін, Қарақұмдағы жағдайды реттеу халықпен өз тілінде түсінісіп келісімге келе алатын қазақ ұлтының өкілдерінің қолынан келетінін айта келе, жергілікті халық өкілдерінен арнайы комиссия құруды сұраған.

1930 жылы 12 сәуірде БК(б)П Қазөлкекомының бюро мәжілісі болып, онда Ф. Голощекин ауылдағы жағдай туралы баяндама жасады. Қаулыда партияның саясатын

түсіндіріп, кемшіліктерді жою үшін өлкеком мүшелері, басшы қызметкерлерді: Ерназаров, Тәтімов, Беков, Юсупов, Жангелдин, Сейфуллин, Арыстанов, Байдәулетов, Жандосов, Мүсірепов, Көшембаев, Телелаевтарды ауылдарға жіберу белгіленді [2, 40]. Қарақұмға жіберілетін мемлекеттік комиссияның басшылығына Ә. Жангелдин тағайындалып, құрамына Сейфуллин, Мүсірепов, Тыспаев, Жүсіповтер кірді [3, 275].

Жоғарыда аталған ғалымдардың зерттеулері мен мұрағат құжаттарын зерделеу нәтижесінде 19 сәуірде Қарақұмға келген мемлекеттік комиссияның жүргізген жұмысы былайша анықталды: 1) комиссия мүшелері көтерілісшілердің өкілдерімен әңгімелесу барысында олардың көпшілігі орташалар мен кедейлер екендігін анықтаған, мұң-мұқтаждары мен талап-тілектеріне түсіністікпен қараған; 2) қаруды тастау, әскери қимылдарды тоқтату, тұтқындарды босату сияқты талаптарын қоя отырып, қолдан келгенше халыққа тұрмыстық жағынан азық-түлік, қажетті бұйымдар беру, дәрігерлік көмек ұйымдастырылған; 3) бұрынғы ата-қоныстарына қайтқысы келгендерге рұқсат бергеннен кейін 400 шаруа қожалығы көшіп шыққан; 4) комиссия мүшелері өз жерлеріне оралушы халықты ренжітпей қабылдап, қуғынға ұшыратпауды, жермен қамтамасыз етілуін, орынсыз тәркіленген мал-мүліктерін қайтаруды талап етіп, барлық аудандарға хабарлаған [4, 118].

Мемлекеттік комиссия жұмысы зая кетпеді, кешікпей нәтижесін берді. Көтерілісшілер өз еріктерімен қаруларын тапсыра бастады. Жалпы көтерілісшілер, көтеріліске қатысушы ауыл тұрғындары да мемлекеттік комиссия мүшелеріне құрмет көрсетіп, үлкен сенім білдіріп, сыйластықпен қарағанына комиссия мүшесі С. Сейфуллиннің «халық «үкіметтің өзінің орнаған күнінен бастап бірінші рет төменге түскеніне қуанатындарын» айтты» деген сөздері дәлел бола алады [5, 53 б.].

Мемлекеттік комиссия өз жұмыстарының қорытындысында көтерілістің шығу себептерін былайша көрсетеді: біріншіден, жүн мен астық даярлаудағы асыра сілтеулер; екіншіден, күштеп ұжымдастыру; үшіншіден, халықпен санаспау, орташаларға бай деп қарау; төртіншіден, діни құқықтарын аяққа таптау, мешіттерді жабу [5, 119]. Алайда, БМСБ-нің Қазақстандағы өкілетті өкілінің орынбасары Алыпанскийді комиссия жұмысы қанағаттандырмады, «бандитизмнің себептерін дұрыс ашпаған» деп комиссия мүшелері «ұлтшылдарға» айыпталды. Ал Алыпанскийдің пікірімен танысқан Голощекин өзінің ойын Ә. Жангелдинге жіберген жеделхатында ашық білдіреді: [4, 119].

Өте құпия

ПП ОГПУ-дің жауапты кезекшісі арқылы

Арал теңізі, Жангелдинге!

Банды қозғалысының түп-төркіні туралы комиссия бағасын қате деп санаймыз, жоюға байланысты сіздердің жұмыстарыңыз кедей-орташа бұқарасын байларға қарсы күреске көтеруге тырысқан таптық негізге ғана сүйенетін болуы тиіс.

Ф. Голощекин
5 мамыр. 1930 жыл.

Құжат мазмұны көрсеткендей комиссия жұмысы дұрыс бағаланбады. Голощекин мен оның төңірегіндегілер өздерінің көтеріліске қатысқандарды қуғындамайтындықтары жөніндегі уәделерінде тұрмады, комиссия жұмысын аяқ асты етті. Көтеріліс аяусыз басып-жанышталды. Кейіннен 1937 жылы С. Сейфуллинге «көтерілісшілермен келіссөзді дұрыс жүргізбеді, тіпті өздері оларға қосылып кете жаздады» деген айып тағылды.

Ұжымдастыруға қарсылық С. Сейфуллиннің туған жері Қарағанды облысының Жаңаарқа, Шет, Шұбартау аудандарында да болды. 1930 жылы С. Сейфуллин Шет ауданында болады. Біздің ойымызша, Сейфуллин мұндағы жүргізіліп жатқан заңсыз тәркілеу мен әділетсіздікті тоқтатуға күш салған. Олай дейтініміз, С. Сейфуллиннің сол уақыттарда жазылып, аяқталмай қалған «Біздің тұрмыс» атты романы бар. Шығармада басты кейіпкер Аян өлкелік партия комитетіндегі Голощекинге жолықпақ болып барғанымен, бірінші басшы «Сыпатаевтармен сөйлес» — деп қабылдамайды. Әрі қарай Сәкен Аянның: «Азсаң, тозсаң түзу жолға салады, ақыл береді, қуат береді дерлік крайкомның басшысы Голощекин анау — бізбен сөйлесуді де керек деп таппады! Одан не қайыр? Былтыр Шет ауданында партияның жолынан тысқары істер істеліп, орта шаруаларды бай деп жатқанын, малдың санын артық жазып алғандарын айтып жазған хатыма ешнәрсе істемеді, бұдан не қайыр?» — деген ойын келтіреді [6, 306]. Шығарманың негізгі идеясы — Голощекиннің өрескел қылықтарын әшкерелеу. Осылайша С. Сейфуллин қоғамда орын алған бассыздықтар мен асыра сілтеушілікті тоқтатуға күш салды. Әділдік, шындық іздеп шырқыраған ақынның жан күйзелісі «Қызыл ат» поэмасының тууына себеп болды.

«Қызыл ат» поэмасы — С. Сейфуллиннің азаматтық тұлғасын, ұлтжандылық келбетін танытатын шоқтығы биік туынды.

«Нұсқалап бұл күйді өстіп жоспарладым,

Қызыл ат сынды сұлу досқа арнадым» — деп басталатын шығармада күштеу мен зорлық-зомбылықтың әсерінен күйреген мал шаруашылығының, қазақ ауылының аянышты халі мен оның себептері, оған кінәлілер автор мен Қызыл аттың арасына құрылған диалог арқылы баяндалған.

Тұрсың ба өзін көрмей біздің жайды,
Мен қалай өткіземін «егіс айды?»
Мынау ғой біздің колхоз титықтаған —
Қойды ма зиякестер тағал тайды?
Басқарма, қу белсенді тайтаңдады,
Қауіпсіз, дені-басы сау сияқты.
Олардан кедей шаруа қорқып әбден
Қарсы айтпай жүре берді «мау» сияқты.
Колхоздың құртты қулар ет пен майын,
Қоймады ұрламаған тағал-тайын.
Белгілі ат-айғырлар не болмады
Жеп құртқан уақ малды не қылайын» [7, 349–350] — деген шумақтарда Сәкен жоғарыдағылардың айтқанын екі етпейтін, «шаш ал десе, бас алатын» жағымпаз, дөрекі басшылардың малды жөн-жосықсыз тартып алу, орташаларды да байлардың қатарына жатқызу, тәркілеу, зорлықпен отырықшыландыруының нәтижесі мал басының кемуіне, тұрмыс-жағдайының төмендеуіне әкеп соққанын батыл әшкерелейді.

С. Сейфуллин өзі сенген, ыстық-суығына төзіп, өз қолымен құрған өкіметтің жүргізіп жатқан саясатына іштей күйініші мен өкінішін Қызыл аттың ойымен былайша жеткізеді:

Үкімет әлде бізді «көрме» деп пе еді?

Саған — «тек, көкке заула, өрле деп пе еді!»

Алдауыш белсендіге ерік беріп:

«Малды құрт, тез титықтат, жерле ...» деп пе ед? [7, 342] — деу арқылы голощекиндік басшылықтың жалған сан қушылық, өтірік мәлімет беру сияқты бұрмалаушылық әрекетін боямасыз сынады. Еріктілік қағидасын бұзып, «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын!» деген ұраншылдықтан кейінгі қазақ ауылының ауыр халін, аштық нәубетін былайша жеткізеді:

Біртіндеп селдіреді қолдағы мал,

Пәлеге ұшырады қордағы мал.

Күш-көлік, ат сандалып қалды әр жерде

Секілді болды қорлық сордағы мал.

Ірітіп колхозды әбден тоздырмаққа,

Жаулық, жаттық сезімді қоздырмаққа,

Тентіретіп мойнына дорба ілдіріп,

Әркімге тіленіп қол создырмаққа.

Құрытып колхоз қорын аш қылмаққа,

Қатын-бала көздерін жас қылмаққа.

Бейне бір қауіпті ауыр түс көрсетті,

Жаз ішінде қырланған қыс көрсетті.

Досым, сен нанбасаң да, зиянкес сүм

Естімеген, көрмеген іс көрсетті!.. [7, 361].

Шындықтың жүгі қашанда ауыр екені белгілі. 30-жылдардағы идеологиялық айтыс-тартыстың өршіп тұрған кезінде «Қызыл ат» поэмасы оңды-солды сындарға ұшырады. Солардың бірі әдебиет сындарына қатысып жүрген партия қызметкері І. Қабылов поэма жөнінде: «Ол Қазақстан тұрмысының мәселелерінен басын алып қашуды адал қызметшілердің өлкелік партия комитетінің ескі басшылығының қазақ ауылы жөнінде жүргізген бағытына қарсылығының бір түрі қылып көрсеткен» — дей келе,

ақынды саясаттан қашып, сары уайымға түсті, большевикке жат қылық көрсетті деп жазғырды [8, 2].

Сонымен, С. Сейфуллин басқа да зиялылар сияқты қазақ елін бақытқа, теңдікке жеткізеді деп большевиктік идеяны қолдады, Кеңес өкіметін өз қолымен орнатты. 20-жылдарда республиканың басшылық қызметінде болып, қазақ мемлекетінің саяси-экономикалық, мәдени дамуындағы іс-шараларды белсенді жүргізді, жаңа өмірдің жетістіктеріне қуанып, жырға қосты. Алайда ол үнемі осы бір көзқараста қатып қалған жоқ. Өзінің ұстанған мақсатына қоғамда жасалып жатқан іс-шаралар үйлеспей жатқанда, атап айтқанда, 20—30 жылдардағы кеңес өкіметінің жүргізген реформаларына үзілді-кесілді қарсы шықты. Ашаршылық шындығы С. Сейфуллиннің шығармаларында алғаш көрініс тапты. Сын сағатта әділдікті ту етіп, халық мүддесі жағында тұрды.

Жалпы С. Сейфуллиннің азаматтық, ұлтжандылық келбеті хақында жазушылар Ғ. Мүсіреповтың, С. Мұқановтың т.б. еңбектерінде зерделі ойлар көп кездеседі. Қазақтың бір топ жазушы, қызметкерлері: М. Ғатауллин, Қ. Қуанышев, Ғ. Мүсірепов, Е. Алтынбеков, М. Дәулетқалиевтердің Голощекинге қазақ даласындағы жағдайды айтып тарихта «Бесеудің хаты» деп аталып кеткен хат жолдағаны белгілі. Сәкентанушы ғалым Т. Кәкішев Сәкенді көзі көрген жазушы Ғабит Мүсіреповтің: «Бесеудің хатынан» кейін, Сәкен маған ерекше көңіл танытты. Сәкен мені алақанына салып алардай қуанды. «Егер шындықты айта алмасақ, жазушы болып не керек, адалын айт, адалынан өлсең арман бар ма?» — деді» [9, 67] — деген сөзін келтіреді.

Жазушы С. Мұқановтың айтуынша ол Қазақстанды жеті жыл басқарған Голощекиннің алдына бірде-бір бармаған, басқаша жағдайда бірде-бір кеңесіп көрмеген. Өзі шақырмаса Сәкен басшыларға өзі сұранып барған емес дей отырып: «... Сәкеннің өзіне жампаңдамауына, бармауына қарады ма, Голощекин Сәкенді жек көрген қалпынан өзгермей кетті. Сәкенді жек көретін Ғ. Тоғжанов осыны пайдаланып, әдебиет туралы мақала жазса, үнемі Сәкенді жолды-жолсыз түйреумен болды» — дейді [10, 262].

Ұзақ жылдар бойы қазақ елінің тарихы саясаттың ықпалымен бұрмаланып жазылып келді. Сөйтіп, өзінің

тілін, шынайы тарихын білмейтін, білуге құлшынысы жоқ, ұлттық рухани құндылықтармен сусындап бойына сіңірмеген дүбара ұрпақ қалыптасты. Дос сүйсініп, дұшпан қызғана қарайтындай Евразия кеңістігінің дәл ортасында орасан үлкен аумақты алып жатсақ та, ұлт ретінде жоғалып кетудің аз-ақ алдында қалғанымыз рас. XX ғасырдағы жойқын соғыс, түрлі реформалар, күштеп қоныс аудару мен саяси қуғын-сүргін кезінде Қазақстан жүздеген ұлттың өкілдерінің саяси Отанына айналса, қазіргі таңда солардың барлығын бауырына басып, тұрақтылығы мен келісімі жарасқан ел ретінде әлемді аузына қаратып, үлгі болып отыр. Алайда осылардың ішінде тағдырдың тауқыметі мен азабын ең көп тартқан, түрлі «тәжірибелер» мен сынақтың, әдейі жасалған геноцидтің құрбаны болған қазақтан басқа халық жоқ. Төл тарихын оқып, меңгермеген адам өз елінің толыққанды азаматы бола алмайтыны анық. Олай болса, осынау ұлт өкілдеріне өздері өмір сүріп отырған мемлекеттің тарихын — қазақтың қасіретті тарихын танып білу міндет қана емес, азаматтық парыз. Яғни, тарихты тану арқылы оны қастерлеу, сыйлау, осы арқылы елді құрметтеу сезімдері қалыптасады.

Тарих — саяси сананы қалыптастыратын ғылым. Соның ішінде болашақ ұрпақтың бойына отансүйгіштік, ұлтжандылық сана-сезімді сіңіріп, патриотизмге тәрбиелеуде саяси тұлға мәселесінің маңызы зор. Саяси тұлға өмірін зерттеу арқылы тұлға өмір сүрген сол дәуірдің қоғамдық-саяси бейнесі жайында біліп, бағалай аламыз. Ол үшін жасандылықтан аулақ, бұрмаланбаған шынайы тарих керек. Тек осындай біліммен қаруланған ұрпақ қана Қазақстанның ертеңі үшін адал қызмет қыла алады.

Қорыта айтқанда, С. Сейфуллинді 20—30 жылдардағы жүргізілген кеңестік реформаларға еш қатыстыра алмаймыз. Ол — өзінің бар ғұмырын қазақ халқының бақыты үшін арнаған, сол үшін құрбан болған ұлтжанды тұлға. Бүгінгі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуындағы жетістіктердің, ұлттық құндылықтардың орнығуының, рухани жаңаруының негізінде Сәкен Сейфуллиннің, Сәкен сынды зиялылардың, Алаш арыстарының өшпес іздері жатыр. Тарих мұны ұмытпайды.

Әдебиет:

1. Қозыбаев М.Қ., Алдажұманов Қ.С., Әбілқожин Ж.Б. Қазақстандағы күшпен коллективтендіру: қорлық пен зорлық. — Алматы, 1992. — 36 б.
2. ҚР ПМ 141-қ. 1-т. 2927-іс. 40-п.
3. ҚР ПМ 141-қ. 17-т. 471-іс. 275-п.
4. Омарбеков Т. Халық қаһары // Жұлдыз. — 1991. — № 12.
5. ҚР ПМ 141-қ. 1-т. 2953-іс. 53-п.
6. Сейфуллин С. Шығармалар жинағы. Т. 3. Әңгімелер мен повестер. — Алматы, 1987. 390 б.
7. Сейфуллин Сәкен. Шығармалар жинағы. — Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2004. Т. 3. Баллада. Толғаулар. Дастан. Поэмалар. — 400 б.
8. Қабылов І. Қазақ әдебиетіне Маркс-лениндік сын керек // Социалистік Қазақстан. — 1934. — 15 август.
9. Тұғыры биік тұлға (Сәкен Сейфуллин туралы зерттеулер, естеліктер, мақалалар). — Алматы: Үш қиян, 2002. — 432 б.
10. Мұқанов С. Өмір мектебі. XI том. — Алматы, 1977. — 475 б.

Моноатомдық балқытпалардағы рет және ретсіздік

Касымова Лайла Жумажановна,
Тулеутаева Жанар Мукатаевна,
Махметова Гульшахра Шугаевна
Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті

Ретсіздік немесе рет ролін, сондай-ақ жылу қозғалысы сипатының әсерін атап көрсетуге тырысқанда, физика-акустикалық сипаттамаларда кристаллық, аморфты және балқыған күйлердегі заттарда салыстырылу керек. Алайда, тәртіп бойынша, сұйық күйге өтумен байланысты заттың серпімді қасиеттерінің өзгерістерін бағалау кезінде тура соны пайдаланса да, бойлық толқындардың таралу жылдамдығы бұл мақсаттар үшін сәтті шама болып табылмайды. Берілген жағдай кристалдардағы бойлық толқындардың жылдамдығына арналған өрнекке-ығысу деформацияларымен, ал аморфты заттарда тікелей $4G / 3$ байланысты модульдар, яғни ығысу модуліне тәуелділіктің кіруімен байланысты. Шамасының реті бойынша барлық нақты қол жеткізілетін жиіліктер үшін ығысу тұтқырлығының $G \approx 0$ мәндері бар балқытпаларда ығысу моделінің релаксация уақыты

$$T_{\kappa} = \frac{\eta'}{K_{tr}}$$

мұнда η' - ығысу тұтқырлығы коэффициенті, $\frac{1}{K_{tr}}$ - балқытпаның көлемдік қысылғыштығының бір бөлігі, атомдардың трансляциялық қозғалысына жауап береді.

Сондықтан тепе-тең серпімді қасиеттер және балқу кезіндегі K' серпімді модулінің өзгеруі қатты және сұйық күйдегі заттарды барлық жақтың қысудағы көлемінің өзгеруін білдіреді. Алайда [5] жұмыста көрсетілгендей, абсолют шама K балқытпаның ішкі құрылысының сипаттамалары көзқарасынан көптеген жағдайларда аз ақпаратты болып табылады. Мысалға, мыс пен күмістің қасиеттері бойынша тым жақын серпімді модульдары бойынша қатты ерекшеленгенде, яғни Cu үшін $9.56 \cdot 10^{11} \frac{\partial H}{\text{см}^2}$, Сг үшін $6.8 \cdot 10^{11} \frac{\partial H}{\text{см}^2}$ болғанда, серпімділіктің көлемдік модульдары құрылысы бойынша мүлде әр түрлі және қорғасын мен германий балқытпаларының физикалық қасиеттері бойынша тым жақын және сәйкесінше $3.53 \cdot 10^{11}$ және $3.57 \cdot 10^{11} \frac{\partial H}{\text{см}^2}$ тең [4]. Бұл нәтижелер есептеп шығарылған K мәндерінің экспериментімен салыстыру жолымен теориялық амалдарды жиі пайдаланылатын тексерудің, балқытпа құрылысының ерекшеліктерін айқындамайтыны туралы тағы да атап көрсетеді.

Алайда көлемдік модульдің температуралық коэффициенті деп аталатын, төмендегідей белгіленетін оның туындысы

$$TKM = \frac{1}{K} \frac{dK}{dT}$$

реттеудің әр түрлі типтерінің айқындалуын сезгіш болып табылады [4]. Мұнда біз аморфты денелер жағдайында сияқты, сұйықтықта немесе балқытпаларда реттеу деп жүйенің мүмкін микрокүйлерінің санын азайтатын процестерді түсінеміз. Бұл кезде энергия минимумға ұмтылады.

Мұнда тағы ультрадыбыстық толқындардың жұтылуына қатысты басқа да аспект бар. [2] жұмыстан белгілі болғандай, балқытпаларда қатты денелермен салыстырғанда, ығысу тұтқырлығынан импульсті тасымалдаумен байланысты серпімді толқындардың қосымша жұтылуы пайда болады. Бірақ ω жиіліктерінде, әзірше $\omega T_{\eta} \ll 1$ болғанда, серпімді толқындар жұтылуының бұл коэффициенті α_{η} тұтқырлыққа және жиілік квадратына пропорционал және тура өлшемдермен салыстырғанда η^1 ешқандай қосымша ақпараты болмайды. Бұдан басқа, жұтылу коэффициентіне қосылған үлес жылу өткізгіштігін береді. Кристалдармен салыстырғанда балқыт-паларда жұтылудың бұл механизмінің α_{χ} ешқандай ерекшеліктері болмайды [9]. Алайда кристалдық күймен салыстырғанда, бұл материалдарда α аздығынан, балқыған металдар мен жартылай металдарда серпімді толқын-дардың жалпы жұтылуына оның қосқан салыстырмалы үлесі үлкен. Сондықтан эксперименттік нәтижелерді өңдеу кезінде осы екі үлес те әдетте эксперименттен табылған артық жұтылудан шегеріледі. [7] жұмыстарда көрсетілгендей, осы түрде есептелген серпімді толқындар жұтылуының артық коэффициенті α_m “ішкі”, релаксациялық процестермен байланысқан және онда әр текті құрылымдық процестердің, атап айтқанда реттеу процесінің айқындалуына сенуге болады. Алайда мұнда келесі проблема пайда болады, көптеген балқыған металдар, жартылай металдар мен жартылай өткізгіштер үшін α_m

екі үлкен санның айырымы ретінде табылады, бұл сәйкесінше оны анықтау кезінде үлкен қателерге әкеледі. Және де $\alpha_{\eta} + \alpha_{\chi}$ ондаған проценттерге дейін құрайтын, $\eta' \chi \rho S$ өзгерістерінің барлық қателіктері бар, бұл релаксациялық процестердің серпімді толқындардың балқытпаларда жұтылу коэффициентінде экспери-менттік айқындалу фактісінің өзін, көбінесе бір жағынан, артық жұтылудың температуралық тәуелділіктерін талдау кезінде ғана $\alpha_{\eta}(T) + \alpha_{\chi}(T)$, екінші жағынан, тұтқырлығы аз балқытпалар үшін ($\omega < 1$) $\alpha_{\chi} \approx k'$ анықтаудың және T температураның жоғарылауымен азаюдың сәті түсетініне әкеледі, яғни сонымен бірге заң диэлектриктер үшін де орындалады $\alpha_{\chi} \sim \chi T$, $\chi \sim \frac{1}{T}$ және $\alpha_{\chi} = \text{const}$ [8] жұмыстың баяндалу қисыны қолданылып, серпімді толқындардың жұтылу коэффициентіне релаксациялық үлесті айқындау және тепе-тең серпімділік модулі K_0 әрбір балқытпа үшін келесі ара қатыстарды қолданумен анықталу керек

$$\alpha_m = \alpha_{\text{exp}} - \alpha_{\eta} - \alpha_{\chi} = \alpha_{\text{exp}} - \frac{\omega^2}{2\rho S^2} \left[h' + \chi \left(\frac{1}{C_V} - \frac{1}{C_P} \right) \right]$$

$$K_{\text{exp}} = \rho S_{\text{exp}}^2 \approx K_s \left(1 - \frac{2\alpha_m S_{\text{exp}}}{\omega^2 \tau} \right)$$

мұнда C_V және C_P - V, P тұрақты болғандағы жылу сыйымдылықтары; S_{exp} - серпімді толқындар таралуының эксперименттік жылдамдығы; K_s - тұрақты энергия болғандағы серпімділік модулінің лездік көлемі.

Бірінші топты металдардың және сілтілік-жер металдарының балқытпа-ларында C_V және C_P жылу сыйымдылықтары айырымының 40%-ке дейін құрайтынын байқау керек, бұл серпімділік K_s және изотермиялық K_T модульдарды бөлу қажеттілігіне әкеледі. Бірақ көптеген жағдайларда серпімді толқындар адиабаталық түрде таралады, сондықтан кейбір әдебиеттерде ерекше жағдайсыз ескертілмейді.

Ретті немесе ретсіздікті ұйымдастыруға және жылу қозғалысына қатысты ақпаратты алу үшін, жай балқытпаларда екі аспект қарастырылады. Біріншіден, балку процесінде заттардың серпімді қасиеттеріне қалай әсер етеді, яғни статистикалық ретсіздікпен салыстырғанда да, реттелген кристалл күймен салыстырғанда да, атомдарда трансляциялық еркіндіктің пайда болуы. Екіншіден, серпімділіктің көлемдік модулінің температуралық тәртібінде және атомаралық өзара әрекеттесудің жақын реті мен күштерінің әр түрлі типтері бар заттың балқытпаларында толқындар серпімділігінің жұтылу коэффициентінен қандай ерекшеліктер айқындалады.

Практика көрсеткендей, алайда, тіпті мәселенің мұндай қойылымында физикалық акустика нәтижелерін бір мағыналы түсіндіру қиынға соғады. Мүмкін бұл барлық металл және жартылай өткізгішті балқытпаларда жоғары температуралық эксперименттер болғанда ылғи да $\omega\tau \ll 1$ шартының іс асырылуымен байланысты болуы мүмкін және оның салдары ретінде $\alpha \sim \omega^2$ және осыдан, T тікелей табу мүмкін емес болады. Атап айтқанда, сондықтан [46] жұмыстарда T азды немесе көпті шындыққа ұқсас теориялық гипотезалардың көмегімен бағаланады, бұл жоғарыда келтірілген формулалармен есептелетін, K мәніне жөнсіздік енгізеді. Бұдан басқа, сұйық күй теориясының әлсіздігі салдарынан, эксперименттік бақыланатын α_m үлес қоса алатын, бір атомды балқытпалардағы релаксациялық процестердің модельдері аз әзірленген.

[9] жұмыста белгіленгендей, молекулалық динамика әдістерін пайда-лану да балқытпалар құрылысы бойынша бір мағыналы қорытындылар жасау мүмкіндігін бермеді. Бірақ бұл XX ғасырдың 90-шы жылдарының басы болды. Қазіргі сәтте жағдай мүлде басқа. Ол кезде бір жағынан, есептеуіш техника әлсіз болған, бірақ екінші жағынан, компьютерлік эксперименттерде бөлшектердің шектелген саны пайдаланылды. Бұдан басқа сол кезде қолданылған Леннард-Джонс потенциалдары нақты болып шықпады және тек инертті газдардың сұйықтықтарын ғана жуықтап сипаттады.

[10] жұмыста қарастырылған балқытпалар үш топқа жүйелендірілді. Бірінші топқа сілтілі, сілтілік-жер, асыл, 3d-металдар, сирек кездесетін металдар, Al, In, Tl, Pb, Pd, Pt,

Zn, K жатқызылған. Бұл металдардың құрылымдық факторларының симметриялық максимумы бар, ал радикал үлестіру функциясы қатты сфералар моделімен тым жақсы сипатталады. Zn, Cd, Hg екі валентті металдары екінші топты құрайды, оларда құрылымдық фактордың балку температураларына жақын бірінші шыңының ассимметриясы болады. Үшінші топқа балку кезінде көлемнің азаюы басты ерекшелікті құрайтын элементтер, - Ga, Sb, Bi, Si, Ge, сондай-ақ Sn жатқызылған, оларда құрылымдық факторда шыңның үлкен бұрыштық жағында жанама максимум байқалады. Сонымен бірге, рентгендік дифракциялық тәжірибелер көрсететіндей, температураның жоғарылауымен құрылымдық факторларда белгіленген ерекшеліктер біртіндеп жоғалады. [1] жұмыста көрсетілгендей, металл балқытпалардың акустикалық қасиеттерін бірінші жіктеудің өзі дыбыс жылдамдығының температуралық коэффициенттері бойынша балқытпалардың ұқсас топтары байқалатынын айқындайды. Әрі қарай температуралық жүріс S бірнеше мәрте зерделенген және көбінесе әр түрлі авторлармен тексерілген.

Енді типтік металдар балқытпаларының кейбір қасиеттерін қарастырамыз. Тығыз оралған металдар үшін $\alpha(T)$ және $S(T)$ температуралық тәуелділіктерін [1] жұмысты жіктеу бойынша бірінші топқа жатқызуға болады. Бұл топқа Pb, In, сондай-ақ Tl жатады. Олардың деректері бойынша оларға серпімді толқындардың таралу жылдамдығының сызықтық азаюы және жұтылу коэффициентінің α бірқалыпты өсуі тән. Алайда релаксация уақыты T тым шартты бағаланады.

Құрылымдық релаксация уақыты T_θ үшін ығысу тұтқырлығы релаксациясының уақытымен ұқсастық бойынша құрылған формуланы аса жиі пайдаланады

$$T_\theta = \frac{\eta''}{K'_{iv}}$$

мұнда η'' - көлемдік тұтқырлық, оның мәнін мына шарттан табады

$$\alpha_m = \frac{\omega^2}{2\rho S^3} \eta''$$

Сонымен бірге K'_{iv} мына формула бойынша анықталады

$$K'_{iv} = \frac{\kappa_B T \rho N_A}{M}$$

[3] жұмыста көрсетілгендей, балқытпалардағы импульсті әр түрлі деформацияланған облыстар арасында тасымалдау үшін және серпімді деформациялардың әсер етуінен жақынды қайта құру үшін жауапты, физикалық процестердің ұқсастығы туралы факт бұл формулаларды негіздеу болып табылады. Мұндай бағалау дұрыс, өйткені ол тұтқырлығы аз көптеген балқытпалар үшін шамасының реті бойынша молекулалық динамика әдісімен есептелген, жылдамдықтың автокорреляциялық функциясының уақытына тән.

Әдебиет:

1. Конюченко Т.В. Измерение скорости ультразвука при плавлении некоторых поливалентных металлов и ее связь со структурой и теплофизическими свойствами электронных расплавов. Дисс.к.ф. — м.н. Камышин: Камышинское высшее военное строительное командное училище. — 1980. — 136 с.
2. Френкель Я.И. Кинетическая теория жидкости. Собр. избр. трудов. М., Л.: Изд-во АН СССР. — 1959. — Т.3. 640 с.
3. Вебер Дж., Стефенс Р. Распространение звука в жидких металлах и сплавах. В кн. Физическая акустика. Под ред. У. Мезона, М.: Мир. — 1970. — Т. 46. — С.75–122
4. Davidovic M., Zivkovic M. Calculation of the velocity auto — correlation function by molecular dynamics in liquid copper., Pj. Proceedings of the 7 Yugoslav Symposium of the Physics of Condensed Matter, Ohrid, Sept. 15–19. — 1980, "Fizika" 1980,12, Suppl. № 1, 107–111.
5. Halder N. S. A comparison between the theoretical and experimental electronic density of states of liquid metals. "Phys. Status. Solidi". — 1981. — В 104, № 2. — 469–478.
6. Сжимаемость жидких металлов. Лысов В.И., Харьков Е.И., Цыганов Н.Л. «Физика жидкого состояния», (Киев). — № 7, 32–40.
7. Dahiborg U., Davidovic M., Larsson K. E. The structure factor for liquid lead. "Phys. And chem.. liquids". — 1977. — 6, № 3, 149–166.
8. Kumagal Akibumi, Hongo Masaru, Iwasaki Hiroji. Correlation between compressibilities of liquids and their polarity parametrs.
9. Mc Laughlin I. L., Yong W. H. Calculation of the small and large angle structure factor of the some simple liquid metals. "J. Phys. Metal. Phys.". — 1982. — 12, № 2, 245–257.
10. Giro A., Gonzales I. A., Torra V. The structure of the liquid lead at 670K through molecular dynamics. "J. Chem. Phys". — 1980. — 73, № 6. — 2970–2972.

Ұлтаралық қылмыскерлік ұғымы және қоғамдық қауіптілігі

Кожухова М. М. з.ғ.м., аға оқытушы;
Шорманбаева Д. Г. PhD
ҚарМТУ

Қылмыскерлік мемлекет пен құқық болатын барлық қоғам үшін сипатты болуы заңды, қоғам өмірінің объективтік жағдайларына сәйкес дамиды және жағымсыз әлеуметтік құбылыс секілді. Соңғы жылдары бізде қылмыскерліктің сандық көрсеткішінің өсуі және сапалық сипаттамаларының өзгеруі байқалады. Атап айтқанда, ұйымдасқан және ұлтаралық қылмыскерлік күш жия бастады. Қылмыстық әрекеттің бұл түрі бұрын да болды, бірақ мұндай қарқын соңғы жылдар ішінде байқалып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев лаңкестікке қарсы күрес жағдайына, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, біздің елімізді халықаралық лаңкестік пен діни экстремизм тарапынан келетін қауіптен қорғау турасындағы алаңдаушылығын бірнеше рет білдірген болатын [1].

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Лондонда өткен «Қазақстан — алға қадам» конференциясында: «Қазақстан — ТМД, Каспий өңірінің және Орталық Азияның экономикалық кеңістігіне сенімді дәнекер. Біздің еліміз жаңа идеялар үшін ашық және біз әлемдік тәжірибені мұқият зерделейміз» деп баса айтқан болатын [2].

Қылмыскерліктің жаһандануы қылмыскерліктің экономикалық қосалқы жүйесінің жалғасы болып табылатын сыбайлас жемқорлықта да көрініс береді [3, 15 б.].

Сондай-ақ, барша халықтың өмірінде қашан болмасын және қай кезде болмасын, әртүрлі негіздемелер бойынша тыйым салынған деп танылған, сонымен қатар, мемлекет пен қоғамды шара қабылдауға мәжбүрлейтін, оларды жасаған тұлғаларға қарсы бағытталған әрекеттер, қылмыс деп танылған әрекеттер жасалған және жасалады; қайда болмасын және қай жерде болмасын өзін қорғайтын құқықтық тәртіпке, билік әмірінің талаптарына бағынбаған тұлғалар болған [4, 3 б.].

А. М. Яковлев көрсеткендей, қылмыстылық «қоғамда, қоғамның арқасында және сол қоғамның шарттарына сәйкес болады» [5, 135 б.], «әлеуметтік қажеттіліктер әлеуметтік институттардың құрылымында және атқарымдарында дәлме-дәл көрініс таппайды» [6, 61 б.].

Халықаралық деңгейде біз қылмыскерліктің жаһандануына тап боламыз, ал қоғамдық ғұрып аясында әртүрлі халықтарға, таптарға және топтарға тән көзқарастардың, әдеттердің, құндылықты бағыттардың, сипаттамалардың және мінез-құлықтардың аса көп алуан түрлілігімен кездесеміз. XXI ғ. халықаралық қылмыскерлікке үш ерекшелік тән: сандық көрсеткішінің өсуі; ұйымдастырылу деңгейінің көтерілуі; бұрын сирек кездескен немесе мүлде кездеспеген жаңа қылмыс түрлерінің пайда болуы.

Халықаралық қылмыстық ұйым кірістері ірі елдердің мемлекеттік бюджеттерінен асады. Бұл ұйымдар жасайтын ең көп таралған қылмыс түрлері: есірткінің заңсыз айналымы, қару-жарақ пен оқ-дәрілердің, химиялық және ядролық материалдардың заңсыз жеткізілуі; ішкі және халықаралық лаңкестік; кепілге тұтқындар алу; тапсырыс бойынша кісі өлтіру; адам саудасы, оның ішінде әйелдер мен балалар саудасы; адам мүшелерін заңсыз сату; автомобильдерді ұрлау және жасырын тарату болып табылады.

Кейінгі жылдары ұйымдасқан қылмыскерліктің заңды бизнеске және мемлекеттік аппаратқа ену процесі байқалады [7, 311 б.].

Ұйымдасқан қылмыскерліктің саяси экстремизммен тұтасуы, үстем пайда көру және әлеуметтік бақылаудан тиімді жалтару мақсатында ұлтаралық ұйымдасқан қылмыстық әрекеттің бірыңғай кеңістігін құру, татымды экономикалық табысқа қол жеткізу үшін бір немесе шетелдерде қолайлы нарық жағдаятын пайдалану орын алады.

2005—2006 жж. топтық қылмыскерлік көрсеткіші жалпы ашылған қылмыстар санының 17—18% құрады. Бұл қылмыстардың бөлігі ұйымдасқан қылмыскерліктің қай категориясына жататындығын анықтау мүмкін емес, себебі олардың белгілері қандай да бір нормативтік актіде айқындалмаған. Сондықтан, бұрынғысынша ұйымдасқан, топтық және кәсіби қылмыскерлік проблемалары өзекті болып қала бермек. Ұйымдасқан қылмыскерлік кәсіби секілді мемлекеттік статистикада тіркелмейді.

Ұлтаралық және ұйымдасқан қылмыскерлік ұғымы қазір операциялдық талдауға келмейді және жеке қылмыстық топтарды тіркеу арқылы әшкерелеу мүмкін емес. Негізінде бандық, қылмыстық ұйымдар жасаған қылмыстарды жеке белгілеу мүмкін. Ал, топтық қылмыскерліктің жайы басқа. Қауіптілік деңгейі бойынша топтың бірлескен қылмыстық әрекетінің ұзақтықтары бір-бірінен өте қатты ерекшеленеді. Бірақ олардың болуы статистикалық тұрғыдан белгіленеді. Топтар әртүрлі сипаттарға ие екендігін ескерген жөн: нақты ұйымдасқан қылмыстан бастап бірлесіп орындаушылардың іс жүзіндегі кездейсоқ қылмыс жасауына дейін.

Ұйымдасқан қылмыстық қауымдастық тіпті қылмыс жасау үшін алдын ала ұйымдастырылған топқа қарағанда қоғамға үлкен қауіп төндіреді. Қылмыстық әрекеттің мұндай түрінің қоғамдық қауіптілігі қазіргі жағдайларда оның кең етек алуы есебінен, сонымен қатар, бұл қауымдастықтардың анағұрлым ұйымдасқан, анағұрлым бай, анағұрлым тәжірибелі болуы себебінен артады [8, 576 б.].

Онда құқық қорғау органдары ұлтаралық және ұйымдасқан қылмыскерлікке қарсы тиімді күрес жүргізуге

дайын болмады деп констатацияланған. Мұның бір себебі қылмыстық заңнаманың жетілмегендігінен. Қылмыстық қауымдастық екі немесе одан да көп тұлғалардың қылмыстық әрекетке бірге қатысу формасы екендігі анық. Дегенмен, бұл әрекет формасы бірлесе қатысу ұғымынан қалыс қалмайды.

«Жалпы алғанда, ұйымдасқан қылмыскерлікті ең алдымен, пайда көру мақсатындағы қылмысты қылмыскерлер ұйымы жасағанда, сапалы жаңа негіздегі жалпы-қылмыстық және пайдақорлық-шаруашылық қылмысты біріктіретін құбылыс деп түсінген жөн. Мұндай ұйымдар тұрақты, бейімделгіш, жақсы жасырынған, көшбасшы немесе жетекші топ болады және олардың мақсаттары мен тактикалары ортақ, бейресми нормативтік базасы, біршама материалдық қаржылары болады» [9, 67–68 б.].

Бұлар ұлтаралық және ұйымдасқан қылмыскерлік баспалдағының ең төменгі сатысы, яғни тек қылмыс жасау есебінен өмір сүретін және кәсіби қылмыскерлерге жататын ұрылар, алыпсатарлар және алаяқтар, сонымен қатар, заңға қайшы кіріс көздерін иеленген құқық бұзушылар тобы.

Қылмыстық қауымдастықтың ең жоғары сатысында екі бөліктен тұратын элита болады. Біріншілері — негізгі өмір мәні жинақтаушылық, арамтамақтық күнкөріс болып есептелетін епшілдер, мүлікті талан-таражға салушылар. Олардың тікелей қылмыс жасаушылардан айырмашылығы — жеке және ұйымдық функцияларды орындайды. Көшбасшылардың екінші тобы жалпы қылмысты адамдардан тұрады. Бұл элита мен тікелей орындаушылар арасында екі топ болады. Біріншісін қылмыстық ұйымға пайдасы бар, мемлекеттік аппараттың, атап айтқанда, құқық қорғау органдарының сыбайлас қызметкерлері құрайды.

Екінші топ, ережеге сәйкес, тікелей қылмыс жасамайтын, бірақ ұйымға пайдалы және қажет функцияларды орындайтын тұлғалардан тұрады.

Ұйымдасқан қылмыскерлік құрылымы турасында басқа да бірнеше көзқарастар бар. «Ол сұраныс ұсынысты туындататын, аяқасты қалыптасқан байланыстар тұрақты және тиянақты сипатқа енетін нарықтың өз бетінше ұйымдасу принциптеріне негізделеді. Серіктестердің әрекет еркіндігі орталықты басқарумен немесе тараптардың келісімімен емес, мүдделердің түйісуі немесе түйіспеуімен шектеледі. Бірлестірілген басқару орталығы мен бірлескен әрекетті ұйымдасқан қылмыскерліктің жоғары сатысы ретінде ғана қарастырған жөн және басқа даму фазаларын да елемеге болмайды» [10, 45 б.].

Ұйымдасқан қылмыстық қауымдастықтың криминалистикалық сипаттамасы бірлескен қылмыстық әрекеттің бұл формасын серіктесу ұғымы қамтымайды деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Осы турасында В.И. Ильин әділ айтқан: «Біз көп жылдар бойы бізде ұйымдасқан қылмыскерлік жоқ деп қайталаудан танбағандықтан, сәйкес құқықтық нормалар да жоқ. Мұнда ең көп пайда көрген «алғашқы адамдар»,

ережеге сәйкес, өздері ұрлық жасамайды, кісі өлтірмейді. Олар қылмыс салаларын макрореттеумен айналысады, ұйымдастырушы рөлінде көрінеді. Сондықтан, оларды заңнама бойынша қылмыстық жауапкершілікке тарту мүмкін емес» [11].

Қылмыстық қауымдастықта қылмыс жасаған кезде қатысушылар арасында субъективтік қатынас болмайды. Қылмыстық қауымдастық қатысушыларының топтары немесе жеке қатысушылары қауымдастықтың басқа мүшелерінің қойған мақсаты жайлы ойламай, өздері көздеген мақсатқа жетуге талпынады.

Мысалы, спорт шебері И. Ильясов белсенді әрекет ететін 70 мүшесі бар топқа жетекшілік етеді. Олар беске, жетіге бөлініп, белгілі бір аймақтар мен объектілерге бекітілген. Қылмыстық әрекет бағыты өте әртүрлі болған — жезөкшелерді ұстаудан бастап саудагерлерді «салықпен», басқа қалалардың ұрыларын, «гастролерлерін» құрсауға дейін. И. Ильясов өз кооперативтерінің желісін құрып, сонымен қатар, басқа кооперативтерден қорқыту арқылы ірі көлемдегі қаражат алып отырған.

Бопсалаушылардың өз жағдайларын күйттегені және өздері «жоғары жаққа» жіберген қаржылар қандай мақсаттарға жұмсалатынына туралы мүлде қызықпағандығы әдеттегі жағдай. Сондықтан оларды пара берді, валюталық опеация ережелерін бұзды және «жоғарыда отырған жетекшілер» жасаған басқа да қылмыстарға қатысты деп тану бірге қатысу жауапкершілігі туралы әрекеттегі заңнама көзқарасы тұрғысынан мүмкін емес.

Сонымен қатар, қоса қатысудың осындай міндетті белгілерінің болмауына қарамастан, бұл қауымдастықтың бірлескен қылмыстық әрекет формаларының бірі екендігін ескермеуге болмайды. «Ұйымдасқан қылмыскерлік — сапалық басқа білім, тіпті тиянақты қылмыскерлердің жеке тобының жай қосындысына да сай емес».

Қылмыстық құқық бойынша теориялық әдебиеттерде топтық қылмыстық әрекет үшін тартылатын жауапкершілік туралы сұрақты бірнеше рет шешу талпынысы жасалды.

Авторлар тобы: «... бірігудің бірнеше түрі болады. Олардың айырмашылығы а) қылмысқа қатысу сипаты бойынша; б) қылмыскерлердің ұйымдасу дәрежесі бойынша беріледі. Бірінші белгі бойынша бөлу қатысу формасы бойынша бөлу, ал екінші белгі бойынша бөлу ұйымдастырылу дәрежесі және қатысу түрі бойынша бөлу деп аталады. Серіктесу алдын ала келісусіз және алдын ала келісумен де бола береді» деп жазады [12, 120 б.].

Сыбайластардың әрекетін саралауға байланысты орындаушы жауапкершілігін ауырлауын немесе керісінше жеңілдеуін анықтайтын объективтік және субъективтік белгілерді қатысушыларға тағу туралы сұрақ туындайды. Бұл сұрақты шешкен кезде орындаушы жасаған қылмыстың объективтік жағдайына, яғни, басқа қатысушыларға тек олар бұл жағдайлар туралы біліп, олардың бары туралы хабардар болғанда ғана кінә тағылуы мүмкін екендігіне сүйенген жөн. Егер сыбайластар бұл жағдайлар ту-

ралы білмесе, онда соңғылары қатысушылар жасаған әрекетті саралау кезде есепке алынбайды. Мысалы, кісі өліміне қатысушылар орындаушының аса жауыздықпен өлтіру тәсілінен хабардар болмаса, бұл Қазақстан Республикасының ҚК 96 б. 28 және 41 тармағы бойынша жай адам өлтіру деп сараланады [13, 43 б.].

Дегенмен, бұл белгілер сыбайластықтың басқа формаларында әрдайым кездесе бермейді. Мысалы, алдын ала келіспей, жай қатысуда, яғни, қылмыс жасауға орындаушыдан бөлек ұйымдастырушы, көмекші, азғырушы қатысады; іс жүзінде жоғарыда көрсетілген мағынада бірлесу белгілері жоқ, себебі қатысушылардың әрқайсысы өзі жауап беретін әрекеттер жасайды. Бұл жағдайда әрекет ортақтастығын түсіну белгісінің болуы шарт емес. Орындаушы өзімен бірге қылмыс жасауға басқа да тұлғалардың қатысатыны жайлы тіптен білмеуі де мүмкін. Қатысушы өзінің әрекеті орындаушының қылмыс жасауына үлес болып табылатынын түсінуі керек.

Топ деп бұл мағынада мемлекеттік органдарға, мекемелерге, ұйымдарға немесе жеке тұлғаларға шабуыл жасау мақсатында құрылған екі немесе одан артық адамнан тұратын тұрақты қарулы қауымдастық болып табылатын банданы айтуға болады. Мұнда бірлесу критерийі айқын көрінеді.

Топ ұғымын психологиялық мағынада «ұйымдасқан қылмыскерлік» ұғымын құрайтын қылмыстық қауымдастық сипаттамасына қолдануға келмейді. Мұндай қылмыстық қауымдастық қатысушылары әртүрлі қылмы-

стық әрекетпен айналысады. Бір және сол қауымдастыққа мүлікті талан-таражға салушы, бопсалаушылар, алаяқтар, пара берушілер мен пара алушылар, қанішерлер, т.б. кіруі мүмкін. Мұнда нақты қызметі әрекеттегі қылмыстық заңнама тұрғысынан қылмыс деп саналмайтын адамдар да кіруі мүмкін. Қылмыстық қауымдастықтың жеке қатысушылары немесе топтар елдің әртүрлі аймақтарында болуы және бір-бірі туралы білмеуі мүмкін.

Қылмыстық қауымдастықтың мұндай ұйымдық құрылуы кезінде ұйымдасушылықты топ белгісі ретінде қарауға болмайды. Мұнда топтың екінші белгісі — әрекет ортақтығын ұғынудың да жоғы орынды. Қылмыстық қауымдастықтың әр қатысушысы өз әрекетін және қандай да бір шамада өзімен тікелей байланысты тұлғалардың әрекетін түсінеді.

Қылмыстық қауымдастықтың қылмыстық әрекеттерінің қоғамға төндіретін қауіпі оның қатысушылары жасаған нақты қылмыстар жиынтығының қоғамға төндіретін қауіпінен айтарлықтай үлкен. Жалпы кез келген бірлескен қылмыстық әрекет бір адамның қылмыс істеуіне қарағанда анағұрлым қауіпті, себебі, ол қылмыс жасауды оңайлатады, анағұрлым ауыр зардап келтірудің объективтік мүмкіндіктерін жасайды, қылмыстық, яғни, қоғамға қайшы әрекетке бір емес, бірнеше азаматтардың қатысуында байқалады. Сондықтан топтың қылмыс жасауы әрекеттегі заң бойынша әрқашан жауапкершілікті ауырлататын жағдай ретінде, кейде саралауға және жазалау шарасына әсерін тигізетін жағдай ретінде қарастырылады.

Әдебиет:

1. Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана «Стратегия вхождения Казахстана в число 50-ти наиболее конкурентоспособных стран мира» от 01.03.06, — Астана, 2006, — 64 с.
2. Выступление Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева на конференции «Казахстан — путь вперед», Мэншн Хаус, Лондон, 22 ноября 2006 г.
3. Шестаков, Д. А. Уголовное наказание за коррупцию в контексте Школы криминогенных подсистем Материалы конференции. — Астана. 2005, — 15 с.
4. Сембекова, Б.Р. Конституционные основы расследования преступлений, связанных с легализацией незаконных доходов. Вестник карГУ. Серия право № 3. (67) 2012. С 77—83.
5. Яковлев, А. М. Преступность и социальная психология. — М., 1971, — 135с.
6. Яковлев, А. М. Социология преступности. — М., 2001, — 61 с.
7. Лунеев, В. В. Преступность XX в. — М., 1997. — 311 с.
8. Ведомости Верховного Совета СССР. 1989. — № 29. — 576 с.
9. Антонян, Ю. М., Пахомов В. Д. Организованная преступность и борьба с ней// Советское государство и право, 1989. — № 7. — с. 67—68.
10. Лушай, Ю. Организованная преступность: степени организованности/ Социалистическая законность. 1989. — № 6. — 45 с.
11. Ильин, В. А. О мафии, рэжете и других подобных явлениях. 1991, 19 января.
12. Ковалев, М. И., Фролов Е. А., Ефимов М. А. Основы уголовного законодательства Союза ССР и союзных республик. — Свердловск, 1960. — 120 с.
13. Қазақстан Республикасының ҚК 96 б. 28 және 41 тармағы.

Ұлттық ойындар арқылы баланың тұлғалық қасиетерін дамыту жолдары

Кусайнова Маржангул Амантаевна;
Тусупова Мейрамгуль Максұтовна
Қарағанды мемлекеттік медициналық университеті

Ұлт ойындары әр халықтың әлеуметтік экономикалық жағдайларына, шаруашылық мүмкіншіліктеріне байланысты қалыптасқан. Қазақ халқының ұлттық ойындарының көбі табиғи заттармен ойнауға негізделген. Кәсіби мал шаруашылығына негізделгендіктен халықтың ұлт ойындарында осыған икемделген.

Ұлттық ойындар балалар бақшаларында, мектеп оқушыларының үзілістерінде, сабақтан бос кездерінде айтылып, ойналады. Жазғы, қысқы демалыстарды пайдалануы мүмкін. Бұның өзі балалардың алған білімін толықтырып, жедел ойлай білуін, іште жинақы болуын сезімталдығын шыңдады. Ойын кезінде қаншама сұрақтар қойылып, соншама жауаптар беріледі, жұмбақтар шешіліп, жаңылтпаштар айтылады, ән, күй, би орындалады. Сөйтіп ойынның өзі мәдениетпен, өнермен ұштасады.

Ойын балалар өмірінде үлкен орын алады. Мектепте ұлттық ойындар қозғалыс ойындары пайдаланылады. Қозғалыс ойындары оқушылардың ептілік тапқырлығын, өзін-өзі билеушілігін дамытады, қозғалтқыш дағдыларын жетілдіреді.

Қазақ халқының ұлт ойындары жеке адамдарды ғана тәрбиелеу құралы емес, ол бүкіл қоғамдық ортаны өз соңынан ертетін ұлттың азаматын тәрбиелеп, үлгі берерліктей әлеуметтік орта моделін жасаушы ретінде күрделі қызмет атқарған. Қазіргідей арнайы мамандық беретін оқу орындары болмаған кезде ұлт ойындары халқымыздың өз ұрпағын тек ойын — сауықтарда бәсекеге түсіп жеңімпаз атанып, жүлде алу үшін ғана емес, ата жолын қуып ізінен бұрынғы дәстүрлерді жалғастырып, өз жұртында бар өнерді игеріп, меңгеруге, шаруашылық жүргізу қолынан келетін, ел қорғауға жарайтын батыл да өжет, шапшаң ұрпақтарды тәрбиелеудің өзіндік жүйесін өмірге әкелген.

Қазақтың белгілі ғалым ағартушылары А. Құнанбаев, Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин халық ойындарының балаларға білім берудегі тәрбиелік мәнін жоғары бағалап, өткен ұрпақтың дәстүрі мен салтын құрметтеп, адамдардың ойы мен іс-әрекетін танып түсінуде жастардың эстетикалық, адамгершілік ой талабының өсуіне оның атқаратын қызметін жоғары бағаласа, М. Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінің бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдайды [1].

Сондықтан ұлт ойындарын бүгінгі мектептен және мектептен тыс оқу — тәрбие жұмысына, әсіресе оқушылардың туристік іс-әрекетін ұйымдастыруға енгізудің әлеуметтік-педагогикалық негіздері белгілі бір ғылыми — педагогикалық алғы шарттарға бағындырылуы тиіс.

Мектептен және мектептен тыс тәрбие үрдісін жетілдірудің арқылы педагогикалық шарттардың бірі — өрке-

ниеттің бүгінгі деңгейіне негізделген әлеуметтік — педагогикалық талаптарға сай жастарға білім мен тәрбие беру, адам баласының өткен ұрпақтарының қол жеткізген жетістіктерінен бас тарту деген сөз емес, қайта сол кезеңнің жаңа мазмұн мен мағыналарға жеткізетін түрлерді дүниеге келтіру арқылы бүгінгі күн талаптарына сай жас ұрпақты тәрбиелеу мүмкіншілігін пайдалану [2].

Ұлттық ойын элементтерін сабақтың барысында пайдалану оқушылардың білімді қабылдау қабілетін нақтылап, мазмұнын оқушы санасына жақындатады. Ал оқушылардың табиғи жағдайда өткізілетін туристік іс-әрекетінде ұлт ойындарын пайдалану тәрбие жұмысына оларды қызықтығын іліктіре түседі.

И. Павловтың рефлексстік теориясына сүйенер болсақ барлық оқыту, тәрбие үрдісі байланыс жүйесінің құрылымына негізделеді, ал оның қажетті шарты “Орталық ми қабырының әрекетіне” байланысты болып келеді. Олай болса, ойын қолданылған сабақ тәрбие жұмысы оқушыға өзінің етене жақындарымен түсініктілігімен ерекшеленеді.

Ойын әрекеті — өзіндік әрекет. Педагогикада өзіндік жұмыс өз алдына жеке тұрып оқыту ұстанымы бола алмайды. Ал баланың ойын үстіндегі өзін-өзі жаттықтыруы, өмірді білуге деген құмарлығы, шынығуы, шыңдалуы, оның ақыл-ойы, дене еңбегіндегі белсенділігін арттырып, алдына қойған мақсатына жетуге деген ерік-қайратын шыңдайды, алға қарай ұмтылысын, құштарлығын оятады. Осының нәтижесінде оқушының өз бетімен дербес белсенділігі пайда болады. Соның нәтижесінде оқушының өз бетімен ізденуі, білімді қажетсінуі өсіп, нақтылы қажеттілікке ұласады. Атап айтқанда, білім алудағы оқушы белсенділігі мен білімді игеруге деген саналық ұстанымы оқушы дербестігін туғызып, өздігінен оқу, білім алу дағдысын қалыптастырады [3].

Қазақтың ұлт ойындарының көбі дер кезінде қағаз бетіне түсіп үлгермегендіктен, бүгін ұмыт болған Сәбит Мұқанов өзінің “Өмір мектебі” атты мемуарлық еңбегінде ертеректе “Орда” атты асық ойыны болғанын бірнеше рет атап өтеді.

Аты ғана сақталып қалған ойындардың аса бір маңыздарының бірі — “Абайдың алты алашы” атты ойыны. Дер кезінде жинаушылардың көзінен таса қалған ойындар әлі көп. Солардың арасында! Сары құлан”, Сары ала қаз”, “Ақ аю”, “Ағызбақ”, “Жылмаң”, “Топай” ойындары.

Баланың дамуына ұлттық ойынның өз ықпалы бар. Бала ойын арқылы өз сана-сезімі құрылымының негізін құрайтын жеке басының қадір-қасиетін ұғынады. Балалар ойын арқылы өзінің денсаулығын нығайтып, айналадағы заттар мен қылыстардың ақиқатсырын ұғынып, еңбек дағдысына үйреніп отырады. Іріктеліп алынған ой-

ындар қазіргі ұрпаққа жан-жақты тәрбие беруде үлкен рөл атқарады. Басты шарты ретінде ойындарда ой мен еңбектің бірлігі ескерілген. Сонымен, ойындар балаларды ептілікке, шеберлікке, шираққылыққа, табандылыққа басқа да жақсы қасиеттерге тәрбиелейді [4].

Ойын әрекеті балалардың санаткерлік және тілдерін дамытудағы көп әсер ететіндігі жалпыға мәлім. Ойын баланың білімді игеруі үшін қажетті ерікті зейіні мен жадын дамытуға мүмкіндік береді. Сондықтан, ойындық әдістер осы оқушылардың психофизиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес, бастауыш сыныптарда дәстүрлі түрде қолданылады. Ойындардың қай-қайсысы болса да оқушыдан төзімділікті, тапқырлықты, ізденімпаздықты, шеберлікті тағы басқа толып жатқан қасиеттерді талап етеді. Ойын кейін баланың жеке басындағы қасиеттері дамиды, ойын баланы үйретеді, тәрбиелейді, өзгертеді.

Қазақ мәдениетін — ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениет. Ол ұлттық тәлім-тәрбиенің негізінде дамып, қалыптасты. Ұлттық тәрбие сол ұлттың мәдениетін дамытудың қозғаушы күші болып табылады. Әрбір халықтың тарихи тіршілігі мен рухани тәжірибесі бар. Халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі рухани тәжірибелері арқылы қалыптасқан тәрбиелік және дүниетанымдық құралдарын біз халық педагогикасы дейміз. Халық педагогикасы — халықтың мәдени мұрасы. Халық педагогикасы сол халықтың (ұлттық) этностық ерекшеліктеріне байланысты дамып, қалыптасқан. Ал этностық (ұлттық) ерекшеліктері сол этностың тұрмыс-тіршілігіне, тарихи әлеуметтік, жағрафиялық жағдайларына, генетикалық, физиологиялық т.б. ұлттық ерекшелігіне байланысты болатыны белгілі. Тәрбиелеу — мәдениетке баулу деген сөз. Қазақ халқы өзінің тәрбиелеу, дүниетану жүйесін көшпелі және отырықшылық тұрмысқа байланысты, тарихи — әлеуметтік жағдайларға сәйкес дамытып, өзінің ұлттық (этностық) мәдени ерекшеліктерін қалыптастырды. Қазақ халқының мәдениетіндегі тәрбие мен оқыту ерекшеліктері оның ғасырлар бойын дамып, қалыптасқан ұлттық қасиеттері: меймандостық, кісілік сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілділік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімшілдік десек; Рухани болмыстары: өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, жадына сақтай білу қабілеттілігі оның ұлттық ерекшеліктерін танытады. Әрбір ұлттың ұлттық қасиеттері ұлттық тәрбиеге (ұлт педагогикасына) байланысты дамып, қалыптасқан. Қазақ халқының ұлттық тәрбие жүйесін халықтық тәлім-тәрбие дейміз де, ол туралы тұжырымдалған ғылыми жүйені халық педагогикасы дейміз. Халық педагогикасы ұлттық әдебиет пен сол ұлттың салт-дәстүрлерінің құралады. Әдебиет көркем шығармалар арқылы сан үйретуден бастап, шығарма кейіпкерлерінің тілін, ойын, іс-әрекеттерін, мінез-құлқын, ұлттық қасиеттерін үлгі ретінде әсерлі баяндап, содан соң көркемдеп көрсетіп үйрету арқылы жеке тұлғаның адами қасиеттерін қалыптастырып, кісілік сана-сапасын арттырады. Ал, ұлттық салт-дәстүрлер игі әдебиеттердің әдет-ғұрыпқа (әдепті іс-әрекетке) айналып, одан әдеп (ұлттық мәдени көрніс), әдептен дәстүрге (мәдени үрдістің ұлттық дәрежедегі көрнісі) дәстүрден салт (ұлттық мәдени көрніс), әдептен

дәстүрге (мәдени үрдістің ұлттық дәрежедегі көрнісі) дәстүрден салт (ұлттық қолданыстың қолданылмалы заңға айналуы), салттан салт-сана (дәстүрдің ұлттық санаға сіңіп, сөзсіз қолданыста болуы) қалыптасқанын көрсететін жеке тұлғаның ұлттық мәдени қасиеттерін қалыптастырады.

Жас ұрпақтың әдептілігін (мәдени болмысын) дамытып қалыптастыру үшін, қазақ халқы әдебиеттің әдептілікке үйрететін үрдістерін жан-жақты пайдалана білген. Ең әуелі бір жастан бес жасқа дейінгі баланың адамдық қасиеттерін қалыптастыру мақсатында, қазақ халқы тілашар дәстүрі сияқты ұлттың шығармашылық жемістерін барынша қолданып, оны тәрбие құралы етіп, пайдаланған. Әсіресе, қазақ халқының мақал-мәтелдері ұрпақты мәдениеттілікке тәрбиелеудің ең басты құралы болды.

“Туған жерге туың тік”, “Кісі елінде сұлтан болғанша өз елінде ұлтан бол” сияқты мақалдар туған жерді сүйу отанды ардақтау мәдениетін үйретуді көздейді. “Кәсіп, кәсіптің түбі — нәсіп”, “Аз да болса, саз болсын” сияқты мақалдар кәсіпте мәдениет негізі екендігін меңзеп, “аз да болса, саз” еңбек мәдениетін үлгі етіп көрсетеді. “Бірлік болмай, тірлік болмас”, “Бұрыс алды ынтымақ” сияқты мақалдар ынтымақ пен бірлік ұлттық мәдениеттің өзекті бір түйіні екендігін түйсіндіреді де, “Бас басыңа би болсаң, Манар тауға симассың. Бір данаға жол берсең, жанған отқа күймессің” деп түйіндейді.

“Бөріктіңің намысы бір”, “Ер мойнында қыл арқан шірімес” деп, халық ер азаматтардың намыстылығын және олардың елге қызмет ету мәдениеті әруақытта сақталады деп, олардың халық алдында парызын мойындатады. Қазақ — ақын халық. Қайым айтыс, қыз бен жігіт айтысы, ақындар айтысы, жұмбақ айтыс, хайуанаттар айтысы сөз көркемдігімен, тіл жатықтығымен тыңдаушының көркемдік сезімін оятумен қатар, жастарды өнерге баурап, оларға әдептілікті, инабаттылықты, мәдениеттілікті үйретеді. Мысалы: Орманқұл мен Тәбияның айтысында, “Бос мойын, бота тірсек бозбала көп,

Қиіздеі шала басып, қарпылмаған”

деп, Тәбия қазақ жігіттерінің мәдениеттілігі аз екенін бір ауыз өлеңмен түйіндейді. Бұрынғы және қазіргі айтыс өнерінде айтыс барысында әдепті бұзған ақын әруақытта жеңіліп қалып отырады. Айтыс жанры өлең өрнектерінің көркем болуын талап етеді де, тыңдаушының, айтушының көркемдік (эстетикалық) сезімін оятады. Мәселен, Біржан Сал мен ақын Сараның айтысында сұлулықты көркемдікті, әсем мінезді қастерлей жырлау басым. Мысалы:

“Тамағым жас баланың білегіндей,

Иығым сандалеттің тірегіндей.

Бет алдым қоңыр қаздың кеудесіндей,

Талбойым жолбарыстың жүрегіндей” — деп, Ақын Сара өз бейнесін көркем суреттейді.

Ғасырлар бойы дамып қалыптасқан және өркендей беретін халық педагогикасының қасиетін қадірлеп ұлттық тәрбиеге жан-жақты көңіл бөле бастағанымыз — болашақтың сәулетіне нұрын шашатын күн шуағы іспетті. Еңбекті ұрпағына үйретіп, адамдыққа баураған халқымы-

здың дәстүрлері, ұлттық ойындары, салт-санасы, бай да баянды мұра.

Қорыта келгенде, оқушыны инабатты парасатты болып өссін десек, ұлттық тәрбие тағылымын басшылыққа алып,

Әдебиет:

1. Сағындықов “қазақтың ұлттық ойындары”
2. Ж. Б. Қоянбаев. Р. М. Қоянбаев Педагогика. 2004
3. Омарова, Р. С., Кенеш Ә. С., Дүйсенова Ұ. А. 12 жылдық білім берудің бастауыш буындағы оқу — тәрбие үрдісі.
4. «Қазақстан мектебі» журналы № 9—10 2005 ж.

Төле би — әйел теңдігінің жаршысы

Мұрат Хасен Әбдірахманұлы

Қазақ тілі және мәдениеті кафедрасының аға оқытушысы
Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті

«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» — деп қара қылды қақ жаратын Төле би баласының азамат болып, ержеткенін Қазыбек пен Әйтекеге хабарлап, оған отау көтеру жайлы кеңесіп отырғанда Қазыбек жақын ағайындарының бір қызын атапты. Бұл бойжеткенді жақсы білетін Ниязбек деген кісі Жанкел ақынға сол өсіп отырған бала жайлы өсек сөздің бар екендігін білдіріпті. Қалың топтың алдында Жанкел суырылып шығып:

Тобылғының түбінде торғай да бар,
Бір жаман мен бір жақсы әрқайда бар.
Екі жаман қосылса күнде керіс,
Екі жақсы қосылар күн қайда бар?
Жаман қатын, жаман ат, жаман тазы,
Мұңайтады жігітті малдың азы.
Бейнет болар жігітке өмір сауда,
Көлдің сәйкес келмесе қоңыр қазы.
Әйел еркек әр істі дана қылар,
Іс боларма жаманға шара қылар.
Қандай еркек ақылды болғанымен,
Бірақ әйел өмірін ада қылар!

Ақын өлеңінен бойжеткеннің қандай екенін көкірегі сезіп отырған данышпан Төле би халқы бата сұрағанда: «Мінгені тайқыдан, көкірегі қайқыдан, аузы бүрік, ерні түрік, көзі сарыдан шашы қарадан сақта» — депті. Сонда Қазыбек би барып қызды көзімен көріп келіп: «Сылтауыңыз сұңқар, қаз бен үйрек дегмар» — екен деп күліпті. Сөйтіп Жанкел ақынның жүйрік ақылы мен зеректігінің арқасында Төле би басқа жерден бір сапарында Данагүлге құда түсіпті.

Отбасындағы объективті фактор ана роліне мән берген қазақтың келіні — ұлттың ұйытқысы деп білген Төле би:

«Балама әйелді өзім тандап алып беремін. Байдың байлығына қызықпаймын, бидің билігіне қызықпаймын, «Асыл пышақ қап түбінде жатпайды» деген. Келінім ақылды болса, балам дана болады. Ердің бақыты — әйел деген. Ел сыйлайтын ерді ақылдылықпен адам етіп тәр-

халқымыздың жстарды әдептілікке тәрбиелеудегі сол қазынасын бүгінгі күн талабымен ұштастыра отырып, ХХІ ғасырдағы қоғам талабына сәйкес үйлесімді оқытып, дамытуымыз қажет.

биелейтін әйел, кең жайылған дастарханымен ердің атын шығаратын да әйел. Малына, байлығына қызығып, ешкімге құда болмаймын. Келінді асықпай ел арасынан өзім іздеймін. Бұйрық болып кездесе көрермін. Ырыс, бақыт та, қызыр да әйелде. Әйел қызырлы болса, үйіңнен жақсы адам кетпейді. Мысалы берекелі үйге кім келмейді? Жақсы әйелдің арқасында ердің елге даңқы кетеді. «Би бол би болмасаң би түсетін үй бол» деген. Би түскендей үй болу әйелден. Ол әйелді халық та жақсы көреді. Жақсы кісіні жұрт жек көре ме? Әйел жақсы болмай ер оңбайды. Ердің бақытын көтеретін де әйел, ердің бақытын әперетін де әйел» — деп бағалаған.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Ғасырлар тоғысында» атты ғылыми теориялық еңбегінде: «Ұзатылған қыз келін болып түскен жеріне өз елінің диалектісін, отбасының жылулығын мейірбандығын, дәстүрін, әнін, биін, аңыз әпсанасын, тігіншілік — тоқымашылығын, қолөнерін, тамақ дайындау тәсілдерін — былайша айтқанда өзінің өскен ортасының барша ерекшелігін өзімен бірге ала келген. Бүгінгі байтақ мекенді қоныс еткен біздің мемлекетіміздің салт — дәстүрі мен тіліндегі тұтастықтың, диалектінің жоқтығының сыр — себебі осында емес пе екен?! [1]

Л. Н. Гумилев: «Қазақта басқа Шығыс халықтарына қарағанда әйелге өзге бір илтифатпен қараған, даланы мекен еткен хундар мен сәнби жұртында әйел қатты құрметтелген оған қол жұмсауға болмаған, қыз сүйгенімен тұрмыс құрған, қалың малына өзі ие болған, әскери іс — әрекеттен басқа жұмыстың бәрін әйелдер шешкен», [2] — деп жазады.

Жер бетіндегі бақыттың ең зоры да, ең ізгісі де, игіліктісі де ең мехнаттысы да ана болу бақыты. Халқымыз өмірдің өзегі болатын сөздерді ана атымен теңейді.

Ел де — Ана.

Жер де — Ана.

Тарих та — Ана.

Анаң барда ешқайда алаңдама, — деп жырлайды ақын О. Сүлейменов.

Ананы айтсақ есімізге жер түседі, халық пен тіл тағдыры түседі. Бұл үшеуі бүтіннің үш бөлшегі, ошақтың үш бұты.

Тарихты қолдан бұрмаланған жайттың бірі отарлау саясаты. Дендеп келген дертті жоспарлы түрде отарлаушылар жүзеге асырып отырған. Соның бірі ана тілімізден айыру.

Сүйемін туған тілім,
Анам тілін.

Бесікте жатқанымда — ақ,

Берген білім, — деп С. Торайғыров айтқандай ананың әлдиімен құлаққа сіңген, ана сүтінен нәр алған ұлттың баға жетпес байлығынан айыру мақсатында 1863 жылғы 23 қыркүйектегі дала губернаторының құпия хаттамасында қазақ қыздары жөнінде: «Қыздар мектебін ашып, қырғыз қыздарды орысша оқыту керек; өйткені әлгі қыз қырғызға күйеуге шығып бала туғаннан кейін, күйеуіне ықпал жасап, орыстар жағына шығарады. Сонда қырғызша білім алуды тезірек жойып, орысша оқытуды жеделдетеді» — дейді.

Осындай саясатқа қарсы тұрып, берілмей ділімізді — тілімізді сақтап қалудың негізінде елге көсем даналарымыздың ұлағаты, жауға қарсы тұрған батырларымыздың ерлігі мен ананың әлдиінен бастау алған ұлттық сана жатыр.

«Белгілі дат ғалымы Э. С. Вульфен өзінің «Қазақтар» атты очеркінде ұлттың әдет ғұрыпын, салт дәстүрлерін сипаттай келе қазақтардың балалары кішкентайынан инабаттылыққа, ізеттілікке тәрбиеленетіне қатты сүйсіне келе «Қазақ өз баласына «Егер қарттарды сыйласаң, құдай сені сыйлайды», — деген нақылды титтейінен миына құйып өсіреді. Егер ақсақал кіріп келсе барлық жас түрегеліп, бас иеді және әзіл — қалжың күрт тыйылады», — деп жазады [4].

Осындай ата дәстүрін берік ұстаған Данагүлдің іс — әрекетін, тәрбиесін бір ғана көріністен сәлем беруінен тани білген Төле бидің баласына жар таңдауы туралы әпсанада:

Атың жақсы болса,
Ер жігіттің пырағы.
Балаң жақсы болса,
Жан мен тәннің шырағы.
Әйелің жақсы болса,
Бірінші — иманың.
Екінші — жиғаның,

Үшінші — ырысыңның тұрағы..., — деп мақал-мәтел үлгісінде қисыңдырып берілген сөз түйінінде, әйел адамның отбасындағы, қоғамдағы ролі мен қатар;

Қолыңда болса бар билік,
Қараға залым болмаңыз.
Астыңда болса алтын тақ.

Әділін айтып толғаңыз, — деген ұлағатты ой жиынтығы толық байқалады.

«Төле биге түркімен елінен елші келіп:

— Бір жылдан бері бітпей жатқан дауымыз бар еді, соған билік жасаңыз, — деп өтініш айтыпты.

Жер шалғай болса да Төле би түркімен еліне барып дауласқан екі жақты татуластырып қайтады. Аттары болдырып, шөлдеп — шөліккеп, келе жатқан жолаушылардың алдынан бір топ атты қыз — келіншек көрінеді. Осы топтың ішінде Данагүл дейтін кедейдің қызы бар еді. Жақындай бергенде әлгі қыз, келіншектер аттарынан түсіп, олардың алдын кесіп өтпей ізет қылып тұрып қалады. Төле би оларға жақындап барады:

— Бәрекелді, өркендерің өссін, қай ауылдың балаларысыздар? Қыздардың біреуі:

— Досай аулынанбыз, — деп жауап береді.

— Алдақашан өтіп кететін едіңдер, аттарыңнан түсіп бізді неге тостыңдар, бір шаруаларың бар ма еді?

— Шаруамыз жоқ, ата, — дейді Данагүл, — үлкен кісілер айтушы еді, кісінің алдын кесіп өтпе, оларға ізет қылып сәлем бер — деп, сіздердің жастарыңыз үлкен, араларыңызда қасиетті қариялар бар шығар, жолын кеспейік, аттан түсіп сәлем берейік деп, сіздерді сыйлап тұрғанымыз ғой. Қыз жауабына риза болған Төле би, енді қыздың аты-жөнін білгісі келеді.

— Рахмет, қызым, көп жаса, кімнің қызысың, атың кім?

— Алакөздің қызымын, атым — Данагүл.

— Бәрекелде, қызым, өркенің өссін! Атың даналы болса, ақылың саналы болар түбі, — дейді де, Төле би жүріп кетеді. Былай шыққан соң оған ой келеді, қасындағыларға:

— Аттың басын қыз аулына бұрыңдар. Алакөз қандай адам екен, білейік. Сөйтеді де, бәрі Төрткүлдің жазық дала-сымен жүріп отырып, бір ауылға жетеді. Шеткері бір үйден Алакөздің үйі қайсы деп сұрайды. Ақ қалпақты жас жігіт:

— Алакөз жәкемнің үйі анау тұрған қараша үй, — деп сілтеп жібереді. Төле би бәрі сол үйге барып аттан түседі. Момақан ғана Алакөз байдың жылқышысы екен. Топ аттылыны көргенде сасқалақтап, қалбалақтап қалады. Көршісінен бір қой қарыз алып сояды, алдына барын жайып күтіп алады. Сол заматта «Алакөздің үйіне бір топ аттылы кеп түсті. ішінде атақты Төле би бар» деген сөзді естіп қара батырдың жылқылы байы Алакөздің үйіне барып, Төле биге сәлем береді.

— Ау, биеке, менің сегіз қанат ақ үйім тұрғанда жылқышымның қара лашығына түскеніңіз қалай? Мен сіздерді шақырып келіп тұрмын. Тай соямын, қымыз сапырамын. Алакөздің үйінде жағдайларыңыз болмайды, кәне жүріңіздер? — дейді. Сонда Төле би:

— Байеке, әуре болмаңыз. Сіздей байлардың үйіне түсіп жүрміз ғой. Бір жолы Алакөз сияқты кедейлердің де үйін көріп қойғанымыз теріс болмас, — деп оған көнбепті. Ет пісіп, кісілердің алдына табақ тартылыпты. Төле бидің алдына бас қойылыпты. Би «биссимилла» деп бастың құйқасынан дәм ауыз тиіпті де:

— Алакөз інім, балаң бар ма?

— Балам жоқ, Данагүл деген қызым бар.

— Сол қызыңды бері шақыршы?

Ошақ басында самаурын қайнатып, шешесіне қолқабыс тигізіп жүрген Данагүл үйге енеді. Төле би ба-

стың құйқасын қасқалап кеседі де, бір құлағын, тіліп, тандайын алып қызға береді де, мынадай тілек айтады:

— Шырағым, құлақ бергенім — бас ием бол дегенім. Тіл мен тандай бергенім — іштегі құпиямды айттырмай тауып, шешіп отыратын шешен бол дегенім, — депті.

Дәмнен ауыз тиген қыз:

— Рахмет, ата, тілегіңіз қабыл болсын, — деп, шығып кетеді. Бата беріледі, дастарқан жиылады. Енді Төле би Алакөзге қарап:

— Сенімен құда болғым келіп отыр, бұған қалай қарайсың? — дейді. Жаппарқұлда жан бар ма, бүкіл елді аузына қаратып жүрген Төле бидей кісі солай деп қолқа салып отырған соң. Алакөз мақұлдап ризашылығын білдіреді. Көп ұзамай-ақ екі жақ тойын жасап, Данагүл Төле биге келін боп түседі. «Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан» демекші, Данагүл өзінің ақылды, әдептілігімен бір ғана би атасына емес, бүкіл ауылға жағады. Атасы билікпен, ел қамымен жүргенде, Данагүл ауыл адамдарын, өзінің құрбы-құрдас, абысын-ажындарына ақылшы, бас-көз боп жүреді. Данагүлдің ақылды, сезімталдығын, Төле би атасының ішкі ой-сезімін, емеурін-түспалын айтқызыбай түсінетінін ел былай аңыздайды: Бір жолы Төле би алыстағы жекжатына барып, атқосышысы екеуі ғана қайтады.

— Қайсы жолмен жүрсек екен? Бір жол бар ел жағалап жүреді. Бір жол бар шөл жағалап кетеді. Ол төте жол. Қызыл құмды кесіп, елжағалап он күн жүргенше, шөлмен кетсек ауылға төрт — бес күнде жетеміз, — деді жолдасы.

— О, батырым, қарын ашпай тамақ тәтті болмайды. Жолаушы жүрмей ер қадірі болмайды. Қиыншылық көріп, қарның ашпай ас қадірін білмейсің, жаяушылық көрмесең ат қадірін білмейсің. Ел жағалап жүрміз ғой. Салт аттылымыз, сабау қамшылымыз. Тәуекел, Қызырғалайсалам шөлде жүреді деген. Олардан әулиеміз бе, бізде көрелік сол қиыншылықты. Шөлмен төте тарталық, — деп Төле би де келіседі.

Сонымен екеуі бұйрат-бұйрат құмды кешіп жүріп кетеді. Үшінші күні құдық басында отырған жалғыз үй түйешіге кездеседі. Одан сусындап, аттарының белін суытып, жемдеп алады да, тағы ілгері жүреді. Түнделетіп саймен келе жатқанда бір топ қарақшылардың қолына түседі. Жол торып жүрген қарақшылар екеуін аясын ба, аттарынан аударып, киімдерін тонап алады. Екеуін екі түп сексеуілге матап тастайды. Олар өздерінің кім екенін қарақшыларға айтпайды. Төле қарақшыларға былай дейді:

— Әй, жігіттер, сендерге біздің жанымыз керек пе, жоқ малымыз керек пе? Егер жан керек болса, көп азаптамай өлтіріңдер, ал мал керек болса, мәмлеге келейік, бізде сендерге жететін мал бар. Алдарыңа айдатып әкеп берейік, бізді босатыңдар.

— Әрине, бізге мал керек, — дейді қарақшылардың бастығы, — біз осы шөл далада мал табу үшін жүрмегенде, не үшін жүрміз. Бірақ сендер малды қайдан тауып бересіңдер? Бізді алдап кетіп жүрерсіңдер.

— Менің ауылымда, — дейді Төле, — сендерге жететін мал табылады. Мен бай адаммын. Бірақ сендер енді ауылға жібермейсіңдер әрине, сенбейсіңдер. Олай болса

былай етіңдер. Біреуің менің атыма мініңдер, киіміді киіңдер, мен хат жазып берейін. Хатты былай жазамын: «Кенже ұлыма құда түстім. Соған 40 құнан атан, 20 бура, 8 ақ бас атанымды осы барған адамнан айдатып жіберіңдер. Және оң босағамда тығулы жатқан алтынымды, сол босағамда жатқан күмісімді де қоса беріп жіберіңдер».

Қарақшылар орталарынан екі жігітін шығарып, олардың киімін кигізіп, аттарына мінгізіп, қолдарына хатты беріп жібереді. Екеуі салып ұрып Төле бидің аулына жетеді. Хатты табыс етеді. Екі жігітті «біз малымызды жинастырғанша, тыныға тұрыңдар», — деп бір оңаша үйге түсіреді. Ауыл адамдары хатты олай оқып, бұлай оқып ештеңе түсінбейді. Сенбейін десе, хатты өз қолымен жазыпты, киімін кигізіп, атын мінгізіп жіберіп отыр. Сенейін десе, «40 құнан атан, 20 бура, 8 ақ бас атан, оң босағадағы алтын, сол босағадағы күміс» дегені несі?, — деп бәрі дал болып отырғанда, Данагүл келіп атасының хатын оқиды. Сіздер атамның бұл хатына түсінбей отырсыздар. Мен білсем, ол кісі 40 қарақшының қолына түсіп қалған болу керек. «40 құнан атан» дегені — 40 мықты жігіт, «20 бура» дегені — 20 палуан, «8 ақ бас атан» дегені — 8 ақсақал кісіні балам менен келінім ертіп келсін дегені ғой. «Алтын дегені» — баласы, «күміс дегені» — келіні мен шығармын. Қой, тезірек аттанып барып құтқарып алайық. Данагүлдің тапқыр даналығына ауыл адамдары риза болып, оның айтқанын орындайды. Хатта көрсетілген малды екі қарақшыға айдатып, Төле бидің баласы мен келіні бірге жолға шығады. Олар ұзай берген соң артынан 40 жігіт, 20 палуан, 8 ақсақал, көрінбестен еріп отырады. Жақындай бергенде Данагүл екі қарақшыға:

— Сіздер озып барып хабар беріңіздер, біз малды жая жүріп кешке қарай жетеміз, — дейді. Екі қарақшы шабуылдап барып. «Мал келе жатыр», — дейді. Өзге қарақшылар «мол олжаға кенелетін болдық», — деп аттарын қоя беріп, жайбарақат жата береді. Ел жатып, олар ұйқыға кіріскенде, 40 жігіт 20 палуан бәрі сау етіп, қарақшыларды сойылдап, байлап бәрін қолға түсіріп алады. Ауылына әкелген соң Төле би бәріне арнап сөз сөйлейді:

— Ғұмыр біреу, кезек екеу деген. Сендерге өлім керек пе, өмір керек пе? Тілімді алсаңдар, ақылымды айтып ара түсейін. Бәрінің елге пайдаларың жоқ. Айдалада не қатының, не балаң жоқ, қаңғырып өмір сүресіңдер. Зорлық түбі қорлық деген. Бұларыңнан не пайда? Таза, адал еңбек істесеңдер, қарның тояды, біреуді жылатып, тартып алғанның берекесі болмайды. Әлі де болса мен сендерге болысайын. Тілімді алсаңдар бұл кәсіпті қойыңдар. Менімен бірге болыңдар. Қатыны жоқтарға қатын, малың жоғыңа мал алып беремін. Халықпен бірге өмір сүріп, адал кәсіп істеңдер. Менің айтар ақылым осы. Екі жолдың қайсын қалайсыңдар?

Төле бидің өсиеттей өнегелі сөзіне бойы еріген, ойы сергіген қарақшылардың жетекшісі:

— Айналайын, ататай, айтқаныңыздың бәрі рас. Онан қашқан, мұнан қашқан қырық руданбыз. Ел тонадық, мал ұрладық, керуенге қырғидай тидік. Біз де адамның баласымыз. Өзіңіз секілді әкеден тудық. Біздер жаман жолға

түстік. Әкеміз қарақшы болған жоқ, шешеміз зұлым болған жоқ.

Әділет айтатын жан болмады. Қолынан келген бимен мықтылар байдың сөзін сөйлеп бізге жаза берді. Сонан соң туған елді, жанды тастап, қарақшыларға қосылдық. Қырықымыздың сырымыз осы, — деп Төле бидің әділдігіне ризашылығын білдіріпті.

Қырқы өсіп — өнді. Жұрт оларға қырық ағайынды деген ат қойды.

Осы оқиғадан соң Данагүлдің атағы елге танымал болыпты.» Қазақтың данагөй абызы Төле би көксегеген

ұлы мұрат жолындағы ана тәрбиесі, қыз баланың қоғамға ықпалы бүгінгі күннің басты талабы.

Дәл бүгінгі заманда біздің қыздарымыз да осындай ұлт-жандылығымен, өздеріне тән нәзіктігімен, сүйкімділігімен және рухани тазалығымен ерекшеленуі тиіс.» (А. Мұхамедова)

Міне, Данагүл туралы әпсанада сөз құдіретінің алтын арқауы мен ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттың психологиялық, адамгершілік пішін-бітімі, барлық рухани қазынасы, табандылық, батылдық, әділдік, байқампаздық, зерделілік, етене қабысып жатыр.

Әдебиет:

1. Назарбаев, Н. Тарих толқынында. — Алматы: «АТАМҰРА», 1999
2. Г.Л.Н Хундар. — Алматы: «Санат», 1998
3. Дәуітов, С. Төле би. — Алматы: «МҰРАТТАС» ғылыми — зерттеу орталығы, 1991.
4. Қ. Оразбекұлы. Қазақ этнопедагогикасындағы отбасы тәрбиесінің
5. педагогикалық шарттары. — Алматы: Қолжазба, 2008

Қылмыстылықпен күресуде қылмыстылықтың алдын алуды ұйымдастыру жүйесі

Мұсаева Жайдары Төлеубаевна, з.ғ.м. ;
Төлеуова Маржан Өмірбековна, з.ғ.м., ҚарМУ

Қылмыстылықтың алдын алуды ақпараттық қамтамасыз етуді ұйымдастыру бір жағынан, қоғамдағы жағымсыз, ол үшін қауіпті құбылыстар туралы нақты ақпараттар беріп қана қоймай, екінші жағынан оның алдын алу мен күресу қызметінің нәтижелерін бағалауға мүмкіндік беріп, мемлекеттің құқықтық дамуына, қоғамның өзгеруі мен өркендеуіне зор үлес қосатын фактор болып табылады. Бұл әрине, қазіргідей Қазақстанда құқықтық, «ашық» демократиялық қоғам құруда айырықша маңыздылыққа ие болады.

Қылмыстық саясатты ізгілендірудің қазіргі уақытында, қылмыстылықпен күресуде қылмыстылықтың алдын алу алдыңғы орынға қойылған. Бұл жайында ҚР Президентімен 20.09.2002 жылы мақұлданған № 949 Қазақстан Республикасының құқықтық саясаты Тұжырымдамасында: «Қылмыстық заңнамада қылмыстылықтың алдын алу және оны болдырмау, онымен күрестегі табандылық, жедел-ізвестіру қызметін жетілдіру, нақты қалыптасқан оперативтік ахуалға тиісінше көңіл аудару, ақпараттық қамтамасыз ету мен талдау жұмысының деңгейін көтеру басым бағыттар болуы тиіс» деп нақты белгіленген.

Бұл ережелер қазіргі қылмыстық саясаттың криминология ғылымындағы әртүрлі мектеп өкілдерінің қалыптастырған ғылыми негізделген идеяларын ескеріп, соның ішінде көбіне классикалық мектептің гуманистік көзқарастарына яғни, қылмыстылықпен қатаң жазалар арқылы күресуге емес, оны тудыратын себептерді, жағдайларды анықтап, олардың алдын алуға бағытталғандығын көрсетеді.

Сондықтан, қылмыстылықтың алдын алу барысында жазаларды қолдану мемлекеттің мәжбүрлі түрде баратын соңғы шарасы ретінде қарастырылады. Осыған орай, қылмыстық атқару саласындағы саясат та күн өткен сайын адам құқықтарын қорғауды ең бірінші орынға қоятын халықаралық талаптарға сәйкес қарыштап дамуда [1].

Қазіргі уақытта, ақпараттық қызметтің басты бағыттары:

- ақпараттардың ішкі айналымы: қылмыстылық туралы ақпараттарды табу, есепке алу мен тіркеу, қылмыстылықтың деңгейі, қарқындылығы, құрылымы, динамикасы, оның себептері мен жағдайлары, оны жасаған тұлғалар туралы ақпараттарды топтастыру және жинақтау, алу, беру, бөлу, өңдеу, сақтау, қайта алу, іздеу, салыстыру, пайдалану;

- ақпараттардың сыртқы байланысы: қылмыстылықпен күрес жүргізуші органдардың шұғыл да ұтымды шешімдерді қабылдау технологиясы, құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіру және т.б.

— Қазіргі уақытта қылмыстық статистиканың барлық объектілері алғашқы есеп құжаттарымен қамтылған. Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есептер жөніндегі Комитетте есептік карточкалар арқылы жүргізіледі:

Бұл карточкаларда қылмыстылықтың, қылмыскерлердің сандық және сапалық қасиеттерімен қатар, бүкіл қылмыстық процесстің сатыларын (қылмыстық істі қозғау сатысынан бастап, соттың заңды күшіне енген қаулысына дейінгі аралықты) қамтиды. Тиісінше аза-

маттық, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер де осы іспеттес тәртіппен есептік карточкалармен тіркеліп, есепке алынып отырып, Республикадағы құқық бұзушылықтардың, қылмыстылықтың негізгі көрсеткіштерін (сипаттамаларын) береді.

Әрине, жасалған қоғамға қауіпті іс-әрекеттер туралы ақпараттар ресми тіркелмесе қылмыс та, тиісінше жаза да болуы мүмкін емес, яғни қылмыстылықтың алдын алудың толық тиімділігін, оның қаншалықты деңгейде жүзеге асып жатқандығын анықтау мүмкін болмайды. Бұл латенттік қылмыстардың қалыптасуына әкеп соқтыратын мәселенің бір ұшы ғана. Ал, бастысы, біз қылмыстылықпен тиімді түрде күресу үшін оның нақты көрсеткіштерін біліп қана қоймай, қылмыстылықтың алдын алуды ұйымдастыру кезінде, оның нәтижелеріне практикалық және ғылыми талдау жасап, болашағына болжау жасағанда бұл ақпараттарды ұтымды түрде қолдануымыз қажет [2].

Криминологиялық зерттеулердің кешендік сипатта болуы оның кешенді әлеуметтік-құқықтық ғылым болып табылатындығымен анықталады. Сондықтан қылмыстылықтың алдын алу үшін маңызды құбылыстар мен процесстерді (қылмыстылықты, қылмыскердің тұлғасын, қылмыстылықтың себептері мен жағдайларын) зерттеуде көптеген әдіс-тәсілдерді, құралдарды қолдану ғана бұл құбылыстың ішкі табиғатын жан-жақты, толық және терең ашуға мүмкіндік береді. Мұнда қылмыстылық туралы тек ресми статистикалық ақпараттармен ғана шектелу қате ой-тұжырымдарға бой алдыруға әкеп соқтыратындығын ескеру қажет.

Статистиканы теріс пайдалану кезінде статистиканың цифрлары емес, олардың көмегімен қоғамды алдауға мүдделілер кінәлі екендігін ескеру қажет.

Тәжірибеде кездесетін арыздарды қараудың мерзімдерін құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің заңсыз созуы; қылмыстарды тіркеуден қылмыстардың ашылу деңгейін жоғарылату мақсатымен жасыру; қылмыстық істі қозғаудан заңсыз бас тарту және т.б. түрдегі заңсыз әрекеттер практикада көптеп кездеседі. Мысалы, ҚР ІІМ Тергеу Департаментінің 2001 жыл бойынша қылмыстық істі қозғаудан бас тарту шешімдерін қабылдау кезіндегі заңдылықтың сақталуы туралы Шолуында, қылмыстық істерді қозғаудан бас тарту туралы шешімді қабылдауда формальді түрде қылмыс құрамының болмауы; келтірілген шығынның көлемінің аз екендігі; тараптардың өзара ымыраласуы, ортақ мәмілеге келуі және т.б. көрсетіледі. Бірақ, олардың шын мәнісіндегі, деректі себептері-жиналған мәліметтердің толық еместігі; кінәлі тұлғаның әрекеттерін бұрыс саралау; ұрланған заттың құнын мардымсыз етіп көрсету; кейбір қызметкерлердің өз бөлімшелерінде қылмыстылықтың ашылу пайызын жоғары етіп көрсетуге тырысуы болып отыр, — делінген. Мұндай жол беруге болмайтын өрескел заң бұзушылық тәсілдер қылмыстар туралы нақты, шынайы ақпараттар алуға кері әсерін тигізеді, халықтың құқық қорғау органдарына деген сенімінің жоғалтуына жағдай жасайды, олардың қызметінің нәтижесін өзгерістерге ұшыратады және қалыптасқан кри-

миногендік жағдайға қарсы нақты шаралар қабылдауға мүмкіндік бермейді. Сондықтан, мұндай орын алған әрбір факті тиісті бақылауды, қадағалауды жүзеге асыратын органдардың лауазымды тұлғаларына хабарланып, бұл бойынша шаралар қолданылуы тиіс.

Сонымен, криминологиялық ақпараттар келесі бағыттарда кеңінен қолданылады:

1) Криминологиялық ақпараттар құқық қорғау органдарының қызметінде қылмыстылықтың негізгі көрсеткіштерін (деңгейін, динамикасын, құрылымын, қарқындылығын), оның себептерін зерттеу, сондай-ақ қылмыстылықтың алдын алу шараларын болжау, жоспарлау үшін кеңінен қолданылады.

2) Криминологиялық ақпараттар басқару негізі бола отырып, тәжірибеде жоғарғы тұрған органның төменгі тұрған органның қызметін жедел басқару мен олардың қызметіне үнемі бақылауды жүзеге асырудың негізгі құралы ретінде қолданылады.

3) Криминологиялық ақпараттар заң шығарушылық қызметте пайдаланылады. Қандай да бір іс-әрекетті жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықты көздейтін (криминализациялайтын) немесе алып тастайтын (декриминализациялайтын) заң жобаларын дайындау барысында міндетті түрде қылмыстық статистикалық көрсеткіштерге, ондағы құбылыстардың сандық және сапалық қасиеттеріне терең талдау жасалынып, олардың себептері мен жағдайлары толық зерттелуі тиіс. Әйтпеген жағдайда, мемлекеттің жүргізіп отырған қылмыстық саясатында орны толмас шығындар (тиімсіз шаралар) мен құрбандарға әкеп соқтыратын қателіктер мен олқылықтар орын алу мүмкін. Мұндай жағдайларға тарих та куә. Айталық, КСРО-да 1961 жылы ауырлатылған жағдайларда зорлау қылмыстары үшін өлім жазасын енгізілген болатын. Екі жылдан кейін статистиканы ашып қарағандарды зорлау қылмыстарының екі есе көбейгендігі таң қалдырды. Онымен қатар, жәбірленушіні өлтірумен ұштасқан зорлау қылмыстарының тіптен көбейгендігі анықталған (өйткені, өлім жазасынан қорқу қылмыскерлерді қылмыстың жалғыз ғана куәсінің өмірін де қиюға мәжбүрледі) [49.8].

4) Криминологиялық ақпараттар қылмыстылықты және онымен байланысқан мәселелерді ғылыми-теориялық зерттеу кезінде кеңінен қолданысқа ие болады. Криминологияның зерттеу нысанасы болып табылатын элементтерді ғылыми негізделген зерттеу тәжірибеден алшақ, схоластикалық ұстанымдарға негізделмеуі үшін міндетті түрде шынайы өмірдегі криминогендік ахуалды сипаттайтын статистикалық ақпараттарды тиімді қолдана білу қажет [3].

Сондай-ақ, қылмыстар туралы арыздар мен ақпараттардың толықтығын қылмыстар туралы арыздар мен хабарларды тіркеу кітабындағы және ақпараттарды тіркеу журналындағы мәліметтермен, өзге қайнар-көздердегі ақпараттармен мысалы, тіркеуге алынбаған арыздар мен мәліметтер болуы мүмкін дене жарақаттары келтірілген азаматтарға медициналық көмек көрсетуді есепке алатын емханалардағы, азаматтардың арыздары бойынша хат жазысулар материалдарындағы, сондай-ақ, қылмыстар

туралы тіркелмеген арыздар мен хабарлар болуы мүмкін мекемелер, ұйымдар және кәсіпорындардың хат жазысу материалдарындағы мәліметтермен салыстыру арқылы тексеруге болады. Бұл орайда айта кететін жайт, тіркеу-есепке алу қызметінің мәселелерін шешпей, қылмыстық сот өндірісінің басты міндеттері болып табылатын қылмыстарды тез және толық ашу, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауапқа тарту, әділ сот қарауы мен қылмыстық заңды дұрыс қолдану (ҚР ҚЖК-нің 8 бабы) мүмкін болмайды. Өйткені, қылмыс туралы ақпарат болмаса қылмыс та жоқ.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, ойдың түйіні криминологиялық ақпараттарды жинаудың, жинақтау мен топтастыру, өңдеу, талдау барысының кез-келген сәтінде заңсыздыққа жол берілмеуі қажет екендігі анық. Елде нақты жасалып жатқан құқық бұзушылықтар мен тіркеуге алынып жатқан құқық бұзушылықтар арасындағы алшақтықты жою кезек күттірмейтін шараларды қолдануды талап етеді. Бұл шаралар қылмыстық саясаттың тиімділігін арттыруға өз септігін тигізери сөзсіз [4].

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, ойдың түйіні елде нақты жасалып жатқан құқық бұзушылықтар мен тіркеуге алынып жатқан құқық бұзушылықтар арасындағы алшақтықты жою кезек күттірмейтін шараларды қабылдауды талап етеді. Тек қана мақсат, мүдделер адалдыққа және статистиканың әдістерін терең түсінуге негізделгенде ғана қандай да бір қоғамдық құбылыстар туралы шынайы ақпараттар алу мүмкіндігі арта түседі.

Қазіргі бұқаралық ақпараттар құралдарында қылмыстар туралы хабарлар жиі берілуде, әрине олар қалың көпшілікті қызықтыратындығы да сөзсіз. Бірақ бұл ақпараттардың көпшілігі қарапайым халықты таң қалдыратын, сенсациялық сипаттағы қатыгездікпен жасалатын зорлық

қылмыстарына ғана баса назар аудартады. Ал статистикалық мәліметтерге сәйкес қылмыстылықтың басым көпшілігін меншікке қарсы қылмыстар, оның ішінде ұрлық қылмыстары құрайтындығы анық. Оны жыл сайынға Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есептер жөніндегі Комитетінің мәліметтерінен байқауға болады.

Қарапайым халықтың қылмыстылықпен күресте әлеуметтік белсенділігін арттыру үшін қылмыскерлерді, қылмыстың заттарын іздестіруде жетістікке қол жеткізу үшін берілетін сыйақылардың сомасын баспасөз беттерінде нақты жариялап, тиісті құқық қорғау органдарының жанынан арнайы қор ашып, қылмыстылықты ашуда көмектескен тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларына баса көңіл бөлу қажет [5].

Қазіргі таңда жер бетінде ғаламдастыру мәселелеріне байланысты ақпараттық қоғамды дамыту басты әлемдік тұжырымдардың бірі болып отыр. Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа жаңа демократиялық, егеменді ел ретінде енуіне байланысты қоғамдық өмірдің барлық салаларында сапалық тұрғыдан жаңа стандарттарға сай болуына қатысты объективтік қажеттілік туындады. Тиісінше Қазақстанда ақпараттандырудың күшті қарқыны, ақпараттық бағдарламаларды дамыту, цифрлық технологиялардың көмегімен пайдалы ақпараттардың үлкен көлемін жасау үрдісі байқалады. Бұл инфрақұрылымды дамыту Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейін мемлекеттік даму Стратегиясында орын алған басты басымдықтар болып табылады. Сондықтан, біздің ойымызша Қазақстандағы біртұтас ақпараттық кеңістікті дамыту, ақпараттық қамтамасыз етудің сапасын жақсарту Қазақстанның көптеген басқа мемлекеттердің құқық қорғау органдарымен ақпараттық қызметін үйлестіруге де жағдай жасар еді.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 1997 жыл 16
3. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы
4. Абдрасулов Е. Предупреждение правонарушений среди несовершеннолетних // Фемида 5. Б. Р. Сембекова., Н. Ж. Сарсенбеков «Ұлтаралық ұйымдасқан қылмыскерлік» Materialy X wiedzynarodowej naukowi-praktycznej konferencji. Naukowa mysl informacyjnej powieki-2014 (07–15 marca 2014 roku). — Przemysl: Nauka i studia, 2014. — Vol. 8: -Prawo. — P.66–68

Көптілді тұлғаны қалыптастыру — бүгінгі күннің талабы

Нуржанова Карлыгаш Канагатовна, педагогика ғылымдарының магистрі, ҚарМТУ
Тусупбекова Эльмира Курманбаевна, педагогика ғылымдарының магистрі, ҚарМТУ
Оспанова Гульбахрам Ебенбаевна, педагогика ғылымдарының магистрі, ҚММУ

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» халыққа Жолдауында: «Білім беру реформасы табысының

басты өлшемі — тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жайратын маман болатындай деңгейге көтерілу болып та-

былады. Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз»-деген болатын. Осы мақсатта Қазақстан Республикасының азаматын қалыптастыру, оның тез өзгеріп отыратын әлемде табысты білім алуға деген сұранысын қалыптастыру, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу және оқыту басты мақсат болып отыр.

Елбасымыз Қазақстан халықтары Ассамблеясының 12 сессиясында сөйлеген сөзінде: «Қазақстандықтардың жаңа ұрпағы ең кемі үштілді болуы, қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгеруі тиіс». Көп тіл білу біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдениаралық қарым-қатынастардың аса маңызды құралы болып табылады. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының шетелдермен халықаралық байланыстары күннен — күнге арта түсуде. Сол байланыстарды дамыту үшін шет тілін жетік меңгерген мамандар қажет. Халыққа арнаған Жолдауындағы білім беру жүйесінде үш тілдің — мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілі ретінде орыс тілін және әлемдік экономикаға үйлесімді кірігу тілі ретінде ағылшын тілін меңгерген бәсекеге қабілетті маман даярлау міндетін атап көрсеткенін білеміз. Қазіргі уақытта оқытушының жақсы шәкірт тәрбиелеп оқытуына бар жағдай үкімет тарапынан жасалып отыр. Мақсаты-өмірден өз орнын таңдай алатын және өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделе алатын, белгілі бір ғылым саласында білімі мен білігін көрсете алатын, көптілді және көпмәдениетті күзіреттілікті игерген полимәдениетті жеке тұлға қалыптастыру. Оқу орындарында көптілді білім беру үшін тілді терең меңгерген оқытушылар қажет. Қазіргі уақытта мемлекеттік тілдің қызмет аясын кеңейту бізде шешімін таппай келе жатқан мәселелердің бірі. Ең алдымен шәкірттеріміздің патриоттық сезімдерін нығайтуымыз керек [1, 16].

Көптілді білім беру дегеніміз — оқу үрдісі барысында екі не одан да көп тілде білім беру. Мемлекетіміздің мектеп реформасында қаралған үш тілде оқыту-қазіргі заман қажеттілігі. Осы мақсатта қазақ, орыс, ағылшын тілдері ұлтына қарамастан тең дәрежеде жүзеге асырылады.

«Тілдің үштұғырлығы» тіл саясаты бағдарламасы күні кеше ғана айтылған дүние емес. Президентіміздің аталмыш тілдік стратегияны 2004 жылы жария еткен болатын. Ал, қазіргі таңда Еуроодақта үштілді білім тәжірибесін заңды түрде енгізді. Бұл — тарихи қажеттілік.

Тілдерді дамыту — еліміздегі мемлекеттік саясаттың аса маңызды бағыттарының бірі. Тіл проблемаларын оңтайлы шешу — ұлтаралық қатынастар үйлесімділігінің, халық бірлігі мен қоғамдық келісімді нығайтудың түпқазығы болып табылады.

Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінде көптілді білім беру республикалық білім беру концепциясы мен білім беру стратегиясы негізінде жүзеге асырылады. Көптілділікті дамытудың міндеті — студенттерге тілді үйрету теориясы мен әдістерінің проблемаларын шеше отырып, студенттерді көптілділікке дайындау.

Бұл проблемаларды шешу мақсатында ҚарМТУ-дың Ш. Құдайбердіұлы атындағы «Тілдердің үштұғырлығы» орталығында арнайы көптілді білім алатын топтардың студенттеріне қазақ, орыс, ағылшын тілдерінен курстар ұйымдастырылып, екінші тілдік тұлғаны қалыптастыру үшін жағдай жасалған. Бұл орталықта «Тілдердің үштұғырлығы» бағдарламасының тілдер саясатындағы мемлекеттік арнайы стратегиясы ретінде халықтардың ұлттық сәйкестілігін және мәдени ерекшелігін тану негізіне бағытталған. Осы тұрғыда ҚарМТУ-дың Ш. Құдайбердіұлы атындағы «Тілдердің үштұғырлығы» орталығы бірнеше бағытта жұмыс жасайды:

1) әлемдік мәдениетті тану арқылы тұлғаның ұлттық-этникалық сәйкестілігін тіл арқылы қалыптастыру;

2) оқудың ұлттық және тәрбие жүйесін лингвомәдениет негізінде құру;

3) халықтардың мәдени құндылығы негізінде жан-жақты тұлғаны қалыптастыру;

4) тұлға өзінің этникалық құрылымын сақтай отырып, көпмәдениетті және көптілді ортада өзін-өзі жетілдіру.

Көптілді оқыту — келешек ұрпақтың білім кеңестігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемнің ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік. Әр адамның рухани-адамгершілігін арттыру үшін, бүгінгі тез өзгеріп жатқан дүниеде өмір сүріп, еңбек ету үшін жан-жақты болу қажет. Осыған орай, бүгінгі таңда Қазақстанға ақпараттық-технологиялық, ғылыми, медициналық, оқу-әдістемелік т.б. салаларда жаңалықтарды, әлемдік ілгері тәжірибелерден хабары болып, бұл жаңалықтарды өзінің ана тілінде халқының игілігіне пайдалану үшін халықаралық байланыстарды нығайтып, әлем аренасына шығу үшін көп тіл білетін мамандар қажет.

Көп тілде сөйлейтін тұлғаны қалыптастыру біріншіден, тұлғалық дамытудың күрделі процесі болса, екіншіден, жаңа деңгейде өзіндік тілдік қиындықтары бар, сондықтан сөйлеушінің әлемімен (басқа мәдени-әлеуметтік қоғамның өкілі) сәйкестендіріліп, тіл үйренушіге білім берудің когнитивтік жүйесін, құрылымын құру бұл қиын процесс екені белгілі. Бұл үшін шет мемлекеттерде шет тілін үйретудің зерттеулерін қарастыруға болады. Солардың ішінде мәдени құндылықтарды түсінуі арқылы Еуропада тұратын халықтардың бір қоғамға бірігуіне жауап беретін, Еуропа Кеңесінің жобасын болды. Осы моделдің көптілді білім беруді дамыту мақсатында Еуропаның 22 мемлекеті үшін стандарттар жазылды. Еуропалық зерттеулерден кейін Қазақстанда тұңғыш рет И. Кубаева қазақ тілі бойынша бағдарламаға талап әзірледі, жалпы бір түсінігі бар тақырыптар аясында күнделікті қарым-қатынас жасау үшін лексикалық-грамматикалық минимумды таңдады және жазды: 1) тұрмыс және оның қолда бары; 2) кеңістік; 3) уақыт; 4) қозғалыс; 6) сапа; 7) қарым-қатынас; 8) сезім, сезіну, эмоция [1, 47 б.].

Құзыреттілікке келудің жолдары коммуникативтік құзыреттілікті жетілдіру және кәсіби тілді қалыптастыру мақсатына сәйкес тілдік материалдарды таңдауды қажет

етеді. Осы тұрғыдан коммуникативтік құзыреттілік тіл үйенушілердің басқа да мүшелерімен қатынас кезінде тіл және сөйлеу қағидаларын, коммуникативтік тәртіпті сақтай отырып, әр түрлі жағдайларда өздерінің ойларын, пікірлерін білдіре алатындай болу керек.

Мәдениет шеңберінде өзінің әлемді тануындағы ең маңызды қабылдаушылық қиялы, тұрмыс қалпы, менталитеті қалыптастырылады. Бұл тіл тартаушы мәдениетінің көпқырлылығы мен толық мағынасын ұғынуға, өз мәдениетінің және басқа мәдениеттің ерекшеліктерін көруге мүмкіндік береді. Жалпы, көптілді топтарда лингвистикалық, әлеуметтік тілдік, дискурстық, стратегиялық және мәдени-әлеуметтік субъективті бірліктің негізінде құзыреттілік қалыптастырылу керек. Бұл студенттердің күнделікті өмір тіршіліктерін сипаттайтын тақырыптарды, радио, телехабарларды түсініп, сол тақырыптарда өз ойларын жеткізе алуына мүмкіндік береді. Олар естіген, оқыған ақпаратты толық түсініп, ойланбастан әңгімені жалғастырып, алынған ақпаратты талқылай біледі. Қазақ тілінде емін-еркін қарым-қатынас жасап, түрлі мәселелер бойынша өзіндік көзқарас, пайым, пікірлерін жеткізе біледі. Сондай-ақ коммуникативтік, лингвистикалық, мәдени-әлеуметтік, субъективті бірлікте дағдыларын қалыптастырады.

Коммуникация болу үшін мәтіннің барлық лингвомәдениеттік бірліктерін дұрыс қабылдаған жөн, оның дұрыстығы сұхбат кезінде қалыптастырылатыны анық. Сұхбаттасу бір жағдайларда сөйлеу, тілдесу арқылы аралық ретте жүзеге асырылса, екінші ретте ол мәтіндегі берілген ақпаратты белгілеу арқылы жүргізіледі. Бұның бәрі тілді үйретудің коммуникативтік әдісімен реттеліп отырылады. Алайда, кей жағдайларда мәтіннің шеңберінде сұхбаттасу мәтінді дұрыс құрастыруды қажет етеді, себебі мәтін жан-жақты, лингвомәдени құзыреттілік тұрғысынан дұрыс таңдалып алынуы керек. Сөйлеу тілі мәтіннің ғана емес, күнделікті өмірде болып жатқан жаңалықтардың аясында және теледидар хабарларының негізінде болса, тіл үйренушінің тілге деген қызығушылығын арттыратыны сөзсіз. Тілдік орта өзінің бір тарихи кезеңі бар деректерден алынған мәтіндердің негізінде болу қажет. Біріншіден, олар мәтін арқылы нақты деректерді біле отырып, сөйлеу тілін қалыптастырады. Екіншіден, олар оқытылатын тілдің барлық грамматикалық ерекшеліктерін, оқылым, айтылым, жазылым, тыңдалым қағидаларын сақтай отырып, сауатты жазуды, стильді меңгереді.

Қазақстандық өзге тілді білім беру ғылыми мектептерінде білім алушының сана-сезімінде когнитивті-лингвомәдениеттілік кешендерін қалыптастыру технологиясын және мазмұнның негізділігіне арналған теориялық зерттеулер осы әдіснамадан бастау алады [3, 12 б.].

Әдебиет:

1. Мусина, З.Р. «Көптілді білім беру мәселелері мен болашағы». Материалы международной научно-практической конференции. Алматы 2014ж. Бет — 16.

Көптілді оқыту — бүгінгі ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемнің түрлі ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік. Көптілді меңгерген, өзін-өзі әлеуметтік және кәсіби билеуге, өздігінен дамуға, өздігінен жетілуге қабілетті тұлға. Бүгінде елімізде ағылшын тілді мамандарды даярлау ісіне ерекше мән берілуде. Алайда, бізде қазақ және орыс тілдерін игеру сияқты ағылшын тілін үйрену, сондай-ақ осы тілде сабақ беруде қиыншылықтар бар. Оның салдарын өз іс — тәжірибемізде барлығымыз сезініп жүрміз. Көптілді білім беру жүйесі аясында білім саласындағы оқу-әдістемелік құралдар және оқулықтардың маңызы зор. Осы саладағы ағылшын тілін оқыту жұмысы әлемдік талапқа сай болуы қажет. Осыған байланысты келешекте осы мәселені шешу үшін нақты іс-шаралар өткізілу керек. Тек ағылшын тілі емес қазақ тілін оқытуда да көптеген қиыншылықтар кездесіп тұрады. Сондықтан жоғары білім беруді жаңартудың негізгі құжаттарында ең негізгі мақсат білікті маман даярлау деп көрсетілген болатын. Ол жауапкершілігі мол, өз мамандығы бойынша халықаралық стандарт деңгейінде тиімді іс-әрекетке қабілетті болуы, кәсіби деңгейінің өсуіне ынталы болуы, әлеуметтік және кәсіби бейімділігі жоғары, үш тілді: мемлекеттік тілді-қазақ тілін, ұлтаралық қатынас құралы ретінде орыс тілін, дүниежүзілік экономикалық кеңістікке кірігу тілі ретінде ағылшын тілін еркін меңгерген тұлға болуы тиіс. Бұл міндетті шешудің маңыздылығы Қазақстанның жаһандану жағдайында ұлттық білім жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ұмтылысымен анықталады. Оның жүзеге асырылуына Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Тілдердің үш тұғырлылығы» мәдени жобасы септігін тигізері анық. Қазақстандықтардың үш тілді еркін меңгеруі туралы идеяны тәжірибе жүзінде іске асыру бүгінде отандық мектептен маманның шығармашылық өзін-өзі жетілдіру саласын дамытуға, мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдің барлық салада қызмет етуін қамтамасыз ету. Оның ұлтаралық келісім мен қазақстандық патриотизмді нығайту факторы ретіндегі рөлін арттыруға, орыс тілінің лингвистикалық белсенділігін сақтауға және ағылшын тілін ғылыми ақпарат пен жаһандану экономикасына кірігу тілі ретінде енгізуге бағытталған көптілді білім беруді енгізуді талап етеді.

Қорытындылай келгенде, көптілді тұлғаны қалыптастыру — бәсекеге қабілетті қоғам құрудың негізі. Тілдің адам өміріндегі ең шешуші роль атқаратыны әркімге де түсінікті. Ол танудың, түсінудің, дамудың құралы. Көп тіл білу біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдениаралық қарым-қатынастардың аса маңызды құралы болып табылады.

2. Кондубаева, М. Р., Кубаева И. Концепция формирования полиязычной личности специалиста в высшей школе. Материалы международной научно-практической конференции «Полиязычное образование в системе высшей школы: проблемы и перспективы. Астана-Қарағанда 2008. Стр. — 47.
3. Оразбаева, Ф. Ш. Көптілді меңгеру барысында қазақ тілін коммуникативтік тұрғыдан үйрету. Материалы международной научно-практической конференции «Полиязычное образование в системе высшей школы: проблемы и перспективы. Астана-Қарағанда 2008. Стр. — 32.
4. Кунанбаева, С. С. Теоретико-методологические аспекты иноязычного образования в обеспечении реализации национального проекта «Триединство языков» в РК. Материалы международной научно-практической конференции «Полиязычное образование в системе высшей школы: проблемы и перспективы. Астана-Қарағанда 2008. Стр. — 12.

Мінез-құлқында қиындығы бар оқушылардың жеке ерекшеліктері және оларға себепші болатын факторлар

З. К. Онайбаева;

Е. А. Змазнева

Қарағанды мемлекеттік медициналық университеті

Қиын бала мәселесі бойынша ең алғаш зерттеу жүргізген П. П. Бельский кәмелетке жасы толмаған мінез-құлқындағы қиындығы бар балалардың ішкі дүниесін қарастырды. В. В. Трифонов зерттеулерінде «қиын оқушы анықтамасы — бұл күнделікті педагогикалық әсерге көне бермейтін, өзіне үнемі қосымша уақыт бөліп қарауды, мұғалімнің ерік-жігерін, күшін, қажырлы педагогикалық еңбегін қажетсінетін оқушы. Г. А. Фортунатовтың зерттеулерінде «қиын балаларға» үлгермеушілер мен тәрбие ықпалына көнбейтін балаларды және психикалық бұзылудан жапа шеккендерді жатқызады.

Қазіргі кезде психологияда қиын бала түсінігінің бірыңғай анықтамасы жоқ. Бұл шексіз ұғым, ол жеке адамның өзгеру құбылысын жинақтаушы. Осы категориядағы балалардың жалпы адамдық және өзге ешкімде қайталанбайтын қасиеттері, әлеуметтік және биологиялық факторлардың ықпалымен қамтамасыз етіледі [1].

Ағылшын психологы Хевитта және Дженкинс қиын балаларды екі үлкен категорияға бөлген:

1. Әлеуметтік формадағы антиқоғамдық мінез-құлқы тән балалар.

2. Әлеуметтік емес антиқоғамдық агрессивті мінез-құлқы тән балалар. Бұл балалардың жанұясымен, қатарластарымен қарым-қатынасы жаман, эмоциялары бұзылған, агрессивті, қатыгез әрі кекшіл балалар.

Ғалымдардың бірқатары қиын балалардың пайда болуын өмірдің қолайсыз және әлеуметтік-биологиялық факторлармен байланыстырды.

Ал И. А. Невский қиын баланың пайда болуы отбасындағы, мектептегі жүргізілетін оқу-тәрбие жұмыстарының жеткіліксіздігінен деп түсіндірді. Яғни, ата-ана тарапынан, мектеп қабырғасынан жылулық сезінбеген, мейірімділік көрмеген оқушы өмірде өзінің ешкімге қажетсізін деп есептеп, ашуланшақ, агрессивті, қатыгез болып өседі. Қиын оқушының пайда болу себептерін анықтағанда,

біріншіден отбасындағы тәрбиеге, ал екіншіден мектептегі оқу-тәрбие мәселесіне аса көңіл бөлеміз. Өйткені, көптеген психолог ғалымдардың зерттеулеріне жүгінетін болсақ, оқушылардың мінез-құлқындағы қиындықтардың пайда болу себептерін отбасындағы дұрыс тәрбие бермеудің салдарынан болатындығын анықтады:

- 1) отбасының әлеуметтік және экономикалық жағдайы;
- 2) ата-ананың баласына немқұрайлы қарауы;
- 3) қараусыз қалған бала немесе шектен тыс қамқорлық.

Қазіргі кездегі жас ата-аналар өсіп келе жатқан баласын аса тым еркелетіп өсіріп жатыр десек те қателеспейтін шығармыз. Аса тым артық мадақтау мен шектен тыс мәпелеуде өскен бала ешқандай күш жұмсамай көзге түскісі келеді, егер мұғалім ескерту айтатын жағдайда жылай салатын әлсіз, өздігінен еш нәрсеге қол жеткізе алмайтын, ерке болып, өзбеттілігі қалыптаспаған бала болып өседі. Сонымен бірге «Үйлену оңай, отбасын құру қиын» деп ата-бабамыз айтқандай қазіргі жастарымыздың отбасылық өмірге дайын еместігінен, немқұрайлы қарағандықтан қара көзді балалар толық емес отбасында немесе жетім балалар үйінде тәрбиеленіп жатыр. Не анасының жылылығын, не әкесінің мейірімділігін, тәрбиесін көрмей өскен баланың психикасы жарақатталып, қиын балалар санының қатарына қосылады.

Сонымен балалардың мінез-құлқындағы қиындықтардың пайда болу себебі, біріншіден, отбасы тәрбиесі десек, екіншіден, мектептегі оқу-тәрбие жұмысындағы кемшіліктермен сипатталады [2].

Бала мектепке келген кезден бастап оқушы — мұғалім және оқушы-оқушы арасында қарым-қатынас қалыптаса бастайды. Бұндай қарым-қатынасты орындау оқушыға бастапқыда қиын соғады. Жалпы мектептегі мұғалімнің барлық балаларға қойылатын талаптары да көзқарастары да бірдей болуы керек. Дегенмен де кейбір мұғалімдердің өзінің сүйіктілері және сүйікті емес оқушылары да (гадкий

уенок) болады. Бұл мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынас орнатуын аса қиындатады. Өйткен мұғалім өзінің сүйіктілеріне жақсы баға қойып, қолдап отырады, ал қалған балалар қаншама тырысқанмен шет жақта қалып «Мен қанша тырысып айтқанмен де төмен баға қояды» деген пікірлер қалыптасып, оқушылардың оқу мотивациясының төмендеуіне әкеледі.

Мінез-құлқында қиыншылығы бар оқушыларды әдетте екі топқа бөліп қарастырады:

1. Тән кемтарлығы және жан жарақаты бар оқушылар;
2. Отбасында, мектепте тәрбиелеуден шет қалған, жеке басын қалыптастыруда сыртқы кері факторлардың, әлеуметтік жағдайдың әсері болған және өтпелі кезеңнің күрделілігінен мінезі дұрыс қалыптаспаған оқушылар.

Мінез-құлқында қиыншылығы бар оқушыларды әдетте екі топқа бөліп қарастырады: біріншісі — тән кемтарлығы және жан жарақаты бар оқушылар; екіншісі — отбасында, мектепте тәрбиелеуден шет қалған, жеке басын қалыптастыруда сыртқы кері факторлардың, әлеуметтік жағдайдың әсері болған және өтпелі кезеңнің күрделілігінен мінезі дұрыс қалыптаспаған оқушылар.

Қиын оқушылардың өскен ортасын, яғни отбасының жай-күйін талдағанда, кейде отбасының өзі бала тәрбиесіне кері әсер беретіні анықталып отыр. Тағы да бір қолысыз жағдай: бала тәрбиесіне ата-аналардың әртүрлі көзқарасы немесе біреуінің бала тәрбиесінен шет қалуы, яғни, баланың толық емес отбасында тәрбиеленуі.

Ата-анасының мейірімін көрмеген бала көбінесе мейірімсіз, ызалы, құрбыларымен дұрыс қарым-қатынас жасай алмайды, кейде тұйық, шектен тыс мейірімінде өскен бала өзімшіл, нәзік, тым төзімсіз, екі жүзді болуы мүмкін, яғни отбасы тәрбиесі адам өмірінде өте маңызды.

Жеткеншек жастағы оқушылардың мінез-құлқындағы қиындықтардың пайда болу себептерін психологтар отбасында дұрыс тәрбие бермеудің салдарынан болатындығын анықтап, оларды бірнеше түрге бөліп қарастырады: отбасының әлеуметтік, экономикалық жағдайы; баланың рухани дамуына ата-ананың немқұрайлы қарауы; қарусыз бала, қамқорлықтың жеткіліксіздігі; шектен тыс қамқорлық т.б. Мадақтау мен шектен тыс мәпелеуде өскен оқушы ешқандай күш жұмсамай көзге түскісі келіп тұрады. Олар өздігінен ешнәрсеге қол жеткізе алмайды (отбасының еркесі). Үлкендердің эмоциялық қақпайлауы салдарынан кінәмшілдік, өзін қажетсіз санау сезімдері қалыптасады («золушка» — «өгей қыз»). Адамгершілік, жауапкершіліктің шектен тыс жоғары болуы баланы балалық қуанышынан айырып, бойында уайымшылдықтың тууына әкеледі.

Балалардың мінез-құлқында қиындықтардың пайда болу себебі, біріншіден, отбасы тәрбиесі десек, екіншіден, мектептегі оқу тәрбие жұмысындағы кемшіліктермен сипатталады.

Мұғалім мен бала арасындағы қарым-қатынас баланың ата-анасына және баланың құрбыларына қарым-қатынасын анықтай бастайды. Б. Г. Божович, И. С. Славина бұны эксперименттік түрде зерттеп көрсеткен.

Д. Б. Эльконин мұғалім мен балалардың арасындағы қарым-қатынаста оқушылар өте байқампаз болып келетінін айтады. Егер оқушы мұғалімнің сыныпта басқаларға қарағанда өзіне жақын тартатын оқушысы бар екенін байқаса, онда мұғалімнің оқушы алдында беделі жоғалады. Алғашқы кезеңде оқушылар мұғалімнің айтқанымен жүреді, яғни мұғалімнің айтқаны олар үшін — заң. Егер де мұғалім оқушылардың бәріне бірдей көзқараста болмаса, баланың мұғалімге деген оң пікірі іштей бұзыла бастайды. Мұғалімнің өзгелерден өзіне жақын тартатын оқушысы басқалардан өзін жоғары ұстайды да, соның нәтижесінде «сөз тасығыш» балалар пайда болады. Бала мектепте өзін жақсы сезінсе, онда үйде де, құрбыларымен де қарым-қатынасы ойдағыдай болады.

Бүгінгі таңда әрбір жас адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуы үшін адамға берілген мүмкіндіктерді толық пайдалана алу үшін әрбір адамның психикалық даму ерекшеліктерін ескеру қажет. Осыған орай мектептегі мінез — құлқында қиындығы бар оқушылармен арнайы жұмыстар жүргізу қажет. Үлкендер балалармен дұрыс қарым-қатынас жасай алмайтындықтан, ата-аналардың тәжірибесінің жетіспеуінен балада елестетудің, қиялдау процестерінің жеткіліксіз дамуынан мінез-құлқының қалыптасуында қиындықтар пайда болады.

Егерде зерттелу нәтижесінде мінез-құлқында қиындығы бар оқушылармен белгілі бағытта жұмыстар жүргізсе, баланың психикалық даму деңгейі қалыпты болады.

Көбінесе баланың мінез-құлқының дұрыс қалыптасуы отбасына байланысты. Отбасында дұрыс тәрбие бермеуден баланың мінезі қиындай түседі. Бұл — отбасы кемшілігі.

Көптеген ғалымдардың пікірінше бала мінез-құлқының қиындығы 6—8 сыныптарда, әсіресе ұл балаларда байқалады делінген. Мінез-құлқы қиын оқушылар арасында жүргізілген көптеген зерттеулер қорытындысы бойынша үлгермеушілер қатарын жеткіншек жастағы сынып оқушылары толықтырып отыратын көрінеді. Мінез-құлқының мұндай белгілерінің пайда болуының өзі болашақта әлеуметтік-психологиялық дезадаптацияның тұрақты түрлерінің қалыптасуына мінез-құлқының бұзылуының клиникалық және криминологиялық белгілерінің пайда болуына әкеп соқтырады.

Қиын балалардың психологиялық ерекшеліктері теориялық тұрғыда Выготский Л. С. (1928ж) еңбектерінде талқыланды, сондай — ақ Макаренко а. с. тәжірибелерінен де үлкен орын алды. Бұл мәселенің ары қарай талқылануына үлес қосқан зерттеушілер қатары да біршама.

Баланың жеке қасиеттерінің психикасының дұрыс дамып жетілуі үшін педагогтік ұжымдардың кәсіптік білгірлігі, ата-аналардың саналы көзқарасы және осы принциптерге негізделген мектеп пен отбасы арасындағы тығыз одақ, нәтижелі жұмыс қажет.

Мысалы, бұл тұрғыда Эль-Фарабидің айтқан пікірі бар. Баланың жасы өскен сайын, оның ақылы да, яғни тәнімен бірге жаны да өсіп отырады. Мұның бәрі оның тіршілік қажетінен туындайды. Мәселен, бала да ең алдымен

өсіп өну қуаты пайда болады. Бұл оның дене бітімінің қалыптасуында үлкен роль атқарады. Ана құрсағында-ақ тән сүйегі, біртіндеп дән, иіс айыратын түйсіктер, заттың түрін, түсін, пішінін түйсіне алу қабілеті қалыптасады. Жан қуаттары өмір барысында, оқу-тәрбие үстінде дамиды. Бұл үшін адамның өз бетінше әрекеттенуі, өзіндік белсенділігі ерекше маңызды. Адамның адамгершілік, имандылық қасиеттері де оның өмірден алатын тәжірибесінен, үлкендердің жақсы өнегесінен туындайды. Адам дүниеге ақылды, не ақылсыз, зұлы не ақ ниетті болып келмейді, мұның бәрі де жүре пайда болады.

Жеткіншек жас кезеңіндегі оқушының жеке басына тән қасиеттерді тек «мен» деген қасиет тұрғысынан ғана бағалап қоймай, тиісті мөлшерлерге қалайша бағынады, мінезі, ерік-жігері қандай, ашуланғыш, не сабырлы келе ме, әсемдікті ажыратудағы талғамы және өзгелермен қатынасы қандай — осы жөнінен де алып қарауға болады. Мінез құлқы қиын оқушылар көбінесе ашуланшақ болып келеді. Баланы үй іші көп еркелетсе, онда ол болмашы нәрсеге тез ашуланып, күйіп пісетіні кездеседі. Керісінше, күтпеген жағдайда «жақсы», «өте жақсы» деген баға алса, жұрттың көзінше соған қатты қуанғанын жасыра алмайды.

Жеткіншек жас кезеңінде баланың бойында бұрын қалыптасқан қасиеттерге жаңа сапалар немесе жаңа құрылымдар қосылады. Бұл құрылымдар бұрынғы психологиялық және физиологиялық көріністерге жаңа сапа беріп, олардың бір — бірімен бітісуі әлі аяқталмаған кез болғандықтан, көптеген екі жақтылық орын алады. Сондықтан бала көптеген қиналыстарға ұшырайды: болашақта кім болатынын, өмірде орындайтын әлеуметтік рөлін, қарым-қатынас ерекшеліктерін анықтау қажеттілігі туғанынан бала уайым шегіп, өз орнын іздейді.

Үлкендер баланы барлық уақытта түсіне бермейді. Қарым — қатынас барысында жеткіншектерді өздеріне бағындыру, үстемдік көрсету, тіл алуды талап ету орын алады да, мұндай көзқарас баланың қырсықтығын туғызып, нәтижесінде үлкендер мен баланың арасында текетірістік орын алуы мүмкін.

Жеткіншектердің дене мүшелердің дамуында да үлкен үйлеспеушілік орын алады. Мәселен олардың аяқ-қолдары, бет-мойны тез ұзарады да, кеудесінің өсуі, бұлшық

еттерінің ұзаруы кешеуілдейді. Дене мүшелерінің бір келкі дамымауы салдарынан жеткіншекте «өзін жарым-жан сезінуі деп аталатын комплекс пайда болады. Ол денесін тік ұстауға қиналып, көбінесе бүкшейіп, немесе бір жағына қисайып жүреді.

Жеткіншек жас кезеңінде балалардың эндокриналық жүйесі де өзгеріске ұшырайды. Гипофиздік гармондар жыныс безінің жұмысын әсерлендіріп, күшейтіп, жеткіншекті жыныстық өмірге дайындайды. Ми қабығының жасушалары жыныс гармондарының тітіркендіруіне әсерленгіш. (Сондықтан жеткіншектер көп мәселелердің байыбына үңіліп жатпайды, сөзді аяғына дейін тыңдап болмастан, морт кететін қылықтары осының салдарынан туады.

Жеткіншек жас кезеңіндегі мінездің кейбір көрсеткіштерінің шамадан тыс дамып кетуін акцентуация деп атайды. Акцентуацияның байқалу ерекшеліктерін Леонард жан-жақты зерттеп, оның типологиясын жасаған. Сонымен қатар: осы жас кезеңінде мазасыздану да бала өмірінде едәуір орын алады.

Осы жас кезеңінің ерекшеліктерін ата-аналар, мектеп мұғалімдері, сынып жетекшісі, басқа да жеткіншектің, айналасындағылар жақсы түсінетін болса, барынша төзімдік көрсетіп, түсінушілік білдірсе, балалар жас қиындығын оңайырақ көтереді.

Қазіргі кезде мектепте бала өрескел қылық жасаса, тәртіпсіздік көрсетсе кінәні ата-аналар мұғалімдер не тәрбиешінің тәрбиесі деп санайды. Тәрбиенің түп негізі бала дүниеге шыр етіп келегеннен кейін басталады. Баланы материалдық жағынан қамтамасыз етеміз деп ата-аналар күні бойы маңдай терін төгіп, жұмыс істеп, балаларының ешкімнен кем болмағанын қалайды. Алайда, қараусыз қалған балалардың елігуі тез және жаман қылықтарға да бейім келеді. Ал баласының бос уақытында не істеп жүргенін, қайда барып, немен шұғылданып жүргенін білмейтін ата-аналардың көптігі қаншама. Сонымен бірге, өсіп келе жатқан жас ұрпақ сыпайылық, мейірімділік танытпай қатігездігі байқалып жатса «Мынау менің балам ба, бұл қылықты мен үйреткен емеспін» деп таң қаламыз. «Не ексең, соны орасың» деп ата-бабамыз тегін айтпаған, балаға материалдық қажеттіліктен гөрі рухани қажеттілік аса қажет деп ойлаймыз.

Әдебиет:

1. Серкебаев, Қ. «Қиын балаларға көмек.» «Ұлағат» журналы, 1998—2006/1 аралығы.
2. Қожахметова, Қ. «Қиын балалар жайлы түсінік» «Ұлағат» журналы, 2001/1.

Евразия көшпенділерінің әскери — саяси өміріндегі аңшылықтың маңызы

Ошанов Нұрлан Зетханович, п.ғ.м., ҚарМТУ
Нұгман Бахредден Ғабдылбақиұлы, ф.ғ.к., ҚарМТУ
Макалаков Талғат Жакенович, аға оқытушы, ҚарМТУ

Адамзат пайда болғалы аңшылық көшпелі және отырықшы халықтардың өмірі мен мәдениетінде басты орынға ие екені белгілі. Аңшылық тамыры тереңде жатқан архаикалық салт-дәстүрлерді сақтап келді. Шаруашылықтың дамуымен жетекші орын жер шаруашылығы өнімдеріне ауыса бастады. Еуразия даласында отырықшы және көшпелі мал шаруашылығы пайда болды. Аңшылық тек қосымша азық ретінде ғана емес, сонымен қатар, жас ұрпақты ересек әскери өмірге дайындауда ең басты іс — әрекет түріне айналды. Көшпелілер әр түрлі сүт және ет өнімдерімен қоса, аңшылықтан алған олжаларымен және жер шаруашылығы өнімдерімен ауқаттанды [1, 16–17 б.].

Номадизм көшпенділердің әскери өмір салты, аңшы-көшпенді — жауынгер. Демек, болашақ жауынгерлерді дайындаудың ең басты тірегі аңшылық болды. Өскеден ұрпаққа аңшылық батырлықтың ең күшті мектебі болды. Кейде бозбала жолбарыспен, аюмен немесе жаралы қабанмен арпалысқа түсуге мәжбүр болған. Дала аңызына сүйенсек, құланның жаралы айғыры Шыңғыс ханның үлкен ұлы, «ұлы жауынгер» Жошы ханға шабуыл жасап, мерт қылған. Жастар өз шеберлігі мен ержүректілігін көрсетіп, көзге түскен. Тапқырлық пен табандылық көрсеткені үшін көзге түскен жауынгерлер көпті көрген жауынгерлер тарапынан қадір-қасиетке ие болған. Атақты батырлар жастарды әскери өнерге үйретіп, олардың бойында жауынгерлік рухты сақтауға тырысқан.

Әсіресе, бұл дала және орманды дала өрісін мекендеген көшпенді халықтың іс-әрекеттер жүйесінде көрнекті орнын сақтаған қаумалау аңшылығына байланысты. Ерте және ортағасырлардағы көшпелілер жеке, сондай-ақ, қаумалау аңшылығын, ең алдымен, жабайы жұптұяқғы жануарларға жүзеге асырған. Көшпелі түркі халықтары үшін, Дешті Қыпшақ тұрғындарына, аңшылық ең қажетті әрі негізгі іс-әрекеттердің бірі болған. Бұл аймақтағы аңшылық кәсіпшілігінің ерекшеліктері көбіне дала табиғатының ерекшелігімен байланысты болған. Көшпелілер жануарлардың үжен отарларыша қаумалау аңшылығының оңтайлы тәсілдерін де ойлап тапты [1, 16–17 б.].

Көптеген зерттеушілер номадтардың қоғамдық өміріндегі, әсіресе, әскери қимыл-қозғалыстарды орындаудағы қаумалау аңшылықтарының маңыздылығын ескертеді [1, 17–186.; 2, 3–356.; 3, 19–296.; 4, 69–706.].

Номадтар үшін маңызды болып табылатын осы құбылыстың әлеуметтік — саяси жағын ашуға тырысып көрсек. Ең алдымен, қаумалау аңшылығының тереңіне үңіліп көрейік.

Қаумалау аңшылығының қағидаттары тас дәуірі кезеңінің өзінде ата тегімізде қалыптасып, өзінде екі міндетті шартты құраған:

1 — бұқаралық, аңшылық қатысушыларының санының салыстырмалы көптігі, бұл олжаның да — тұяқты жануарлар отарының көп болуымен түсіндіріледі. Тұяқты жануарларға жалғыз ғана аңшының қарсыласуы еш нәтиже бермес еді;

2 — қаумалау аңшылығының барлық қатысушыларының ұйымшылдықтың жоғары дәрежесінің қамтамасыз етілуі.

Отарлардағы мал басының — аңшылық объектілерінің көптігі және қауіп — қатер төнген мезеттегі жануарлардың болжап болмайтын мінез-құлқы аңшылар санының көп болуы мен олардың жоғары үйлесімділігін талап етті. Сондай — ақ, ескеретін жайт, кез келген аңшылықтың соңғы мақсаты минималды энергия мен күш жұмсау арқылы анағұрлым көп жануардың көзін жою. Қаумалау аңшылығының жетістікті аяқталуы ұжымшылдықтың анағұрлым жоғары болуына тәуелді болды, тіпті кейде бұл белгілі бір уақытта белгілі бір социумның құтаюының басты шарты болып табылатын.

Сөйтіп, қаумалау аңшылығының негізі олжаны максималды тиімді жою үшін, қатысушылар саны көп, жақсы ұйымдастырылған әскери күштерді қолдануда жатыр.

Қаумалау аңшылығы, жаяу және аттылы да, орманды дала және далалы аймақтарға тән. Еуразия құрлығында бұл аймақтар ертеден дала жерлерін мекендеген көшпелі және жартылай көшпелі халықтардың алмасқан аймақтарында орналасқан. Қаумалау аңшылығы құрылым және қатысушылар санын ерекше ұйымдастыру принципін талап етеді. Салыстырмалы сипаттама үшін Г. Рубруктың қаумалауға берген сипаттамасын келтірейік. Ол былай деп жазды: «Олар (көшпелілер) аңшылыққа шыққысы келсе, көп болып жиылады, өздері аңдардың барын білетін аймақты қоршауға алады, сосын аз-аздап аңдарды бір шеңберге тұйықтамағанша бір-біріне ығысады, сонан соң ғана оларға оқ жаудырады» [7, 996.]. Сипаттамадан көріп тұрғанымыздай, қаумалаудың ең басты ерекшелігі — аңдарды бір шеңберге тұйықтау, осы шеңберді тарылту және олжаны алу. Аңшылықтың бұл түрі қатысушылар санының неғұрлым көп болуын талап етті.

Номадтардың қаумалау аңшылығы процесін үстіртін қарастырған күннің өзінде, олардың жануарларға (аңшылық объектілеріне) жауапты — ірі, күшті қоғамдастық ретінде қарайтыны байқалады. Аңшылар өздеріне қарсыласқан осы «күшті» бығыттауға тырысқан, оларды қажетті бағытта ығыстырып қоршау арқылы көзін жойған. Нысанға түскен жануарларды олар әскери қарсылас ретінде қарастырған. Көшпенділердің ірі аңшылықтарды ұйымдастыруы мен өткізуінің барлық аспектілері осы идеяға байланысты. Соңында, аңшылық бұқаралық әскери іс-ша-

раға ұласатын болған. Қаумалау процесінің осылайша түсіндірілуінің себептері келесі факторларға байланысты:

- ұжымның тіршілігін қамтамасыз етудің тәсілі ретінде аңшылыққа аса жауапкершілікпен қарау. Оның анағұрлым тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған жауапты әрі нақты жоспарлануы осымен түсіндіріледі;

- аңшылық объектісінің ерекшеліктері — жануарлардың көлемді әрі үлкен отарлар адамдардың едәуір күш жұмсауы мен процестің ұқыпты ұйымдастырылуын талап ететін болды;

- үлкен отарды қоршап қаумалау көшпенділердің классикалық әскери амалдарын өңдеудің тәжірибелік әдісі болды.

Қаумалау аңшылығы әскери іс-әрекеттердің өзіндік дайындығы болды, номадтар мұндай дайындықтарды өте жиі әскери қысымшылық жағдайларда орындауға тура келген. Ызаланып аласұрған жануарлар мен аңдар тығырыққа тірелгенде бұрқанып кейде адамдарға тап берген.

Сонымен қатар, «бас-басының қарулануы» жағдайларында дәстүрлі көшпенді қоғамның жоғары қарулану деңгейін де ескере кету керек. Осы ретте: А. Тасбулатов пен Қ. Аманжолов: «Дала халықтарының болмысы қаруланған адамдар массасын көрсетеді» — деп жазды [566]. Дегенмен, дала адамдарының аңшылығының ерекшеліктерімен жақынырақ таныса отырып, ондағы басқа да әлеуметтік маңызды аспектілерді анықтауға болады. Олардың мәнін нақтырақ анықтау үшін ерте және ортағасырлардағы көшпенділердің аңшылықтың барлық кезеңдеріндегі қолданған амал — әрекеттеріне көз жүгіртіп, аңшылық топтардың әрекеттерін этноәлеуметтік тұрғыдан бағалауға тырысып көрейік.

1. Қаумалауға дайындық. Мұнда алғашқы аңшылық орнын белгілеу, белгіленген территориядағы олжа санын бағалау және қаумалау орнын дайындау — аңдарды аулау үшін бөгеттер соғу, тосқауылдарды орналастыру жатқызылады. Мұнда төңіректі жақсы білетін тәжірибелі аңшылар атсалысқан, олардың жұмысынан көбіне қаумалаудың әрі қарау жүру барысы анықталатын болған. [9, 346.]. Мұндай әрекеттер көбіне шайқасты анағұрлым тиімді нәтижемен жоспарлауға мүмкіндік беретін, әр түрлі факторларды ескеретін тактикалық әскери операцияны дайындаумен парапар.

2. Аңшылыққа қатысушылардың тәртібі. Қаумалауға қатысу орындалуына аса қатаңдықпен қараған, аса жауапты және маңызды іс болғаны тарихи көздерден белгілі. Оның барлық қатысушылары аңшылықтың басталатын орны белгіленген жерде белгіленген уақытта болуы тиіс. Аңшылыққа кешігу, қаумалаушылар қатарындағы тәртіпті бұзу, өз орнын рұқсатсыз бос қалдыру көшпенділер қоғамында жағымсыз әрекет болып танылып, қатаң жазаланатын болған. [1,216.; 9, 356., 10,946.].

Мұндай қатаң тәртіп деңгейі аңшылар қоғамдастығынан гөрі әскери жасақтарына тән. Жауынгерлерге белгілі бір уақытқа дейін қару қолдануға рұқсат етілмейтін, бірақ қаумалау шынжырынан жануарларды босатып алу масқара саналып, аңшылық бітісімен жазаға тартылатын болған. Шыңғыс ханның «Яссы» заңы бой-

ынша жазықтылар дүре соғылатын, өлім жазасы сирек кездесетін.

3. «Ұрыспен барлау». Басты қаумалауды бастаудың алдында көшпелілер әредік кішігірім қаумалауды жүргізетін (буряттарда ол «аба хайдак» деп аталатын) ... ол қысқа, бір рет қана жүргізілетін, төңіректі және аңдардың орналасқан жерін барлауға ұқсас аңду аңшылығы болып табылатын» [9, с.22]. Мұнда да әскери ұрыста қарсыластың орналасқан жері мен күшін бағалауға қажетті әскери барлаумен ұқсастық параллелі көрініп тұр.

4. Қаумалаудың құрылымдық бөліктері және олардың саны. Барлық көшпелі халықтарда қаумалау аңшылығын жүргізу жүйесі ертеден қалыптасқан. Аңшылардың барлығы нақты үш бөлікке — орталық, оң және сол қанаттар болып бөлінген. Қанаттар, орталыққа қарағанда, алға қарай ығысуға немесе орталықтың соңынан қаумалауды жүзеге асыру жоспарына байланысты сына жасап тұруға мүмкіндігі болған. [9, с.22]. Сонымен бірге, аңдарды қоршауға ықпал етуші торуыл жасақтары да болған. Түбінде, мұндай құрылым ортаазия көшпелілеріне тән әскерді ұйымдастырудың «оң», «сол» қанат және «орталық» деп бөлінетін үш тағандық тәртіпті толығымен қайталайды. [10,966.].

Дұрыс құрылым бұл қарсыластың әскеріне тез қапталдық соққы беру мүмкіндігі, бұл үшін «қанаттар» қажет еді. Әр аңшылар жасағы біздің алдымызда толыққанды әскери бірлік ретінде көрінеді, ал аңшылықтың бұқаралылығы бұл салыстыруды тек нығайтады. Номадтардың аттылы жасақтары өздеріне қарсыласқан мыңдаған әскерге тойтарыс бергені бәрімізге белгілі. «Салт аттылық», аттар санының көптігі көшпелілерге қаумалау аңшылығы барысында, әсіресе, әскери қызметте қомақты артықшылықты қамтамасыз ететін болған.

5. Қаумалауға қатысушылар иерархиясы. Айдаушылардың әр құрылымдық элементі (бөлімше) ішкі иерархияға ие болды. Қатардағы жиырма жауынгер буряттарда старшинаға — «малгай» бағынды, одан жоғары жетекшілер қаумалау сызығының тәртібін реттейтін «захулдар» болған. Одан әрі қанат командирлерінің «лауазымдары» («газарша»), орталық командирі («тобша») және барлық қаумалау басқарушылары — «галша» ілесті. «Галша» аңшыларды ортақ мақсатқа жету жолында біріктіруші, аңшылыққа қасиетті рәсім сипатын үсетін көсем, сондай-ақ, бақсы да болуы мүмкін болды. [5, с.69; 9, с.23–24 с.].

Жоғарыда аталған әр басқарушы айдаушылар қатарында нақты өз орнына ие болды және өзіне тиесілі аңшылар тобының қимыл — қозғалыстарына жауап берді. Аталмыш жетекшілердің қимыл — қозғалысы мен олардың арасындағы анық үйлестірілуіне аңшылықтың жетістікпен аяқталуы тәуелді болды. Мұнда да әскери лауазымдарымен — «аңшылық» бөлімшелер командирлерінің атауында ұқсастықтар көрінеді, мәселен, монғолдардағыдай. [10, 966.]. Осы жерде айта кететін жайт, айдаушылардың «лауазымдарының» атауының өзі бірқатар түрік тілдерінде әскери басшылардың атауларымен сайма-сай келетін болған. [9, 236.].

Қаумалауды жүзеге асыру барысында келесі ұйымдастыру кезеңдері маңызды рөлге ие: қаптал бастаушыларының өз қанатын уақытында және аса сақтанушылықпен белгіленген тоғысу орнына орналастыруы; аңшылар арасындағы қашықтықты сақтау; қаумалау тізбегін сақтау; әр аңшының алған олжа санының есебін жүргізу; олжаны бөлу;

6. Олжаны қоршау тәртібі. Көшпелілер көбіне олжаны қапталдардан жануарларды кең қоршауға алу арқылы және соңынан орталық бөлік өз басшысымен бірге келгеннен кейін шеңберді тұйықтау арқылы қоршауға тырысқан. Кей жағдайларда жануарларды арнайы қарастырылған орынға қуатын, онда оларды отар басын қанаттар арқылы қамауға алатын тосқауылдар күтіп алатын. [6, 90—916.; 9, 226.]. Осыған ұқсас тактиканы көшпелілер ұрыста да қолданды. Қарсылас әскерге тосқауыл жасауда номадтар дәстүрлі аңшылық тәсілін — қашып бара жатқан қарсыласты тосқауылға қарай қуу, сонымен бірге, керісінше, тосқауылға қарай қашу, мұнда алданған қарсылас әскері соңынан қуып, өз әскери қатарынан ыдырап, тосқауыл жасақтарына тап болған. [10, 996.].

Әскери іс-қимылдардағыдай, көп олжаны қоршауға алу соңында оның көзін жоюмен аяқталатын.

7. Олжаның көзін жою тәртібі. А.К. Көшкімбаев жазады: «Шеңбер тұйықталғаннан соң тек ханға ғана алғашқы болып оқ көздеуге рұқсат болған. Сонан соң аңшылыққа оның туыстары — ұлдары, нояндары, мыңдықтары және т.б. кіріскен. Олардан кейін басқа қалған қатардағы жауынгерлер жануарлардың көзін жоюды жалғастырған» [9, 366.]. Бұл ертеден келе жатқан дәстүр тікелей әскери әрекеттерге байланысты емес. Мүмкін, бұл ел басқарушысының қоғамда өзгеше орын алатындығын белгісі шығар. Көсем, басқа көшпенділерге қарағанда биліктің символы болып мыңдаған жауынгерлердің алдында аса жоғарыда болатындығын көрсету.

Номадтардың мемлекеттік өмірінде қаумалау аңшылығының ролі өте жоғары болды. Бірқатар номадтармен құрылған ортағасырлық мемлекеттерде (Моңғол империясы, Қазақ хандығы және т.б.) ол жоғары басшы өзінің туыстары мен әскери басшыларымен бірге өткізген өте маңызды іс-шара болып есептелді. Сонымен бірге, мұндай аңшылық түрін қаруланған қоғамның нығайуының бүтіндей механизмі ететін бірқатар факторлар да болды:

- қаумалау, соғыс сияқты, тек ерлер ісі есептеледі;
- ұжымдық аңшылыққа шығу әр ру немесе ұлыс үшін міндетті және олардың қоғамдық құрылымдағы белгілі бір қоғамдастыққа тиесілі екендігінің көрсеткіші болды;
- қаумалаудан шығып кету қалыптасқан қарым-қатынастар мен байланыстардың үзілуін көрсеткен.

Сөйтіп, қаумалау аңшылықтары көшпелілер қоғамында әскери дайындықтардың орнын алмастырды. Қаумалаушылар мен әскердің құрамы, саны, бөлімшелері, қарулануы бірдей болды, яғни, аңшы бір мезетте жауынгер бола алады, ал, аңшылар қоғамы қалыптасқан және соғысуға қабілетті әскери жасақты құрады. М.Н. Хангалованың: «Бақсы-балгерлердің ертеден бері айтылып келе

жатқан үндеулері мен халық арасындағы аңыз — әңгімелерінен көрінетіндей, жауынгер бақсы-басшышар аңшылықты көбіне әскери ұрысқа айналдырып, басқа қарсышас тайпаларға шабуыл жасайтын...»,

— деген сөзінің жаны бар. «Әр зебет — абаны тек аңшылар артелі ғана емес әскери жасақ ретінде көрсетуге болады. Мүмкін, көбінесе зебет-аба тек әскери мақсатта ғана ұйымдастырылатын болған» [5]. Аңшылық кезінде барлық аңшылық қатысушылары шартты белгілерді түсінетін болған: құстар айқайы, қасқырдың ұлуы, түлкінің шауілдеуі және т.б., бұл белгілер жануарларды үркітіп алмау үшін құпия белгісі ретінде қажет болған, өйткені әрқайсысы әрі қарай болатын қимыл-қозғалысты білетін болған.

Сөйтіп, жоғарыда айтылғандардың негізінде еуразия даласын мекендеген көшпелілердің қаумалау аңшылығының үш негізгі әлеуметтік маңызы бар аспектісін сеніммен айтуға болады:

1. Әскери. Қаумалау номадтардың шынайы әскери қозғалыстарының өзіндік «дайындығы» іспеттес болды. Оның барлық қатысушылары жауынгерлер, қандайда бір әскери бөлім мүшелері болды, және өз қолбасыларының жетекшілігімен тактикалық әскери операцияға ұқсас қаумалауды жүзеге асыратын болған. Моңғол тарихшысы Хара Даванның айтуынша, Шыңғысхан аңшылар егер де аңдар мен жабайы жануарларды қармаудан босатып алса, оларды қатаң жазаға тартатын. Жаза шайқас кезінде әскери міндеттің орындалмаумен тең қолданылған. Біздің ойымызша, аңшылық барлаушылық дағдыларын арттыруға көмектеседі, себебі аңдардың сезімталдығы жоғары, көру қабілеті мінсіз, жануарлар көсемі әрқашан аңдап басады, кез келген титтей де дыбысты, бөтен иісті де сезгіш. Барлаушы көрінбейтін және естілмейтін болып кетуі керек, қоршаған ортаға сіңіп кетуді үйренуі тиіс, аңдып отырған аңның тілі мен мінез-құлқын да білуі тиіс. Ең жақсы аңшылар, арнайы дайындықтан өтіп, жансыз, агент, барлаушыларға айналғандай болған.

2. Әлеуметтік-саяси, біріншісімен тығыз байланысты. Аңшылыққа жоғары басшының (ханның) және оның туыстары мен жоғары қолбасыларының қатысуы олардың өз құзырындағылардың алдындағы алпауыт күш — қуатының көрінісі болды. Қаумалауға өзі бастағи жетекшілік етуі, оған қатардағы көшпелілермен бірге қатысу және олжаны бірінші болып тойтару құқығы билеушіні халықтың ажырамас бөлігі екендігінің көрінісі болды. Ол қарсышасты, шынайы ұрыстағыдай басқара отырып, жеңуге бағыттаушы басшы және бастаушыға айналды. Бұл, сонымен бірге, өзін-өзі, үлкен аңшылық қатысушыларын, әр түрлі ру мен тайпа мүшелерін бірегей социум өкілдері ретінде сезінуге ықпал етті. Аңшылыққа тек өзін-өзі қажетті жылқы және қару санымен қамтамасыз ете алатындардың қатысуы оларды қоғамның жетекші тап өкілі болғандығына, жауынгер — аңшылардың қоғамдық статусына меңзеді.

3. Сакралды — көп олжаның көзін жою шынайы қарсыласты жеңудің алдын ала қасиетті хабаршысы болды.

Аңшылыққа жауынгер-аңшыларды жетістікке жетуіне бата беретін ардақты, әзіз бақсылар мен балгерлерді тарту номадтарға күшті оң психологиялық әсер етті. Бақсылар көшпелілерді өз күш-қуатын сезінуге мәжбүр етті, көптеген көшпелі қоғамға тән тайпалық сепаратизмге төтеп беруге көмектесті. Аңшылық алдында, шайқасқа шығу алдындағыдай, көшпелілер тәңірге сыйынған.

Көріп отырғанымыздай, ұжымның сыртқы саясатын басқару әскери көсемнің айрықша құдіреті болды, ал көшпелі қоғамның дисперсті шаруашылығы жағдайларында аталмыш тенденция еуразия даласын мекендеген номадтардың өмірінде де орын алды. Көшпелі мемлекеттер хандарының өкілеттілігі көбіне сыртқы саяси сипатта көрініс тапты. Қазақтарда ханның ең басты міндеті елді сыртқы қарсыластардан қарулы қорғау болып табылды. [8, 516]. Ф. Энгельс жазғандай, орындаушы билікке ие жоғары лауазымды тұлға көп жағдайда, барлық жерлерде болмаса да, жоғары әскербасы билігінің дамуы нәтижесінде пайда болды. [11, 1056.]. Билеушінің қаумалауға, әскери дайындыққа қатысуы оның әскери қақтығыстарды шешудегі маңызды ролін баса көрсетті.

Көріп отырғанымыздай, ерте және орта ғасырлардағы еуразия даласын мекендеген көшпелілер өмірін-

дегі қаумалау аңшылығының ролі өте жоғары. Бұрын соңды зерттеушілермен айтылып келген қаумалау аңшылығының әскери іс-әрекеттерге дайындыққа ұқсастығы оның мән-мағынасының бөлігі ғана. Аңшылыққа қатысу аңшы-жауынгерлердің өзара ұйымшылдығы мен сана сезімінің дамуына, олардың сыртқы факторлардың қарсылықтары алдында бірігуіне, әр түрлі тайпалар қоғамының тұтасуына ықпал етті. Бұл рулық және тайпалық бөліну шегін жойып, мемлекеттің нығаюна ықпал ете отырып номадтардың өмірінде орталық, ру-тайпалық дәстүрлерге қарама — қайшы, саяси бірліктің қалыптасуына септігін тигізді.

Сондай — ақ, көшпелі халық билеушілерін ардақ тұту дәстүрлерін сақтау және аңшылыққа бақсылар мен балгерлердің қатысуымен байланысты, өз құзырындағыларға идеологиялық әсер ету тәсілі ретінде жоғары басшы мен оның туыстарының аңшылық барысындағы күш — қуатын көрсету маңызды болып есептеледі.

Баяндалған материалдар көшпелі қоғамдардағы әлеуметтік қатынастар механизмдерінің кейбір аз зерттелген аспектілерінің барын көрсетеді және дәл осындай отандық тарих ғылымы үшін ерекше маңызды дерек көздерін зерттеудің қажеттілігін келешекке талап етеді.

Әдебиет:

1. Алланиязов, Т. Қ. Военное дело кочевников Казахстана. — Алматы, 1998. — 140 с.
2. Владимирцов, Б. Я. Чингис-хан. — Горно-Алтайск, 1992. — 116 с.
3. Кун, В. Н. Черты военной организации средневековых кочевых народов Средней Азии // Ученые записки Ташкентского педагогического учительского института им. Низами. Сер. обществ. наук. — Ташкент, 1947. Вып. 2. с. 15—32.
4. Гумилев, Л. Н. Древние тюрки. — М., 1993. — 527 с.
5. Хангалов, М. Н. Собрание сочинений. Т. I, Улан-Удэ, 1958—551 с.
6. Жамбалова, С. Г. Традиционная охота бурят. — Новосибирск, 1991. — 175 с.
7. Карпини, П., Рубрук Г. Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Рубрука. — М., 1957. — 287 с.
8. Тасбулатов, А., Аманжолов К. Военная история Казахстана. Очерки. Алматы, 1998. — 176 с.
9. Қушқумбаев, А. К. Военное дело казахов в XVII-XVIII вв. — Алматы. Дайк-Пресс, 2001. — 182 с.
10. Хара-Даван, Э. Чингис-хан — как полководец и его наследие: Культурно-исторический очерк Монгольской империи XII—XIV веков. — Алма-Ата, 1992. — 272 с.
11. Энгельс, Ф. Происхождение семьи, частной собственности и государства. — М., 1985. — 238 с.

Қазіргі қоғамдағы саяси партиялардың мәні мен міндеттері

Садвакасова Р. М. ӘГП кафедрасының аға оқытушысы, ҚарМТУ

Саяси партия (латынша *partis* — бөлік) — халықтың белгілі бір бөлігінің мүддесін білдіріп, мемлекеттік билікке қол жеткізуді немесе оны жүзеге асыруға қатысуды мақсат ететін, ортақ мүдде негізінде біріккен адамдардың ерікті одағы. Партиялар көптеген мемлекеттердің саяси жүйелерінің негізгі элементтерінің бірі болып табылады.

«Партия» термині еуропалық саяси практикадан енгізілген және мағынасы ежелгі Грекия мен Римнен

алынған. Бірақта 17—18 ғасырлардағы буржуазиялық революцияға дейінгі аталған партиялар әр түрлі әлеуметтік топтардың уақытша сипаттамаларына ие болған. Негізінен партияның тарихы 19 ғасырдың ортасында басталады, бұл уақытта жалпы саяси партиялар құрылған. Қазіргідей нағыз саяси партиялар Еуропада 19 ғасырдың екінші жартысында пайда бола бастады. Бұған сол кезде болған буржуазиялық революциялар тікелей ықпал етті. Мемлекеттік биліктің ұйымдастырылуы түрі және жүзеге

асырылуы ретінде парламенттер мен парламентаризм дүниеге келді. Жалпыға бірдей сайлау құқығының енгізілуі бұқара халықтың саясатқа қатысу аясын одан әрі кеңейте түсті. Жұмысшы табының ұйымшылдығы күшейді. Олар парламентте өз мүдделерін қорғайтын көпшілік партияларды құра бастады. Саясатқа көптеген адамдар тартылып әлеуметтік қайшылықтар шиеленіседі. Осыған байланысты саяси партиялардың рөлі одан әрі өсті. Олар саясаттың негізгі субъектісіне айналды. Тек 20 ғасырдың соңғы жылдарында олар саяси күресте шыңдалған, басқару жағынан мол тәжірибесі бар әр түрлі әлеуметтік топтардың сыннан өткен нағыз саяси партиясына айналды [1].

Ал, Қазақстандағы алғашқы саяси партиялар 20 ғасырдың басында пайда болды. Қазақ халқының ұлт зиялылары Қазақстанда қалыптасқан ауыр саяси, әлеуметтік — экономикалық жағдайдан шығудың жолын іздеп, Ресейдің конституциялық-демократиялық (кадет) партиясының қызметіне белсенді қатысты. А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ә. Бөкейханов сынды қайраткерлер «Алаш» партиясын құрды. Сол кезде «Үш жүз» атты Қазақ социалистік партиясы құрылды. Ол большевиктер саясатына бағдар ұстап, «Алаш» партиясының қарсыласы болды. Кейін, Кеңес өкіметі тұсында жалғыз басқарушы партия Қазақстан Коммунистік партиясы үстемдік етті. Қазақстан егемендік алғаннан кейін саяси бағыт-бағдары әр түрлі қоғамдық-саяси құрылымдар құрылып, көппартиялық жүйенің негізі қаланды.

Қазақстан өз дамуының жаңа белестерін бастан кешіріп жатыр. Саяси партиялардың құрылуы — мемлекеттің саяси институттарының нығая түскендігінің белгісі. Партиялық құрылымдардың қалыптасуының кәсіби кезеңі басталды. Мұның мемлекет үшін қажеттігі бар. Қазақстанда бүкіл қоғамдық-саяси институттар орнығып жатыр. Демек, оның іргетасы әлдеқайда сенімді болмақ.

Саяси партия мемлекет басындағыларды біржақты жақтау үшін, не болмаса біржақты жамандау үшін тумамайды. Ол қоғамдағы процестерді реттеуге араласу үшін туады. Қоғамда биліктен өзге, бірақ билікке әсер ете алатын институттар болуы тиіс. Олардың қатарына саяси партиялар жатады.

Сонда халыққа жасалатын игілікке билік басындағылар бөгет болса, оларға партия қарсы тұрады. Ал билік басындағылар халыққа игілік әкеліп жатса, партия оларды қолдайды.

Елімізде демократиялық қоғам және құқықтық мемлекет құру кезеңінде саяси партиялардың тиімді қызмет атқаруы үшін құқылық базаларын қалыптастыру ерекше маңызды. Қазіргі уақытта республикамызда заңда белгіленген тәртіппен тіркелген 15-ке тарта саяси партия бар. Отан, Социалистік партия, Қазақстан халық конгресс партиясы, Демократиялық партия және Қазақстан халық бірлігі партиясы. Бұлардың қызметтері қоғамдық білестіктер жөніндегі заңмен реттеліп отырады. Сонымен қатар саяси партиялар жөніндегі арнаулы заң қабылау қа-

жеттілігі де туындап отыр. Осыған байланысты бірқатар шетелдік саяси партияларға қатысты тәжірибелерді қарастырып көрелік.

Шетелдерде конституциялық (мемлекеттік) құқық ғылымындағы саяси партияның түсінігі мынадай: саяси партия — мемлекеттік өкіметті иеленуді мақсат тұтатын, немесе соны жүзеге асыруға шешуші ықпал жасауға тырысатын, ортақ мүддеге біріккен, қоғамның белсенді, әрі ұйымдасқан бөлігі болып табылады [2].

Саяси партиялар осы терминнің қазіргі ұғымында алғаш рет Еуропада пайда болды. Сонда буржуазиялық революциялармен тығыз байланыста сайланбалы өкілдер арқылы жүзеге асырылған халық өкіметі жүйесі — халықтық өкілдіктер құрылған болатын. Әрі қоғам екіге жарылып, әлеуметтік қайшылықтар тереңдеп, мемлекеттің саяси өміріне бұқараның белсенді араласуы партия рөлін арттырып, өз кезегінде партиялар демократиялық мемлекеттің негізгі саяси тұлғасына әрі ажырамас бөлігіне айнала бастайды.

1990 жылдардың басында елде Ұлттық-демократиялық «Желтоқсан» партиясы, «Азат» республикалық партиясы, Қазақстанның социалистік партиясы, Қазақстанның Халық конгресі партиясы, т.б. құрылды.

1990 жылдардың ортасында елдің партиялық — саяси жүйесінде Қазақстанның демократиялық партиясы, Қазақстанның дәуірлеу партиясы, Республикалық еңбек саяси партиясы, т.б. қызмет етті. 2002 жылы елімізде 16 партия тіркелді. ҚР-ның 2002 жылғы 15 шілдеде қабылданған «Саяси партиялар туралы» Заңына сәйкес Қазақстан «Ақ жол» демократиялық партиясы, Қазақстан азаматтық партиясы, Қазақстанның аграрлық партиясы, республикалық «Отан» саяси партиясы, Қазақстан социал-демократиялық «Ауыл» партиясы, Қазақстан коммунистік партиясы, Қазақстан патриоттар партиясы қайта тіркеуден өтті.

Американың саясаттанушысы Ла Паломбараның айтуынша партиялар мынадай 4 белгімен сипатталады:

1. Партия белгілі бір идеологияны қорғайды.
2. Партия — адамдарды жергілікті ұйымнан бастап, халықаралық дәрежеге дейін ұзақ біріктіретін ұйым
3. Партияның мақсаты — билікті қолға алып, жүзеге асыру.
4. Әр партия өзіне халықтың дауыс беруінен, мүше болуына дейінгі қолдауын қамтамасыз еткісі келеді.

Партиялардың өмір сүру ұзақтығы дау-жанжалдардың тууы мен оларды шешу қажеттігінен туады. Жалпы саяси партиялардың мынандай сипатты белгілері болады:

1. Партия бағдарламасының болуы;
2. Саяси билік үшін күрестің болуы;
3. Партиялық тәртіптің болуы;
4. Партияға мүшелік ету;
5. Мүшелік жарна төлеу;
6. Партияның жарғысының болуы;
7. Баспа органдарының болуы;
8. Партия басшылығының көптеген өкілеттігі;
9. Қәсіптік негіздегі партия аппаратының болуы.

Осындай белгілері бар саяси партиялар тапты немесе әлеуметтік топты ұйымдастырады, жұмысына мақсаттылық-сипат береді, белгілі бір идеологияны қорғайды, бағыт береді.

Партия қызметінің мәні:

1. Қоғамның саяси өміріне қатысу;
2. Партияның бағдарламалық мақсаттары мен міндеттерін іске асыру;
3. Заң шығару қызметіне қатысу.

Партияның мақсаты — саяси жұмыс әдістерімен азаматтық қоғамның дамыған институттары, қазіргі заманғы бәсекеге қабілетті саяси жүйесі бар экономикалық мықты, демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет құруға қол жеткізу [3].

Партияның міндеттері:

- 1) Мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына саяси көшбасшылар, партия мүшелерін даярлау, оларды қолдау және ұсыну;
- 2) Партияның бағдарламалық және жарғылық мақсаттары мен міндеттерін халық арасында түсіндіру және насихаттау, өз қызметі туралы ақпарат тарату;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық референдумдарға қатысу;
- 4) Мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында партияның және оның мүшелерінің, азаматтар мен түрлі әлеуметтік топтардың мүддесін қорғау;
- 5) Партия Бағдарламасына сәйкес әлеуметтік-экономикалық және саяси реформаларды жүргізуге қатысу, өмір сапасының ұлттық стандартын қалыптастыру;
- 6) Кіші және орта кәсіпкерлікті, шаруа, фермер шаруашылықтарын қолдау;
- 7) Ұлтаралық және конфессияаралық келісім мен қоғамдағы тұрақтылықты нығайтуға жәрдемдесу;
- 8) Заң жобаларының бүкілхалықтық талқылауларына қатысу;
- 9) Өкілді және атқарушы органдарға енгізу үшін қоғамдық пікірді зерделеу әрі заң және басқа да нормативтік құқықтық актілер жобаларына ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу, оларды депутаттық бірлестіктер арқылы іске асыру;
- 10) Қоғам мен мемлекет өмірінің әлеуметтік, экономикалық және өзге де салаларына жастарды біріктіруге жәрдемдесу;
- 11) Белгіленген тәртіппен партия мүшелерін мемлекеттік наградаларға ұсыну;
- 12) Партия мүшелерін моральдық тұрғыдан көтермелеу;
- 13) Азаматтардың бойында жемқорлық фактілеріне төзімсіздікті тәрбиелеуге жәрдемдесу, билік органдарының қызметіне қоғамдық бақылауды жүзеге асыру.

Әдебиет:

1. Жамбылов, Д. «Саясаттану». Алматы: Жеті Жарғы, 2005. — 280 бет.
2. Рахметов, Қ.Ж., Болатова А.Н., Исмағамбетова З.Н. «Саясаттану». Алматы: «Өлке» 2005. — 176 бет.

Қазіргі демократиялық қоғамдағы партияның маңызды міндеті — азаматтық қоғам мен мемлекеттің арасындағы байланысты баянды ету. Партиялар арқылы әр түрлі әлеуметтік топтар өздерінің саяси талаптарын мәлімдейді. Бұрынғы әлеуметтік-экономикалық саясатты одан әрі жүргізу немесе оны өзгерту керектігі жөнінде өздерінің көзқарастарын білдіреді. Соның арқасында қоғамның саяси саласындағы қайшылықтардың басы ашылады, әлеуметтік қопарылысқа соқтырарлық өткір, ойда жоқ шиеленістердің мүмкіншілігі азаяды.

Саяси өмірдегі алатын орны, билікті жүзеге асыруға қатысына қарай саяси партиялар билеуші және оппозициялық (латынша «қарсы қою» деген сөзінен шыққан) болып бөлінеді [4].

Әрине, біздің елімізде саяси партиялардың саны жағынан көппартиялы. Яғни, билеуші партияны қолдайтындар да, қолдамайтындар да бар. Сол себептен халқымыз сайлау кезінде көппартияның біреуін таңдағанша, одан да ең ірі екі партияның біреуіне даусын берсін. Сонда халқымызға, мемлекетімізге тиімдірек болады. Еліміздегі партиялардың көбісінде жан-жақты дайындалған, жұмыскерлері бар топ құрылмаған. Партиялардың штабтарының көбінде кешегі КСРО кезіндегі жұмыскерлер басқарады. Саяси партиялардың көбінде заманға сай мықты ойлайтын лидерілері жетіспейді және үстінде отырғандардың еркімен жазылған әлеуметтік базаның жетіспеуі, олар қазіргі өмірдің шындығын ескермеуі. Мемлекетімізге уақыт өте келе әсер етеді. Сол себептен, біздің елде көппартиялық емес, екіпартиялық жүйе болсын деймін. Себебі, екіпартиялы жүйелер көппартиялық вариантты көрсетеді, елімізде бар барлық партияларға қарағанда мемлекеттік биліктерді жүзеге асыру және оларды жеңіп шығу жағдайларын қарастырады. Екіпартиялы жүйелер үшін саяси әсерлердің тұрақты бөлінулері сипатталады: сайлау округтерінің негізгі бөлімдері «тағайындалған», мүмкіндіктердің жоғарғы дәрежелерінің жеңісін осы партиялардың біреуінен көруге болады, ал күрес «тұрақсыз» аймақтарда болады [5].

«Партиялар тірі организмдерге ұқсас, — дейді А. Салмин, — олар туады, өседі, көбейеді, ауырады, ауруынан жазылады және өледі, кейде зорлық-зомбылыққа төтеп бермей жойылады. Партия өсімі сыртқы факторлардан тәуелді: саяси мәдениеттен, саяси режимдерінің ерекшеліктерінен, дауыс беру жүйесінен т.б».

Қазіргі кезде елімізде демократиялық процесстер мен құқық өрісінің кеңеюіне байланысты партияның саяси әлуеті қоғамның саяси инфрақұрылымында негізгі бөлімді құрады. Партиялар өзінің ролін орындай отыра, азаматтар мен мемлекет арасындағы байланысты баяндап, қоғамдық пікірлерді, азаматтардың ұстанған бағытына үлкен ықпалын тигізеді.

3. Баймұханов, Е. М. «Саясаттану негіздері», 2005.
4. Рахымбаева, А. С. «Саясаттану». Астана: Фолиант, 2006. — 216 бет.
5. «АльПари» экономический журнал. Алматы: «ИДАН» 2005—3 (43). — 156 бет.

Қазақ би-шешендерінің асыл мұрасы

Сейітжан Мейрам Болатұлы. РЭТ-13–1 тобының студенті, ҚарМТУ
Жұматаева Жансая Маратқызы. АиУ-14–2 тобының студенті, ҚарМТУ

Шешендік — тек тарихи құбылыс қана емес, қоғамдық құбылыс. Түрлі тарихи қиын кезеңдерде шешендік қоғамға қызмет етті. Шешендік өнердің тарихына көз жіберсек, шешендік әсіресе тәуелсіздік жолындағы күресте өте-мөте белсенді қызмет атқарды. Шешендер тіпті жер дауы мен жесір дауын қозғаса да, түбі елдікке, бірлікке, теңдікке барып тірелді. Сондықтан да әйгілі шешендердің тайпа көсемдері, ханға кеңесші билер, қол бастаған батырлар болуы тегін емес еді. Шешендердің әрі би, әрі қолбасшы, әрі батыр, әрі жырау — философ болуы да осы ұлы мұраттан туындағаны белгілі.

Ертедегі қазақ қоғамында халықтық мәні бар шешендік сөздердің рөлін жоғары бағалаған. Оның үстіне елдің тағдыры әрдайым қылыштың жүзімен емес, шешеннің тілімен де шешілетін тұстары болған. Қазақ шешендік өнерінің тарихи тармақтары сан қатпарлы. Ұлттық шешендік өнерінің тарамдарын білу — бүгінгі ұтқыр ойлы, шешен тілді ұрпақ тәрбиелеудің кепілі де. Әлемдік шешендіктану ілімінің бір тармағы қазақтың шешендік дәстүрін әлеуметтік феномен тұрғысынан таразылағанда белгілі бір әлеуметтік ортада, қоғамда, қалай да бір адами оқиғаға байланысты қалыптасып, айрықша тапқырлықпен, суырып салмалықпен, көркем тілмен айтылатын озат ойлар мен тәлімді тұжырымдар үрдісі болмақ [1]. Ал қазақтың от ауызды, орақ тілді шешен-билер мұрасының тағылымын рухани байлығымыз ретінде кейінгі ұрпаққа қалай дәріптеп, оның тереңдігіне, тұңғышына қалай бойлап жүрміз? Мәселен, қазақ халқы шешендік мұрасының жас атаулыға жұғысты болар өнегелік-тағылымдық қырларының сапына сөздің күдіретті күшке ие екендігін аңғартуын, сөздің өзіндік бояуы, дәмі, адам сезіміне әсер етерлік қоңыр ісі бар екендігін, ал оның күші дауыс ырғағы арқылы берілетіндігін танытуын; шешендіктің ой еркіндігі, сөз еркіндігі, ауызекі тілдегі сөздерді әдемі тізбектеп, оралымды орналастыру, тиімділігін күшейтіп, қисынды ойға сыйғызуды аңғартуын; сөзбен тоқтату, сөзбен жаңылыстыру, қарсыласын сөз тыңдарлық жағдайға түсірудің орасан күшті өнер екендігіне көз жеткізуін; түспалдап сөйлеуге, мегзеуге, бернелеуге, символдауға, басқаны айта отырып, нені нысаналап отырғанын жасыра, жұмбақтап айтуға, яғни терең зейінділік пен ойлылыққа төселтуін; астарлап сөйлеу халқымыздың мәнері екендігін, бұл тек сөйлеу шеберлігімізді ғана емес, сөйлеу мәдениетімізді де танытатын, ойлау қабілетімізді аса тереңдетер құбылыс екен-

дігін аңғартуын; тапқырлыққа, шапшандыққа, тез жауап берушілікке баулуын; өзгені тыңдауға, өзгенің өнегелі ісінен тағылым алуға жөн сілтеуін қосар едік. Бұл ретте қазақ ғалымы, профессор Мәтжан Тілеужановтың: «Сөзбен қаймықтыру, сөзден жаңылыстыру, жауларын сөз тыңдарлық жағдайға түсіру — мықты өнер. Ол қару-жарақтан да күшті. Суырылған қылышты қынабына қайта тықтыру — қарсыласыңды қаһарлы сөзіңмен, тапқырлығыңмен, шешендігіңмен иілткенің. Ал бұл ойлау қабілетіңе байланысты, оның күштілігіне, құбылмалылығына байланысты» деуі әбден құптарлық.

Қысқасы, шешендік — ел келешегі жастардың рухына спандатар, асқақтатар өнер. Ал қазақтың халықтық рухы орасан. Тек рух сақталса ғана, жастар рухы ноята білгенде ғана халық мерейі, абыройы қазқалпында болмақ. Рух тұнған тұста ғана қалыптасу үстіндегі тұлғаны тұтандырар, ілгерілетер идея да күшті. Демек, бүгінде жастардың рухы неселеп жандандыра, жаңғыртатүсеркешенді ойлы істер аудадай кажет. Ал ел болашағы — қазақ жастарының рухының биіктігі, жоғарылығы — ұлт тәуелсіздігі сақталуының бірден-бірайғағы. Тоқсанауыз сөздің тобықтайтүйініне келсек, шешендік шежіре-рухани байлық көзі. Халқымызғатән шешендік өнер тәліміне кейінгі ұрпақты тәнтіетер болсақ, орасан рухани шапағат, парасат сыйлаймыз. Ал рухызор, рухани бай ұрпақ — еліміздің сенімді келешегі.

Бүгінгі қазақ елінде, туған жерімізде қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алып, ана тіліміздің қоғамдық қызметі жоғарылаған кезеңде шешендік сөздің әлеуметтік мәнін ұғындыру ісі және мемлекеттік тілде шешен сөйлеу мәдениеті мәселесі аса өзекті. Ал жастарды шешен сөйлеу мәдениетіне баулу ісі — өз алдына мән-мағынасы зор мәселе.

Қазіргі таңда шешен, шешендік, шешендік сөз, шешендік өнер, шешендіктану, риторика, шешен сөйлеу мәдениеті дегеніміз не, шешендікке қойылатын талаптар, қағидаттар қандай, қазақ шешен-билерінің, шешендік сөздердің тағылымы неде, шешендікке баулу амалдары қандай, т.б. мәселелер турасында жан-жақты ойланып, шешендік өнер жайындағы еңбектерді електен өткізіп, шешендікке қатысты материалдарды екшей қарап, жоғары және орта мектеп (колледж, лицей, гимназия, т.б.) студент-шәкірттеріне арнайы пән ретінде оқытуды риторика-маңдарымыздың дұрыс мағынасында қолға алуы — ұрпақ алдында парыз іс.

Әлемдік шешендік өнер ілімінің тарихи теориясы мен әдістемесін таразылағанда түйгеніміз тоқсан тарау. Бірі ежелгі Римде, көне гректерде, араб, үнді, қытай жерлерінде риториканың басты пәндердің бірі ретінде жүргізілгендігі, соған сәйкес ғылыми оң көзқарастың қалыптасқандығы. Мәселен, бір ғана Римдегі шешендік өнерге арналған мемлекеттік мектептің негізін салушы Марк Фабий Квинтилианның 12 томдық «Шешендік өнер тәлімі» еңбегі неге тұрады. Сондағы басты себеп — ел көшбасшыларын, замана заңгерлерін, қоғам қайраткерлерін, жалпы жас тұлғаларды, кәсіби мамандарды сапалы даярлаудың шешен сөйлеумен тікелей байланыстылығына анық көздің жетуі.

Жоғары оқу орындарында шешен сөйлеу мәдениетіне баулудағы мақсаттардың бірі — теориялық және қолданбалы пән ретінде шешендік өнер турасында жүйелі ұғым қалыптастыру, түсінік беру.

Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің қазақ тілі және мәдениеті кафедрасы жанынан құрылған «Қазақ мәдениеті», «Тіл мәдениеті», «Атамұра», университетіміздің «Жастар әлемі» жанынан құрылған «Шешендік өнер» үйірмелерінде қазақтың би-шешендерінің өнегелі, асыл сөздерін жастар арасында насихаттау, дәріптеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Көптеген студенттеріміз мемлекеттік тілге қатысты аймақтық, қалалық, облыстық, республикалық деңгейде өткізіліп тұратын олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болуда. Үйірме мүшелері қазақтың шешендік өнер тақырыбына арнайы рефераттар мен баяндамалар дайындап тұрады.

Шешен сөйлеуге баулу мәселесі машықтық бағыттың басымдылығымен ерекшеленеді. Бұл күрделі шеберлік білім мөлшерінің молдығын қажетсінуімен бірге өзіндік жеке тәжірибелер негізіндегі икем-дағдылармен де тығыз бірлікте сомдалады. Мәселен, жағада отырып суға түсушілерді бақылау арқылы суға жүзуді, малтуды үйрене алмайтынымыз сияқты, үнемі жүргізілетін тәжірибелер мен жаттығуларсыз шешендік дағдыларды бойға бойлату, денеге дарыту мүмкін емес. Дұшпандары «адуын аңға» балаған Демосфеннің өзі алғашында аузына қиыршық тас салып сөйлеп, дауысын жүгіріп жетілдіріп, биік құз жартастарға өрмелеу үстінде өлең оқып шыңдаған. Қысқасы, әркім мақсатты түрде тер төге еңбектенсе, нағыз көсілген шешен болатындығын дәлелдей білген. Ал қазақтың дүлдүл шешені Жиренше болса өзімен айтысатын жан жоқта басындағы бөркін құрай басына іліп қойып, сонымен таласқа түсетіндігі аңыз желісінен мәлім.

Жастарды шешендікке баулуға қазақтың би-шешендерінің даналық сөздерінің маңызы ерекше. Тіл дамыту жұмыстары бойынша Майқы бидің, Төле бидің, Қаз дауысты Қазыбектің, Әйтеке бидің сөздерін жиі қолданамыз. Жастарға отансүйгіштік, патриоттық тәрбие беруде би-шешендердің тапқыр асыл сөздерінің ұлағаты мен тағылымы өте мол. Шешендік өнер — ақындық, жыраулық, жыршылық айтыс секілді қазақ әдебиетінің өзіндік

ерекшелігін көрсететін негізгі жанрларының бірі. Шебер сөйлеу, айтқан сөзін нысанаға дәл тиюді үйрену үшін би-шешендердің шешендік сөздерін жаттау, оның қыры мен сырын жете меңгерудің мәні зор.

Мысалы төмендегі билер сөзіне назар аударайық:

Майқы бидің ұлы дарыны оны елдің сөзін ұстаған ұлағаты биік мәртебеге көтерді. Оның көп тебіреністері қоғам дамуына, ел тірлігіне арналады. Ел мүддесі, мемлекеттік бірлік пен береке туралы Майқы би өз толғамдарымен ұрпаққа өшпес өсиет сөз қалдырды. Майқы бидің елдік, мемлекеттік рухының ғылыми байыбы дәйектеле түседі.

Береке түбі — бірлік,

Бірлік түбі — тірлік,

Жеңіс түбі — ерлік! [2, 15]

Майқы би айтқан ой талай-талай ғасырлардан бері қазақ халқының, түркі жұртының дәстүрлі қағидасы, аталы сөзі болып келеді.

Қазақ жұрты жаратылысынан шешендік өнерге бейім халық. Оның қиыннан қиыстыра, төтесінен төге сөйлейтін тапқыр да ақылды, бейнелі де бедерлі, аталы да баталы, нақыл, қанатты ойлары жөнінде өзіміз де, өзгелер де таңдай қағып айтудамыз. Шешендігінің үстіне қазақ халқы-ақын халық. Түйеге мінгеннің төрт ауыз, атқа мінгеннің алты ауыз өлеңі бар демекші, кез-келген үлкен-кіші, әйел-еркек «ауылдың алты алты ауызын», «қонақ кәде», «жар-жар», «бет ашар», «той бастарды»-домбыраға қосылып термелей жөнеледі.

Ал аналар болса, түн ұйқысын төрт бөліп, түнде бесік таянып, бесік жырын тербейді. Ақын-жыраулар болса, таң бозарып атқанша елін қорғаған батырлар, хандар, билер жөнінде және махаббат хикаясын шертіп хисса-дастан толғайды. Демек, ақындық пен шешендік өнер егіз. Оны бір-бірінен ажырата қарау әбестік.

Қазақтың шешендік өнері — халықтың ділін бейнелейтін құрал. Ғасырлар бойы өмір тәжірибесінен өткен халықтың даналық ойлары ауыз әдебиет үлгілерінде сақталған және болашақ ұрпақтың тілі мен ділін нәрлендіретін асыл мұра.

Би-шешендердің асыл мұраларынан туған жерге, елге, Отанға деген жүрекжарды сүйіспеншілік сөздерін аңға-руға болады. Мысалы Қазыбек бидің «Не қымбат?» деген шешендік толғамын оқып көрейік:

«Алтын ұяң — Отан қымбат,

Құт берекең — атаң қымбат.

Аймалайтын анаң қымбат,

Мейірімді апаң қымбат.

Асқар тауың — әкең қымбат.

Туып өскен елің қымбат,

Қіндік кескен жерің қымбат.

Ұят пенен ар қымбат,

Өзің сүйген жар қымбат» [3, 47]

Кіші жүзден шыққан қазақтың атақты шешен биі, Әйтеке өзінің тапқыр, ұтқыр асыл сөздерімен, әділдігімен үш жүзге танымал болған ұлт кемеңгері. Халық көп жиналған қонақасыдан кейін көпшілік ел билерден бата сұрайды.

Сонда жасы үлкен Әйтеке би термелей сөйлеп бірлік, ынтымақ жөнінде бата-тілек айтып, сөзінің соңын:

Бүркіт бол, заманыңыз түлкі болса,

Бай болар кедей жігіт мүлкі болса.

Жақсылардың белгісі сол емес пе,

Қара қылды қақ жарған әділ болса-деп доғарыпты [2, 160].

Жастарды патриотизм рухында тәрбиелеуде би-ше-шендердің сөзі маңызды рөл атқаратынын жоғарыда келтірілген даналық сөздерден аңғаруға болады.

Сөз — қай ғасырда болсын тәрбие құралды [4]. Шешендік сөз қоғамдағы келеңсіздікті сынап, топ алдына шығара айта алатын тәрбиелік қызметімен де ерекше. Кез келген шешендік сөз бір ұлт, ел, көпшілік сөзін сөйлеп,

немесе белгілі бір топ мақсат-мүддесіне қарай құралады. Ұлтты, халықты, топты біріктіру үшін ортақ идеология керек. Идея көпшілік үшін құрылғанда көбіне-көп болашақ ізгі мұраттарды жүзеге асыру үшін жасалады. Осы тұрғыдан алғанда шешендік сөздер ынтымақ, бірлік, достыққа ұйытушы болса, ортақ мақсатқа, кісілікке бағыттауда тек сыйластық, кішілік, адалдық сияқты адамгершілік қасиеттер басты назарға алынады [5].

Шешендік сөздегі көркемдік құралдардың мол қолданылуы, ойдың көркем болуымен бірге, тыңдаушыға эмоциялы әсерлі екендігін де ескереді. Көркем сөз, кестелі ой айтушы-тыңдаушы арасына этикалық қатынас орнатары сөзсіз. Әрі қазақтың шешендік өнерінде кездесер тәлімі мол, үйретері көп ғибраттар — бүгінгі күні де тәрбие құралы.

Әдебиет:

1. Қыдыршаев, А. www.qasym.kz
2. Төрөкүл, Н. Даланың дара ділмарлары. — Алматы — «Қазақстан»-2006
3. Адамбаев, Б. Жарқымбекова Т. Ел аузынан. — Алматы-«Жазушы»-1989
4. Әбілқасов, Ғ. М. Тіл мен мәдениет. (Оқу құралы) — Қарағанды: ҚарМТУ баспасы 2013—118 б.
5. Әбілқасов, Ғ. М. Шешендік өнер сабақтастығы. (Оқу құралы) — Қарағанды: ҚарМТУ баспасы 2013—161 б.

Шал ақынның шығармасындағы діни-этикалық мәселелер

Тусупбеков Ж. А., ӘГП кафедрасының аға оқытушысы
Мусаева Жайдары Толеубаевна, ӘГП кафедрасының аға оқытушысы. ҚарМТУ

Қазақ әдебиетіне қатысты мақалаларының бірінде Шоқан: «Менің бабам Абылай ханның замандасы. Шал ақын қазақ халқының тегі, қазақ халқын құраған рулар жайлы аңыздарды жинақтап, тамаша эпос жасады», — дейді. Осы аз ғана сөздерден-ақ Шалдың өз дәуірінің даналығын бойына сіңірген кең тынысты, қуатты ақын болғандығы аңғарылады [1, 49].

«Шал ақын» аталып кеткен Тілеуке Құлекеұлы Ақмола облысы жерінде қазіргі Азат теміржол станциясының маңында 1748 жылы дүниеге келген. Әкесі Құлеке қазақ-қалмақ соғысының атақты батырларының бірі. Анасы — атақты Төле бидің қызы. Құлеке мен оның ағасы Тілекенің соғыстағы ерлігі жайлы әңгімелер ел ішінде күні бүгінге дейін айтылады [1, 23].

Құлеке батырдың төрт әйелінен Бәбек, Мәңке, Шардақ, Тілеуке (Шал), Қазақбай, Жүсіп атты алты ұл туады. Осы алты ұлдан тараған ұрпақ қазір жүз шақты үй шамасында деседі.

Шал ақынның өмір жолымен танысу үшін мына бір жыр шумақтарына тоқталсақ:

Бір жаста, екі жаста бесіктемін,

Бес жаста Тәңірі берген несіптемін,

Алты жаста қайыңның тозындаймын,

Жеті жаста ойпаң жер бозындаймын,

Сегізде бала болып ойнап едім,

Тоғызда тайлы суға бойлап едім...

Он жасымда сүт емген қозыдаймын...

Он бес деген жасым-ай,

Жарға ойнаған лақтай, — деп басталатын жыр жолдарынан, ақынның ерекше қызыға қарап, көзі жасаурай жырылайтыны — қайғысыз, қамсыз, бұл дүниенің күйкі, күйбең тірлігінен аулақ сәби шақ [1, 50]. Ақынның адам ғұмыры туралы жазылған өлеңдерінің желісі кәрілік туралы өлеңдерімен аяқталады:

Шалыңның екі көзі жайнап жатыр,

Кеудемде нәпсі, шіркін, қайнап жатыр,

Байлаулы арқаным жоқ, қазығым жоқ,

Қайтейін, кәрілік шіркін байлап жатыр — бұл шумақтарында, кәрілік шағын бұрынғы ойын — күлкі жоқ, бойдан күш кетіп, тек күмбірлеген көмейі ғана қалпында екені суреттелген.

Шал ақынның:

Елу жасқа келген соң, Пірдің сөзін сақтадым, — бұл ойларына қарап, ақынның ислам дініне берік болғанын аңғаруға болады. Сондай-ақ ол дін туралы арнайы сөз етеді. Қандай да болмасын ойларын, жырларында барлығын дінмен байланыстырған. Ол туралы М. Мағауин «Шал — мұсылман. Ол үшін құдай бір, пайғамбар хақ: «Лә ил-лаһа ил-алла-иманыңыз». Құран шын, алланың құдыретінде шек жоқ, бәрі де құданың әмірінде. Біз — пендеміз, бақты,

бақсыз болуымыз, малды, малсыз болуымыз, жер басу, баспауымыз — бәрі алланың қолында: құдайсыз қурай сынбайды дейді ақын» [2,52].

“Жаратты Мекке менен Мединаны,
Жаратты иман, дұға, шын дүниені.
Мұхаммед үшбу жүрген үмметіне,
Жаратты сынамаққа бұл дүниені.
Жаратып он сегіз мың ғалам етті,
Бірісін ғалым, бірісін надан етті.
Жаратып жын-періні от пен судан,
Жаратып топырақтан адам етті” [3].

Ақын бұл жырында, он сегіз мың ғаламның ішіндегі жын — періні от пен судан жаратылса, адамды топырақтан жаратылғаны көрсетілген. Пендеге бұл өткінші жалғанда, мына үш ұғымға зейін қою керектігін айтса керек олар; иман, дұға, шын дүние. Себебі иман келтірген пенде, ол жаратушыға мұқтаж екенін түсінеді, дұға дегеніміз ерекші мейірімді жаратушыдан сұрау, әрине оның ішіндегі, мүмин үшін ең қымбаттысы, шын дүниедегі жұмақ. Ал “Шал ақынның дұғасын мына бір жырынан байқауға болады:

Құдая, мұсылмандық дінінде қыл,
Әдәбият тұғрылық жолында қыл,
Шарабын өлімнің ішкен шақта,
Сапарымды айт, жұма күнінде қыл.
Тәнімнен ғазиз жаным айырғанда,
Иманымды ұмыттырмай тілімде қыл,
Жиылып халық соңыра саф тұрғанда,
Мұхамедке үммет болған елінде қыл” [3].

Бірақ бүгінгі күні, қоғамдағы халықтың ішінде де, дінді түсінбейтін, ақынның тілімен айтқанда «Мейманасы тасқан жұрт тәңіріні ұмытқан, құдайды бір, пайғамбарды — хақ деп білмейді. Ораза ұстамайды, бес уақыт намаз оқымайды», — деп қатты сынға алып оларға:

“Жігіттер ораза ұста, намаз оқы,
Ғарасат майданы бар тергеледі” [3], — дейді.

Ал енді төмендегі мына бір жырына тоқталатын болсақ. Онда ақын иман, ақыл, нәпсіні, қой, қойшы, бөрі теңей отырып, осы келтірілген суреттемелер арқылы, ақын нәпсі мен иман арасындағы күреске тоқталған.

“Иман — қой, ақыл — қойшы, нәпсі — бөрі
Бөріге қой алдырмас ердің ері,
Таяқты қатты ұстап қойшы тұрса,
Жоламас ешбір пәле шайтан-пері.

Арам болса қашады су кісіден,
Естімеген сөз шығар сүм кісіден,
Кітап — құран айтқаны рас болса,
Ұжмақ көрер бір жан жоқ бұл кісіден.

Жарлығы екі болмас хақ құдайым,
Жанында серігі жоқ дақ құдайым,
Жанымды алсаң, құдая, иманмен ал,
Шайтанның қазасынан қақ, құдайым” [3].

Шал ақынның ислам парыздарын жетік біліп, жастарды дін жолына берік болуға шақыруы ақын мұрасының кеңес дәуірінде жарыққа шықпауына да әсер еткен

болар. Шал енді бір топ өлендерінде жастарды ибалы, әдепті, қайырымды болуға шақырады. Ары, жаны таза, мәдениетті жасты аңсаған ақын ондай абзал адамдар алдына зор мақсаттарды қоя біледі. Білім алғандар парызы еліне, халқына пайдалы қызмет ету деп ашық айтады:

Майда бол, жігіт болсаң, тал жібектей,
Жарамайды қатты болу тікенектей.
Білімің болсадағы ұшан-теңіз.

Пайда жоқ өз халқыңа қызмет етпей [3].

Адамның артықшылығы, жақсылығы көпке, туған еліне пайдалы болуында. Осы тұрасында Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) “Алла сендердің түр — тұлғаларың мен бет — әлпеттеріңе қарамайды, жүректерің мен іс — әрекеттеріңе қарайды” [4]. Шал ақын бұл жерде мұсылман адам өзін ғана ойлаумен шектелмей, адамзатқа пайдасын тигізуді ойлау керектігін айтып отыр. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадисін мысал ретінде келтіргеніміз, себебі ақын кезеңіне лайықты білімі бар, ескіше сауаты едәуір, өз дәуірінің ой-пікірлерінен, діни ұғым-нанымнан мол хабары болған. Ол қазақ философия тарихындағы Яссауи, Игүнеки, Баласағұн сияқты ұлы ойшылдардың ізін жалғастырушылардың бірі деп айтуға болады.

Жаратқан Мұхамедтің нұрын құдай,
Ғаламнан он сегіз мың бұрын құдай.
Өз қандасын өзіне досты қылып,
Мұндай артық сүйер ме, құлын құдай?
Әуел құдай пайғамбар нұрын қылған,
Ғаламнан он сегіз мың бұрын қылған” [5].

Ал ашқарақ, сұғанақ, арызқой, пасық адамдар тобына ақын қадала түседі. Өзімшіл, күншіл пасықтарға жаны таза жақсы адамдардың адал ниетті ізгі істерін қарсы қоя жырлап, біріншіден жирендіріп, екіншісінен үйренуді үндейді:

“Бір жігіт бар — құр жан,
Бір жігіт бар — тірі жан,
Бір жігіт бар — жігіт жан,
Құр жан дейтін жігіт —
кеудесінде жаны бар, еш нәрсені бітірмейді.

Тірі жан дейтін —
бар тапқанын киім мен асқа сатар,
жақын көрген досын жатқа сатар,
Қызыл белбеу, шоңқима етік, үкі тағып,
әркімді бір сықақ кылар,
Жігіт жан дейтін жігіт — сегіз қырлы, бір сырлы болар” [3].

Ақын бұл жырында, адам бойындағы үш түрлі мінезді бейнелейді. Біріншісі кеудесінде жаны бар, бірақ еш нәрсені де бітірмейді, кеудедегі жанының еш нәрсеге талабы жоқ, жаны тәнге құл болған образды бейнелесе, ал екіншісі, өткінші өмірге мас болып, қызылды — жасылға қызығып, достыққа да берік емес, оның жұмысы елді сөз қылу, Абай Құнанбайұлының тілімен айтсақ “Еңбекпен етті ауыртпай, Құр тілменен жиғаны, Кекектеп секек етем деп, Шошқа туар сөздері”. Үшінші образдағы адам, нәпсісін билеген, жүрегі таза, әрекеті берекелі жан десе керек. Жалпы адам баласының кемшіліктерге бой алуы неліктен, мүмкін өзін өлместей сезінгеннен шығар, ол туралы:

“Өлімнен құтылмасың қашсаң-дағы,
Атадан арыстан туып ассаң-дағы,
Алладан шыныменен жарлық келсе,
Жұлдыз да жерге түсер аспандағы.
Жігіттер, ғибадат қыл, маған нансаң,
Намаз оқы, алланы ойыңа алсаң,
Қырық жыл қашқан ажалдан Қорқытта
Түбінде сөз сенікі, өлмей қалсаң” [3].

Адам баласы бұл өткінші өмірде жолаушы, Ерте ме? Кеш пе? Ол бұл дүниеден ақыретке аттанатынын айтып отыр. Себебі жаратушы адамды бұл дүниеге сынау үшін жіберген. Ол жөнінде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Дүниеден абай болыңыз, себебі ол Харут пен Маруттан да үлкен сиқыршы» [5] деп ескерткен. Ақынның дүние мен ақырет туралы көзқарасын мына бір жырдан байқауға болады:

“Дүние деген шолақ депті,
Жан кеудеге қонақ депті,
Ақырет деген бір киім
Алып қайтар сол-ақ депті.

Дүние деген осы,
Ешкімнің емес досы,

Әдебиет:

1. Әуезов, М. Әдебиет тарихы. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 240б.
2. Қазақ ақын-жырауларының философиясы: Ғылыми басылым / ғылыми ред. С. Е. Нұрмұратов. — Астана, 2008.
3. Мағауин, М. Шал ақын // Ақиқат, 2005. № 4
4. Жұмабаев, С. Өлеңге тоқтамайды Шал дегенің. — Алматы, 2003.
5. Күнтізбе. — Алматы: Көкжиек, 2011.
6. Қазақ философиясы: Оқу құралы / С. Б. Балшикеев, Б. Қ. Рақымжанов, Ж. А. Тусупбеков; Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті. — Қарағанды: ҚарМТУ баспасы, 2013. — 125б.

Болар еді досы,
Аумаса егер қосы.

Дүниеге қызығамыз несін біліп,
Аз күнгі қызығына есерленіп,
Жалаңаш кеп, жалаңаш қайтамыз ғой,
Мойынға төрт қары бөз тесіп іліп” [3].

Ақынның өлеңдерінің көбі мақал-мәтел, нақыл сөздерге, діни ұғым, бейнелі сөз тіркестеріне толы. Ақын өзі өмір сүрген дәуірдің өзекті мәселелерін жырлаған. Ол — ел басқару жүйесі, билік айту, отбасы, адамдардың мінез-құлқы, жақсы-жаман қылықтары, жастық, қарттық, кісілік табиғаты, жалпы өмір сүру философиясы, т.б. Осылардың бәрін ол поэзия қуатымен әрлендіре суреттейді. Мысалы:

Жастарға бақыт, байлық ден сау болса,
Тауфиқтан айырылады жемсау болса,
Ер жігіт қапалықпен қартайды,
Қатын жаман, мінген ат қырсау болса.
Жастарға жақсы есім молла деген,
Арамға жарамайды алла деген,
Белінді тәуекелге бек байласаң,
Бөрі мен ер азығы жолда деген.

Болашақ мамандардың кәсіптік мәдениетін қалыптастырудың негізі

Тусупбекова Эльмира Курманбаевна, педагогика ғылымдарының магистрі;
Нуржанова Карлыгаш Канагатовна, педагогика ғылымдарының магистрі;
Жетпісбай Шолпан Аханқызы, педагогика ғылымдарының магистрі;
Қулейменова Лайла Мадениетовна, педагогика ғылымдарының магистрі
Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы

Бүгінгі күні білім беру жүйесінде болашақ мамандарды даярлау саяси, экономикалық және мәдени салаларда жаңа қоғамдық қатынастарға өту жағдайларына ие болуда.

Ғаламдандыру күннен күнге өсіп келе жатқан халықаралық бәсекелестік қоғамда болып жатқан өзгерістердің ауқымы мен қарқынының өсуі білім беру саласының, мемлекет дамуының басты факторына айналуына себеп

болды. Ұлтымыздың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов «Білім біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік сол білімді іске асыра білу дағдысы», — деп бекер айтпаған. Қазіргі таңда еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті — білім берудің ұлттық моделіне өту арқылы жеке тұлғаның білім деңгейін халықаралық дәрежеге жетелеу.

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама-

сында «Қазақстандағы білім беру реформаларының ортақ мақсаты білім беру жүйесінің жаңа әлеуметтік — экономикалық ортаға бейімделуі болып табылады» делінген. Жеке тұлғаның дамуының, мәдениаралық алмасулардың, пікірін еркін білдірудің, жаңашыл жобаларды, шығармашылық ойларды іске асырудың түпқазығы ретінде Қазақстанда қолайлы орта қалыптасқан. Бұл, өз кезегінде, жас ұлттың талаптары мен қызығушылығына барынша жауап беретін білім берудің прогрессивті жүйесін қалыптастырумен анықталады. Осылайша Қазақстанның қазіргі даму кезеңінде білім беру негізгі роль атқарады [1,76]

«Қазақстан Республикасының 2005—2010 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында» орта білім берудің мақсаты-алған білімінің, кәсіби дағдыларының негізінде өмірдің өзгермелі жағдайларында еркін бағдарлай алатын, өзінің білімін дамытуға, сол алған білімі арқылы өз мүмкіндіктерін іске асыруға және адамгершілік тұрғыда өз бетінше дұрыс, жауапты шешім қабылдауға қабілетті тұлға қалыптастыру екендігі баса айтылған.

Демек, білім беру туралы тұжырымдамада белгіленген артықшылықтарға сәйкес, мемлекеттің әлеуетін анықтайтын бәсекеге қабілетті, құзыретті мамандарды даярлау білім беру жүйесінің ерекше міндеті деп аталған [2,306]. Біз атап өткендей, даярлық деңгейі жоғары мамандар үшін педагогикалық даярлықсыз және педагогикалық білім, дағдылар мен шеберліксіз мүмкін болмайтын тәрбие беру функцияларын орындайтын жүйені қажет етеді. Яғни, ол тұлғаның жалпыланған сипаттамасын анықтайтын педагогикалық мәдениет болып табылады. Жас ұрпаққа білім — тәрбие беру барысында тиімді өзара әрекеттесу үйлесімді, табандылықты қажет ететін қабілеттілігін көрсетеді. Соған орай, жоғарғы оқу орындарының студенттерін кәсіптік даярлаудағы қатынастың алатын мәні зор.

Бұл проблемаға назар аударған Г.М. Андреева, И.А. Зимняя, Е.И. Исаев, Е.И. Рогов, В.В. Рыжов, В.И. Слободчиков, И.П. Шкуратова және т.б. ғалымдардың ғылыми зерттеулерінде қатынас теңдессіз іс — әрекет, ерекше текті іс-әрекет түрінде беріледі.

Ғалым Г.М. Андреева, әр түрлі көзқарастарды қоса отырып, қатынастың кез келген түрлері дегеніміз адамдардың бірлескен іс-әрекетінің ерекше түрлері деп атап өтеді: адамдар әр түрлі қоғамдық функцияларды орындау процесінде жай ғана араласпайды, сонымен бірге олар қандай да бір іс-әрекетке қатынасады, іс-әрекеттің қатынас арқылы жай ғана ұйымдастырылмайтыны жөнінде онда адамдар арасында жаңа байланыстар пен қатынастар пайда болады. «Қатынас дегеніміз адам қатынастарының бүкіл жүйесін іске асыру... Қатынассыз адамзат қоғамын болжау мүмкін емес. Қатынас онда тұлғаларды цементтеу тәсілі ретінде және сонымен бірге осы тұлғалардың өздерінің даму тәсілі ретінде болады» [3,3766].

Қатынас пен іс-әрекет ұғымдарының ара қатынасын Р.С. Немов қарастырған [4,6886]. Оның пікірінше, адамның белсенділігі түрлері ретінде іс-әрекет пен қа-

тынас арасында айырмашылықтар бар болады. Әдетте іс-әрекет нәтижесі қандай да бір материалдық немесе идеалды өнімді (бұл — идеяны, ойды тұжырымдау) жасау нәтижесі болып табылады. Қатынас қорытындысы — адамдардың бір-біріне өзара әсер етуі, іс-әрекет — адамды дамытатын белсенділік түрі ретінде, ал қатынас оны тұлға ретінде қалыптастыратын белсенділіктің зияткерлік түрі болады. Іс-әрекет — адамның дербес түрленуіне, ал қатынас оның зияткерлік дамуына қатысады. Сондықтан Р.С. Немов бойынша, іс-әрекеті және қатынасты адамды дамытатын әлеуметтік белсенділіктің өзара байланысқан жақтары ретінде қарастыруды керек етеді.

И.А. Зимняяның анықтамасы бойынша, қатынас — бұл «төтенше кең және сыйымды ұғым. Бұл ұғынылған және ұғынылмаған вербальды байланыс, ақпаратты беру және қабылдау, бұл барлық жерде және ылғи да байқалады. Қатынас көп жүзді: оның көптеген нысандары мен түрлері бар».

Ол «қатынастың өзі іс-әрекет емес, ал қоғамдық-еңбек қатынастарында іс-әрекеттің әр түрлерімен айналысатын адамдардың өзара әрекеттесу нысаны» деп айрықша баса айтады. Өзара әрекеттесу нысаны адамдар іс-әрекетінің қоғамдық-коммуникациялық сферасында пайдаланылатын құралдарға байланысты болады. Адамның тіршілік әрекетінің жалпы мақсатының өзгеруіне байланысты әрекеттесудің өзара байланысқан және өзара қамтамасыз етілген үш сферасы ерекшеленеді: қоғамдық-өндірістік (еңбек), танымдық (таным) және қоғамдық-коммуникациялық (қатынас) [5, 3846].

Психологияда қатынас «ақпаратпен алмасу, бірыңғай өзара әрекеттесу стратегиясын жасау, басқа адамды қабылдау және түсіну кіретін, адамдар арасында бірлескен әрекеттің қажеттіліктерімен тудырылатын байланыстарды анықтаудың және дамытудың күрделі көп жоспарлы процесі» ретінде түсіндіріледі [6, 2136].

Жоғарыда айтылғандарды жалпылай келгенде қатынастың әмбебап, мінсіз процесс болып табылатынын түсіндіруге мүмкіндік береді, ол ақпаратты алу және түрлендіру көзі, адамдар арасында байланыстарды орнату және дамыту процесі болып табылады; қатынас арқылы адамдар іс-әрекетінің әр түрлерін ұйымдастырады, тәжірибесімен, білімдерімен, еңбек нәтижелерімен алмасады, өзара түсіністікке қол жеткізеді, мақсатқа сәйкес әрекеттер бағдарламасын жасайды, бір-біріне өзара әсер етеді. Қарастырылған көзқарастарды біріктіріп, қатынас мәнін өзара әрекетті, өзара түсіністікті, өзара әсерді қамтамасыз ететін, мақсатқа бағытталған және ақпараттық-энергетикалық процестердің өзгеше жүйесі ретінде анықтауға болады, олардың барысында серіктеске және шындыққа қатысты айқындалатын, мәдениет пен адамдардың қауымдастығы негізін құрайтын, танымдық және эмоциялық-бағалау сипатты ақпаратпен алмасу болады. Қатынас шарттарына байланысты іс-әрекеттің ерекше түрі ретінде, іс-әрекеттің шарты ретінде, іс-әрекеттің бір бөлігі ретінде, құрал ретінде немесе белсенділіктің дербес

нысаны ретінде, зияткерлік және адамгершілік даму негізі ретінде алға шығады.

Мәселен қатынастың жеке және әлеуметтік сипатта болуы оның, субъект-субъектілік, субъект-объектілік, объект-субъектілік, объект-объектілік болуы мүмкін екенін көрсетеді. Қатынасқа көзқарасты жалпылап қорытсақ онда, педагогикалық қатынастың талаптары оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктерін ескеруді қажет деп санайды.

Біздің ойымызша, әлі күнге дейін мектептің, жоғары оқу орындарының және педагогикалық ғылымның педагогикалық мәдениетті қалыптастыру міндетіне көңіл бөлмеген деп пайымдау артық десек, онда оқушыларды, студенттерді және болашақ мамандарды тәрбиелеу олардың педагогикалық мәдениетін қалыптастырудың бірыңғай тұжырымдамасы, оның әдістемелік қамтамасыз етілуі, тарихи-педагогикалық талдауы жеткіліксіздігінен көреміз. Сондықтан біздің қоғамда педагогикалық мәдениетті қалыптастыру проблемасы білім беру саласындағы басым бағыттардың бірі болып отыр. Осы проблеманы зерделеу үшін оны мәдениет теориясы бойынша әдебиетте анықтауға қандай амалдар бар болатынын айқындау қажет. Кейбір зерттеушілер оны — адамның әрекет ету тәсілі, басқалары — адам шығармашылығының процесі ретінде, үшіншілері — адам іс-әрекетіндегі маңызды күштерді іске асыру шарасы мен тәсілі ретінде, төртіншілері құндылықтар жүйесі және оларды іске асыру процесі ретінде анықтайды.

Біз А. В. Стремуховтың пікіріне қосыламыз, «мәдениет» ұғымына Ю. П. Ожегов те аса сәтті анықтама берді: «Мәдениет — бұл адамдардың әлеуметтік құндылықтардың дамуын меңгеру бойынша шығармашылық әрекетінің тәсілі және нәтижелері, онда қоғам мен тұлғаның прогресі айқындалады және олардың арқасында қамтамасыз етіледі». Басқаша айтқанда, мәдениет, айталық, іс-әрекеттің заңды немесе педагогикалық және оған ұқсас түрлерімен қатар, оның ерекше түрі ретінде емес, оның кез келгенінің сапалық сипаттамасы ретінде қарастырылады. «Мәдениет қоғамдық өмірдің бөліктерінің бірі, адамдар өмірінің жеке сферасы болмайды. Мәдениет олардың сапалық сипаттамасы ретінде қоғамдық өмірдің барлық салаларына тән».

Тұлға мәдениеті — бұл оның маңызды күштерін, материалдық және рухани құндылықтарды жасау және тұтыну бойынша шығармашылық іс-әрекетінде оларды іске асыру тәсілдерін дамытудың жоғары дәрежесі. Демек, тұлға мәдениеті маңызды күштердің бар болуымен және олардың даму дәрежесімен сипатталады. «Адамның маңызды күштері» деген не? — деген сұрақ туындайды.

Одан адамның маңызды күштерінің тең оның іс-әрекетіне ғана және ең алдымен, еңбегінде айқындалуы мүмкін екендігі туралы куәландырады. Адам әлемді тек еңбек арқылы түрлендіреді және өзінің күштері мен қабілеттерін заттандырады. Осыдан, «іс-әрекет» категориясы «мәдениет» категориясынан ажыратылмайды, не болмаса «ол мәдениет механизмі — әлеуметтік тәжірибені жалпылау және бекіту нәтижелері мен құралдары

арқылы программаланады және жүзеге асырылады». Осыдан «әрекеттесу тәсілі» ұғымы теорияны негіздегенде және мәдениет феноменін сипаттағанда базалық категория ретінде қабылдануы тиіс екендігі шығады.

Мәдениетті зерделеу, адамның жеке ерекшелігін қарастыра отырып, педагогикалық мәдениетті дамытудың негізгі бағыттарын да заңға сыйымды қамтамасыз етті. Кез келген азамат іс-әрекетінде және қатынас процесінде оқыту, тәрбиелеу және әрине, мәдениет тұрғысында ең жақсысын алуға тырысады. Берілген жағдайда мәдениеттің дамуы тұлғаның қоғамдық тіршілік әрекетінің кез келген саласында дамуымен сәйкес келеді. Осы айтылғандарға орай, тұлғаның педагогикалық мәдениетін талдау оның әдіснамалық мәні үшін қажет. Философиялық білім құрылымының түсінігін, зерттеу тақырыбының өзгешелігін назарға алып, әдіснамаға, гнесеологияға, диалектикалық логикаға, әлеуметтік философияға, сондай-ақ ғылым философиясына сүйенеміз. Зерттеу негізіне таным теориясының, философиядағы ғылыми таным теориясының маңызды сипаттамасы қабылданған.

Адамзат факторы рөлінің жоғарылауымен мәдениет макиологизациясы тенденциясы, оған жақсы қасиеттер беру байланысқан. Мұнда мәдениет құндылықтар жүйесі және оларды іске асыру процесі ретінде айқындалады.

Философ-ғалымдар мәдениет ұғымында әр түрлі бөлімдерді ерекшелейді — бұл рухани және материалдық бөлімдер. Осыдан алғанда, материалдық мәдениеттің адам іс-әрекетінің бүкіл сферасын, оның нәтижелерін, қоғамның материалдық өмірінің және адамның жеке тіршілік ету жағдайларын тудыратынның барлығын қамтитыны шығады, ол өндірістік күштердің даму деңгейімен, қоғамның экономикалық құрылысымен анықталады, рухани мәдениеттің қалыптасу және даму базасын атқарады. Қазіргі уақытта әдебиетте кездесетін анықтамаларды кез келген тарихи кезеңге бөліп қарастыруға болады. Сондай-ақ болашақ маманның педагогикалық мәдениетіне сапалы жаңа талаптар қойылады. Басқаша айтқанда, педагогикалық іс-әрекет ретінде 20–25 жыл бұрын саналғанды және қазір саналатынды бірдей анықтауға болмайды. Жүйелік-құрылымдық амалдың зерделенетін құбылыстарға қойылатын талаптары және зерттеу міндеттері бізді, оларды бір мезгілде пән ретінде де, тәрбие берудің нәтижесі ретінде де қарастырып, онда оның құраушыларының маңызды элементтерін көрсету арқылы педагогикалық іс-әрекет анықтамасын шекті нақтыландыру қажеттілігіне келтірді.

Педагогикалық мәдениеттің негізгі элементтеріне: психология-педагогикалық білім және білімдарлық; педагогикалық бағытталғандық (өзгеше кәсіптік қатынастар, көзқарастар мен нанымдар жүйесі); педагогикалық бағытталған қатынас және тәртіп; оқу және тәрбие берудің нәтижелі және шығармашылықпен үйлестіре білу; тәрбиелеушінің педагогикалық іс-әрекетіндегі кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттерінің жиынтығы; үнемі өзін-өзі кемелдендіруге ұмтылу (өздігінен білім алу және өзін-өзі тәрбиелеу) және т.б. жатады.

Білімділік мәдениеттіліктің маңызды алғышарты болғанымен, бұл екі ұғымның арасында елеулі айырмашылық, белгілі алшақтық, кейде тіпті қайшылық бар. Ғылымның бет алды дамуы, шектелмеген техникалық әрекет мәдениетке үлкен нұқсан келтіруі мүмкін. Тек жоғары деңгейде мәдениеті бар өркениет ғылым мен техниканың дамуындағы теріс салдарларды бейтараптандыра алады. Егер біз ғылым арқылы шындықты ашсақ, өнер арқылы әсемдікке ұмтыламыз, ал моральдық таным арқылы — жақсылық пен жамандықты айырамыз.

Қорыта келгенде, кәсіптік мәдениеттің, кез келген басқа мәдениеттің сияқты, жетілу шегінің жоқ екен-

дігін атап кету керек. Педагогикалық қатынас қоғамның дамуына қарай оның сапалық деңгейі және практикалық маңызы үнемі артып отырған және болашақта да артатын болады. Қатынас мәдениетінің қалыптасуы қоғамның барлық педагогикалық жүйесінің дамуы мен жұмыс істеуі үшін орасан зор мәні бар. Тұлғаның педагогикалық іс-әрекетіне әсер етіп, педагогикалық мәдениет сонымен бірге мемлекеттік қызмет орындарында, мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың іс-әрекеттеріне де әсер етеді. Өзара азаматтардың арасында, адамдарда мәдениетке деген құрметті — тәрбиелеумен байланысты қыруар жұмыс жүргізу міндеті тұр.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2010. — 7б.
2. Концепция государственной политики в области образования // Учитель Казахстана. — 2005. — № 9 — с30.
3. Андреева, Г. М. Социальная психология: учебник / Г. М. Андреева. — М.: Аспект пресс, 1998. — 376с.
4. Немов, Р. С. Психология. В Эх.кн. Кн. 1: Общие основы психологии / Москва, 2009. — 688с.
5. Зимняя, И. А. Педагогическая психология: учебник для вузов / М.: Логос, 2004—384с.
6. Краткий психологический словарь / под ред. А. В. Петровского. — М., 2005. — 213с.

Молодой ученый

Научный журнал
Выходит два раза в месяц

№ 13.3 (93.3) / 2015

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Главный редактор:

Ахметова Г. Д.

Члены редакционной коллегии:

Ахметова М. Н.
Иванова Ю. В.
Каленский А. В.
Куташов В. А.
Лактионов К. С.
Сараева Н. М.
Авдеюк О. А.
Айдаров О. Т.
Алиева Т. И.
Ахметова В. В.
Брезгин В. С.
Данилов О. Е.
Дёмин А. В.
Дядюн К. В.
Желнова К. В.
Жуйкова Т. П.
Жураев Х. О.
Игнатова М. А.
Коварда В. В.
Комогорцев М. Г.
Котляров А. В.
Кузьмина В. М.
Кучерявенко С. А.
Лескова Е. В.
Макеева И. А.
Матроскина Т. В.
Матусевич М. С.
Мусаева У. А.
Насимов М. О.
Прончев Г. Б.
Семахин А. М.
Сенцов А. Э.
Сенюшкин Н. С.
Титова Е. И.
Ткаченко И. Г.
Фозилов С. Ф.
Яхина А. С.
Ячинова С. Н.

Ответственные редакторы:

Кайнова Г. А., Осянина Е. И.

Международный редакционный совет:

Айрян З. Г. (Армения)
Арошидзе П. Л. (Грузия)
Атаев З. В. (Россия)
Бидова Б. Б. (Россия)
Борисов В. В. (Украина)
Велковска Г. Ц. (Болгария)
Гайич Т. (Сербия)
Данатаров А. (Туркменистан)
Данилов А. М. (Россия)
Демидов А. А. (Россия)
Досманбетова З. Р. (Казахстан)
Ешиев А. М. (Кыргызстан)
Жолдошев С. Т. (Кыргызстан)
Игиснинов Н. С. (Казахстан)
Кадыров К. Б. (Узбекистан)
Кайгородов И. Б. (Бразилия)
Каленский А. В. (Россия)
Козырева О. А. (Россия)
Колпак Е. П. (Россия)
Куташов В. А. (Россия)
Лю Цзюань (Китай)
Малес Л. В. (Украина)
Нагервадзе М. А. (Грузия)
Прокопьев Н. Я. (Россия)
Прокофьева М. А. (Казахстан)
Рахматуллин Р. Ю. (Россия)
Ребезов М. Б. (Россия)
Сорока Ю. Г. (Украина)
Узаков Г. Н. (Узбекистан)
Хоналиев Н. Х. (Таджикистан)
Хоссейни А. (Иран)
Шарипов А. К. (Казахстан)

Художник: Шишков Е. А.

Верстка: Голубцов М. В.

Статьи, поступающие в редакцию, рецензируются.
За достоверность сведений, изложенных в статьях, ответственность несут авторы.

Мнение редакции может не совпадать с мнением авторов материалов.

При перепечатке ссылка на журнал обязательна.

Материалы публикуются в авторской редакции.

АДРЕС РЕДАКЦИИ:

420126, г. Казань, ул. Амирхана, 10а, а/я 231.

E-mail: info@moluch.ru

http://www.moluch.ru/

Учредитель и издатель:

ООО «Издательство Молодой ученый»

ISSN 2072-0297

Тираж 1000 экз.

Отпечатано в типографии издательства «Молодой ученый», 420029, г. Казань, ул. Академика Кирпичникова, 26